

АПБАЗ  
ҚАРАЖІГІТОВ

# ШАҚПАҚ



АПБАЗ  
ҚАРАЖІ ГІТОВ

# ШАҚПАҚ

Повестер



АЛМАТЫ  
«ЖАЛЫН»  
1983

Каз2  
К 41

Пікір жазған С. Досанов

Қаражігітов Абзас.  
К 41      Шақпак: Повестер.— Алматы: Жалын, 1983.—  
108 бет.

Автор шығармаларында халықымың бастаң откерген тарихи оқиғаларды сүреттейді.

Ұлы Октябрь революциясы алдындағы қазақ аулының бейнесі, тап тартысы, сондай-ак Ұлы Отан соғысы кезіндегі партизандардың ерліктері оқушының көз алдынан етеді.

К 70303—169  
408(05)83 109—83—4702230200

Каз2

© «Жалын» баспасы 1983

## ШАҚПАҚ

— Шырағым, Зәкір, сені қолқалап осы сапарға ертіп жүргуімнің бір ғана сыры бар еді. Оқығаның, тоқығаның бар, зерделі, казитке мақала жазып жүрген азаматсың. Ел мен жер тарихын, ерек туған азамат өмірін зерттеп жүрген жастың бірісің. Осы өтінішімді орында,— карт үні бірден өзіне елең еткізді,— өзіне ғана айтатын бір шежіре сырым бар.— Жаңағы,— дед, жанжағына бойлай қараған ол, шоқша сақалын тарамдап аз ойланды,— жер болып кеткен бейітте менің бауырларым жатыр. Олар осы төңіректегі елге аты әйгілі қаралы оқиғада қаза болған шейіттер. Сол ел ардақтарына бір ескерткіш орнату ежелгі арманым еді. Бірақ оның ретін келтіре алмай-ақ қойдым. Бұл ізгі мақсат — ата-бабасын қадірлекен бүгінгі сезімтал да мәдениетті үрпақтың еншісі. Мен орнаты алмаған, арманым болған сол ескерткішті сен орнат, шырағым. Ол өзі желге тозбайтын, күн қызыу жемейтін, қар мен жаңбыр суы алмайтын, әрі зәулімдігімен көз тартатын болсын. Бірақ соны қандай мәрмәр тастан соғар екенсің, оған керекті құрылыс материалын, қарағым, өзің тап, ал мен өзімде барды саған табыс етейін,— деді. Мен үнсіз басымды

изедім. Ол ойлы қалпын бұзбастаң, ұзак сөйлеп кетті.  
— Уақыт, тұлпарсың-ау шіркін!

Нұрбай қарт осы сен тындалп отырмысың дегендей маган бұрыла қарады да, сөзін қайта жалғастырды.— Осы Қаражар бауырына алғаш қыстау салған жыл. Жарықтық Сарыарқаның ақпаны мен қантары қай кезде шаруаға қолайлы болған. Несерлетіп, жаңырлатқан күз арты төпей жауған қалың қарға ұласты. Атырап аз күннің ішінде аксұмекке көпсіді де қалды. Бірақ сол үлпілдеген ақ мақта дала кенеттен алай-тұлей, астан-кестең шығып, тулас бір кетті-ау... Сарнаған жел ала-пат күшпен ойда орғып, қырда қарғып қойын-конышына қар толтырып, аһылап-үхілеп безек қақты. Оқпанына түскеннің бәрін түтіп, тырнағымен осқылап өрекпі жөнелді. Беймәлім алыста, жер түкпірінде, арыстан ақырып, аш бері ұлығандай. Он жетіге жаңа ғана шыққан жасымда мұндай сұрапылды бірінші көруім. Зікір салып, қобызын сарнатқан көзге көрінбейтіп бақсы ма дерсін.

Әлі есімде, желтоқсанның бас кезі. Үлкен үй — Жақсымбеттікі соғым сойған күн. Бір тұқымның өсіп-өнген, енші алған, батагөй, дарқан ұясы, ата төсегінің қасиетті орны — бұл. Ол үйдің шаруасы да басқаға қарағанда мол етектілеу, сорпасының беті майлы, қазаны қаспақты. Сонысина баға ма, ол үйге қонақ та көп келгіш.

Бүгін шағын ауылдың бала-шагасы сонда соғым со-йысып, ет бұзысып, ішек-карын аршысып, қолғабысын тигізіп, абыр-сабыр болып жатыр. Қазіргідей өмір қайда ол кезде. Даланың тағысындағы қыр қазағының рақат күні кемде-кем заман. «Жарлының бір тойғаны — шала байығаны» деп, алғаш соғым сойылған үлкен үйге жиналғанбыз. Қазан астында жыңғылдың томары сыйтыр-сыйтыр қыза жанады. Мұндайда әлекедей жаланып кететін әйелдер отты көсей түсіп, маздатып жіберген. Жас еттің көбігін алып, бір жағынан, қазан бетінен май қалқып, мәре-сәре. Далада — боран, үйде — жаз. Төр-

де өзім өмірімде бірінші көрген кәрсесін шам қалт-құлт шалқып жаңып түр.

Арқаларына сыз өте ме, әкем де, Жақаң да иықтарына сен-сен тондарын жамылып, шаруа жайын әңгімелеп отырған. Осы кезде үсті-басы ақ қырау болып, бейтанаис біреу үйге ене берді. Еркін басып, дауыстап сәлем бере кірді. Үні зор, жүріс-тұрысы ширак, қою сақалмұртты, қоңқақ мұрынды, ала қөздеу кісі. Түйе жүн шекпенін, түбіт бөкебайын шешіп, тері шалбар, шағын тонымен сидаң-сидаң басып, төрден орын алды. Бәріміздің көзіміз бейтанаис кісіде.

— Сақа, жол болсын,— деген үлкендерге:

— Элей болсын, ел арасы,— деп қысқа жауап қаты да, ары қарай даусын көтере сөйлей жөнелді.— «Адамның басы — алланың добы» деп бұрынғылар дұрыс айтты. Қырық бес жылдық өмірінде жел қуған қаңбақтай шығанға шығып, адасқаным да осы шығар. Бүкіл дүние көз алдында әлі дөңгелеп түр. Қара басты мені. Қара басты! Қара басқаны емей не, өмірі болмаған, басымнан кешпеген жағдай — бұл. Көзімді таңып тастанап, орнында шыр айналдырып, қараңғы түнде қоя берсе де, бір көрген затты жазбай табатын мына мен есімнен адастым ба, білмеймін. Маған бірдене көрінетін шығар, шамасы. Құдайдың желі де бағдар бермей, біресе оннан, біресе солдан шығып, мың құбылды. Айнала — ақ шымылдық. Топан судай тасыған екпінді үскірік үйіре соғып, теніздегі жалғыз қайықтай айдаپ кетті. Жаңа ғана мағұрыптан мәшүрілке келгендей, Қенгірдің қалың тоғайына енгенімді бір-ақ білдім. Бұл сұрапыл, сірә, бүгін-ертең басыла қоймас. Расында да, Жақсымбет аға, мына мен осы сіздікінде отырмын ба? Әлде...— Үй ішін тінте қараған ол, бәрімізді ду күлдірді.

Жақаң мына сөзге таң-тамаша қалғандай басын изеп, Сагымнан көз алмай ұзак қарап отырып қалды. Тіл қатқан жоқ.

Үйдің ішіне сәл болса да тыныштық орнаған осы сәтте жағалай қолға су құйылып, дастарқан жайып, ортаға буы бүркүрап етке толы астау келе берді. Соғым сойған күні қазаныңды толтыра ас, түбінде шеміршек, астауында ет қалсын, соғымың берекелі болады дейтін қазақ емес пе, жас түйенің семіз еті, жүрекке шық ете қалатын көкпенбек өркеш майы астауда былқып жатыр. Әсіресе ми шұжық! Турамыштаған жұмсақ етке араласқан ми. Жеңді білектей ішекке салынып, іісіріліпті. Тәбеті қозып, сілекейін жұтқан бір қауым адам табаққа жұтына қарап қалған еді. Жақаңның:

— Дәм алыңыздар,— деуі мұң екен, отырғандар астауға ашқараптана қол салды. Олар әнгімен тартылып, үнсіз тамақтанды.

Ет желініп, отырғандар дастарқаннан шегінісе бастаған. Осы мезетте Сағым бір шаруамен асығыс жүргегін айтып, үй иесінен рұқсат сұрады.

— Сақа-ау, өзің адасып жүрмін дейсің. Сөйте тұра мына ақ түтекте тағы қайды бармақсың?— деді Жақан салқын раймен.— Боран басылған соң, күн ашықта жүрсөн де болады фой.

— Құдайдан...— деді Сағым бата жасап, орнынан қозғала беріп, бойым жылының, ішке ел қонды, он-солымды айырып алғандаймын, енді адаса қоймаспын...

Сағым үйден шығып кетісімен-ақ отырғандар:

— Әлгіні сор түртті ме, мына күннің түрі жаман, жазым болмаса игі еді,— десті.

Айтқандары айнымай келіп, Сағым адасып, үсіп өлді. Сірепін қатып қалған денесі ауыл іргесінен табылды.

— Бұл тәнірге не айтайын! Жала боп жабыспаса не қылсын,— деді Жақсымбет өлікті көргенде. Даусы күйзеліп, мұқалып шықты.

Азғана ру жанғабыл-сапаққа жасын ойнатқан қара бұлт сол жылы осылай кеп төнген еді. Бұл өнірді мекен-деген бір тайпа елге дау-дамайымен әйгілі болған қара-

лы оқиға талай жылға созылып, үзілмей келе жатқан айтыс-тартысты қайта қоздатты. Әмірі жүріп, айтқаны болып тұрған Адыrbай болыс көктен тілегені жерден табылғандай, азулы жыртқыш етіп өсірген қолбала үрысы Сағымның құнын жоқтаушы болып шыға келді. Жақсымбет құні кеше ғана мұның үстінен оязға арыз берген-ді. Қара халықтың сөзін сөйлеп, ел ішінде беделді болып жүрген. Енді содан кек алатын сәт келді-ау деп қуанды Адыrbай. Қөп кешікпей орта тоқсанның қызыл шұнақ аязды қундерінің бірінде боздағымды ата-бабамның қорымына қойғызамын деп, оның сүйегін жерлекен жерінен қаздырып алдырды да, Жақсымбетке сөз салды. Өз билігін өзі айтсын, қара қылды қақ жаратын әділ би де, ақылды да өзі. Айыпты да өзі. Арысымды өз қолымен өлтірді, кінәны өз мойнымен көтеріп, құнын да өзі кессін. Болмаса тұрар жерін айтсын. Аянарамын жоқ!»— болды. Адыrbайдың сөзі.

Ақыры, орта шілдеде жердің шебі пісіп, малдың да қаны толған шақта, Талмас әулие бейітінің тубіне үй тігіліп, осы дау ортаға тұсті. Беделдімін, сөзім өтеді, ақ пен қараны танимын дейтін, осы төңіректегі елге қадірі бар ру басы, би атаулы түгел келді. Талай-талай дәу қарын, бұғағы іскен шоң билер пысылдал, ырсылдал отыр. Шілденің де кемеліне келген шағы емес пе, төбeden төнген күннің қызызы күйдіріп барады. Қебі мына дауға берер ақылы, келелі кеңесі болмаса да, сыйраңдал жыртыс аңдыған кемпірдей әншійін пәленше не билік, не бітім айттар екен, соны естійін деген ниетпен сөз тындауға келгендер. Қебінің не кәсібі, ауыратын ауруы жоқ. Осындайда біреуге ши жүгіртіп, сөзден сөз, даудан дау туғызатын, үшқыннан өрт шығаратын ел пысықтары бұлар. Қасқыр қойды қырмаса, сауықсанга тاماқ қайда? Накты шешім-кесім айтылатын сәтке дейін өзара бірі олай, бірі бұлай деп, әр саққа сөз жүгіртіп өздерінше тон пішіп жатыр. Жүйрік атты, қақ сойылды, алты өрімді қамшысы, мылтығы сай, «аһ...

аһа»-лап айқайлаған топтың бүгінгі ортаға алар жауы да, аңдығаны да бір-ақ адам. Ол — Жақсымбет.

Сарысу өзенінің қалың жыңғылды, бидайығы үйис-кан сазды табанына тігілген ақ үйдің өзі ысып кетті де, билер сыртқа шұбыра шықты. Бірінің өнінде қаяу жоқ, өздерінше мәз, құлкі-әзілі жараса қалған. Олар енді өзеннің жар қабағына, жел өтіне шығып, жібек көрпедей жұмсақ қөгалға отырысып жатыр.

Осы сәтте қабақтары түксіп, қанын ішіне тартқан билер дүшпанын таптап тастардай айбар көрсетті. Қамшыларын қолдарына қыса үстап, әрқайсысы өз тізесінің астына баса отырды. Бәрінің көзі Жақсымбетте. Жақаң да кең кеудесін кере тастап, үстінгі ернін жымқыра түсіп, маңайымда кім бар дегендей, төңірегін бір шолып қойды.

— Е, Жақсымбет мырза, бүгін мына көпшілік ойда жоқта дау тауып, үйқыда жатқанда жау шауып, сонын бітіміне алдыңа келіп отыр. Болған оқиға құдайға аян, саған аян. О заманда, бұ заман қазақ сүйегін жоқтаусыз қалдырган емес, ол — ата-баба жолы, тәрелігін өзің айт!—деп, белгілі қоңыр даусымен сыңырлай жөнелді Ақтай би. Жан-жақтан Жақаң не айтар екен дегендей талай жуан мойындар созылып, құлактар қалқайды.

— Дұрыс айтасыз, Ақа,— деп, осы төнірекке тәбе би атанған Ақтайға ілтипатпен қарады ол.— Ойда жоқта дау тауып, үйқыда жатқанда жау шауып шерменде болған елің — біз. Жазым болса быламыққа тіс сынады дегеніңіз — осы,— дей беріп еді:

— Эй, мынаның быламығы не? Айбын мойындаудың орнына сөзді тұлкі бұлтаққа салғысы келіп отыр ғой...— деп күңкілдеген дауыс та естіліп қалды.

— Олай деме, Жақа, жөніңе көш. Сөздің тыйылымы қайсы, соны айт!— деп, Ақтай бір ырғалып қойды.

— Не жөн бар онда, жөні бұған дейін айтылған. Адыrbай болыстың алдында отқа қақталған терідей талай сілкілендім емес пе!? Болыс — ұлық! Ұлық алдын-

да арылмай, ақтығымды айтпай, енді не істеуім керек?

— Кісі өлтіріп тұрып минау қайтеді, ей! — Біреудің даусы қатты шығып кетті.

— Эне, естіп отырмысың Жақа, сол ұлығын, болысың не айтты? — деді Ақтай қатқыл ұнмен.

— Адам адалдығын, адамдығын айтады. Мен өзіміңдің кінәссыздығымды баяндадым. Әлі де сөзім — сөз, ойымнан шығаратын ештемем жоқ. Ал Адыrbайдың табатыны болса, айта берер... — деп, төңірегіне бұрыла қарады.

— Олай емес, Жақсымбет мұрза, арысы аттан құлап жатқан Адыrbайға жармаспа. Сағымды қалай өлтірдің? Мұна халайықтың сенен білмегі — сол! — деп, Ақтай оған одырая қарады.

— Е, бәсе, өстіп қыл сағаққа жармассаңшы. Жанды жері — сол.

— Шіркін, Ақан, — деген қошамет ундер дуылдал кетті.

— Тоқта, бөрінің күшігендей шуламай!!! — деп, орнынан атып тұрды Жақан, — мен Сағымның қазасына жазалы бола алмаймын. Менің күем — адалдық арым.

— Пәлі, сөзіңе болайын... — біреудің кекесін даусы тағы естілді.

— Мейлі сеніңдер, сенбендер, Сағым адасып өлді. Айтқан тілді алмады. Ұлып тұрған боранда асырыс шаруа бар еді деп, ет жеді де, шығып кетті...

— Қалай-қалай қыннан қыстыстырады... Өзі адасып келген адам, қайтып боранға беттеуші ме еді?

— Е, жан бермек оңай деймісін, — деген сөздер де естіліп қалды. Қүннің тамылжыған ыстығы қыздырып, қүйдіріп барады.

— Жақсымбет адалмын десе, жан берсін. Қолына құран үстасын! — деп дауыстады сырттан біреу.

— Уай, кісі өлтірген адамда жан бар, құдай бар дегенге итім сене ме, тоқта былай даурықпай, түге!

— Ақа, неге кідіріп қалдыңыз? Дінсіз адамға құдай-

дың да, құранның да қасиет-қадірі болмайды. Одан да төрелігін айта берініз,— деп, оның желке тұсынан Адыrbай болыс маңылдай үн қатты.

— Адыrbай, сен орынсыз адаспа! Құдай, құран дегениң атасы — адалдық, ар. Халық сеіміне онымен енбейсің. Басқа білмесе де жазымның не екенін сен білсең керек. Сағымның ажалы ешкімнің болжауынсыз, ойламаган жерде, жазымнан болды. Ендеше, адалдық-ка сен, жазықсыз жанды жәбірлеме! Эрі әкет алабұлігінді!— Жақаң айқайлап жіберді. Ақтай түсі ағарып, қолын көтерді. Онысы тоқта, тыыыл дегені еді. Орнынан белі үйғандаш шүбалаңдал, зорға тұрды. Сәл ойланғандаш жан-жағын барлап қарап алды да, өз шешімін айтып кетті...

Ол аузы қисық болса да бай баласы сөйлейтін заман еді ғой. Ақыры, сонымен тынды. Сөздің тоқ етері көнсөң де көнесің, көнбесең де көнесің деген қара құшке тірелді! «Сағым өлген жерде Құлжанның әuletі өзің ғана онаша болдың. Ойыңа келгенінді істедің, өзің мерт еттің. Бір елдің еркесі, жігіттің серкесі еді Сағым. Оның құны — жұз қара»,— деп,— бас би Ақтай кесімін айтқан. Оның бұл билігін ел билеген әкімдер мен «дуалы ауыз» билер түгел қостап, біреуі бармағын, біреуі мөрін басып, қолма-қол бекіткен.

— Бұл әділ билік емес. Қөп қорқытады, терең батырады, бұның аты — қиянат!— деген Жақсымбетке:

— Жоқ, өлтірген сен! Сен!— деп, ел билері бір ауыздан шу ете тусти. Билік сот үкіміндегі сол жерде күшіне енді. Орындау мерзімі де қыска — үш күн. Егер бұл билік осы мерзім ішінде орындалмаса, күш қолданамыз. Ерден ердің артық-кемі жоқ, басқа — бас, жанға — жан. Жақсымбеттің немесе Құлажан тұқымынан сондай бір боздақтың мойнына қыл арқан түседі.

Мұнша малды төләйді, қайдан алады? Басар жер, шығар тау қайда? Бар малды дегеніне екі-үш қана қара-құра біткен жанғабыл-сапақ аулы қиянат отына кү-

йіп, қайғы жұтып күңіреніп кетті. Не істемек? Әділдік айтатын, оқиғаның шыныдығына сенетін кім? Осындай түйікқа тірелген шақта, күші мен ірілігіне сенгек Адыrbай тағы кісі жіберіп:

— Жақсымбет малым жоқ деп қысылмасын, ел жақсылары айтқан бәтуә-білік бұзылмасын, қыздың құны—қырық жеті. Доланның баласы Салықбайға немере інісі Әжібектің бой жетіп отырған қызын берсін. Мың жылдық құда болсын. Арадағы қөніл мен жүректе қатқан кек қанмен емес, жанмен жуылсын депті. Долан—Адыrbайдың ағасы, ал Салықбай болса оның тілі жоқ, мылқау жалғыз ұлы еді. Әділдік пен адалдық қара халықтың көзіне көрінбейтін терең зынданда жатқан дәуірде ел әкімдері кімнің сөзін тыңдаған, кімнін зарын естіген. Мұнда да солай болды. Қөп кешікпей ежелден жоқ-жітік атанған азғана рудың тай-танасын Адыrbайдың алдына түсті. Жетпеген малдың бодауына менің туған апам Ақнұр Доланның мылқау баласына зорлықпен үзатылып кетті. Қара жон болып өртенген даланы құйындағы қопарған бұл қиянат бір дүйім елді улатып-шұлатып кетті. Барлы-жоқты малынан айрылып, өңеші жыртылғанша аңыраған аш бала мен ана зары ел әкімдерінің құлағына жетпеді. Қорлық пен зорлықтың бодауы болған Ақнұрдың сондағы сыңсыған үні, өксіген даусы әлі де құлағынан кетпейді. Бөрінің арқасындағы лактай болып есіл әпкем бел асып кете барды.

Ракаты аз, қасіреті мол күндер жөңкіген бұлттай жылжып өтіп жатты. Денеге шыққан шиқандай сай-сүйекті сырқыратқан осы дау-дамайдың оты өше бастады ма, бір күні әкем ойда жоқта Ақнұр апамдікіне барып қайтуға әзірленді. Тұңғыш баласы болған соң ба, әйтеуір, Ақнұр десе, әке-шешем ішкен асын жерге қоятын. Жанын үзіп, жүргегімен беріліп, күрмет тұтатын еді. Апам аулына әкеммен бірге мен және Ақтан—үшеуміз жүріп кеттік.

Сол жылы қыс та қатаң болатын. Қар ерте жауып,

жол бекіп, ел арасындағы қатынас үзілген. Біреудің біреу амандығын ұзын құлаққа талып жеткен сәлем арқылы ғана білісетін. Әсіресе құдасы Доланға мына кезде сәлем беріп көрісіп, Ақнұрдың мандайынан иіскең қайту әкеме қажыға барғаннан кем көрінбей келеді. Бауырын кім сағынбайды, апамды көруге өрекпіген көңіл менде де бар.

Қаражардың түбінен сонау Сарыкенгірге дейін бірнеше қонып, Долан аулына таяп келеміз. Аспан ақ шаңдақ, айнала аппақ. Қөзге ілінер нокат көрінбейді. Жалғыз аяқ таптаурын жол. Анда-санда ақсақ ойылған қасан қарлы жолда жаздай міністе болған көбенің аяғы да тым ауыр. Мына митің-митің өнімсіз жүріс әбден жалықтырып жіберді. Мен жан-жағыма елеңдеп қарап келемін. Өзеннің оң бетіндегі ауыл бірден өзіне назар аудартты. Кешқұрым шаруа жабдығында, тіршілік қамындағы адамдар көрінеді. Солай қарай самарқаулау иегін көтерген әкем:

— Мына көрінген Адыrbай болыстікі. Аулында деп еді, көріп тұрса, бұрылып сәлем бермеді дейтін бөлды ау,— деді атын тебіне түсіп. Онда не шаруамыз бар, Ақнұрдікіне тезірек жетейікші деген ой билеген мен:

— Апам аулы таяу ма? — дедім.

— Мұншама қашық болар ма? — дейді Ақтан, өзінің шаршағанын білдіре мені қостап.

— Міне, келіп те қалдық, ендігі қыстау солардікі,— деді әкем.

Құн батып, тұн туырлығы түнере көтеріліп келеді. Төңірек қараңғылана бастаған. Осындаі қысталалаң шакта біздің бүгін келетінімізді қайдан естіп біле қойғанын қайдам, әйтеуір, қыстаудың қарасы көрінер-көрінбестен басына желегін жамылып, Ақнұр апам қарсы алды. Бұл — ертеден бар дәстүр. Ұзатылған қыз туған аулынан келген туыс-туған жакындарын алдынан шығып қарсы алатын әдет барын білетінмін. Бірақ Ақнұр әпкем басынан желегін алмады, бетін ашқан жок. Неге

екенін қайдам, төменшіктең, даусын шығарып сөйлес-  
пей, алдымызға түсіп жол бастады. Айнала қап-қараң-  
ғы. Сөйтсе де маған Ақнұрдың бойы өсіп, денесі ірілен-  
ген сияқты көрінді. Экем де әлденеден сезіктенгендей  
қайта-қайта жөткірініп, Ақтан жаққа жалтақтай берді.  
Бір кезде:

— Ақнұр қалқам, шешең сәлем айтты... — деп еді, ол  
боздап қоя берді. Даусы қарлықкан ба, бір түрлі жат си-  
яқты естілді. Бірақ: «Қайтсін-ай әкемді, шешемді, мына  
біздерді сағына-сағына, жүдеп-жадап, даусы да қарлы-  
ғып, еңсесі түсіп кетіпт-ау...» деген аяныш сезім менің  
көнілімді босатып, еңкілдеп тұрып жылап жібердім.  
Менің бұл қылығым әкемді де толқытып жібердім-ау  
деймін. «Қарағым-ай, даусың қарлығып, еңсен түсіп,  
адам танымастай бол өзгеріп кетіпсін, деңің сау ма, ауру  
емессің бе, бет-аузында жаракат жоқ па?» — деді даусы  
дірілдеп.

Әкем екеуміз атымызды жетелеп, Ақнұрдың соңынан  
қатарласа ілестік. Кенет Ақтан айқайлап жіберді. Дау-  
сы сондай ызгарлы, ызалы шықты.

— Эжеke-ау, қайда барасыз? Жүрісі Ақнұрға ұқса-  
майды мынаның!

Ақтан оқтай атылып барып, әлгінің басынан желегін  
жулып алды. Анау да сойыл тиген қасқырдай қайқаң  
етіп, қарсы қарап тұра қалды. Мен сақал-мұрты сап-  
сиып, бет-аузы тыржиып кеткен жат біреуді көріп, шал-  
қамнан түсे жаздадым. Экем қап-қара болп түтігіп кетті.

— Долан алдымнан қызымды емес, масқарампазын  
шығарған екен фой! Соғұрлы не жаздым оған,— деп  
ысылдады ол,— әлде бұл — ағасы Адыrbайдың айтағы  
ма? Апыр-ай, сүйекке таңба болды-ау!

Әкем атына қарғып мінді де, әлгі масқарампазды то-  
былғы қамшымен дәл жауырынан тартып-тартып жібер-  
ді. Біздің де тұла бойымызды дүлей ашу биледі. Аты-  
мызға қарғып міндік. Ақтан екеуміз де әлгіні қамшы-  
мызбен бір-екі рет тартып өттік. Әлгі неме ине жүтқан

иттей ирелендел, қаша жөнелді. Біз аттың басын кері бүрдыш.

Ашуға булықтан әкем атына қамшы устіне қамшы салып, сұыт келеді. Мына қоңыр түнде Кеңгір өзенінің қарастырылған жаңыра күйінен ызырық желге айналған. Дүр сілкінген қыран қанатынан сіркірей төгілгендей жылт-жылт еткен даланың ақ қырышық қары сәл желдің өзіне сұрыла көшіп жатыр. Манағы керминың, ақ кірпік сулу табиғат енді үрпе-турпе кейіпке көшкен. Содан ба, кім білсін, құлазыған көңіліміз мынау қарлы даладай астан-кестен, аласапыран.

— Не бол қапты соншама, тоқтамайтын! — деген дауысқа жалт қарасам, қасында бір-екі адамы бар Адыrbайдың алыпкел-шауылкелі, қанды құрық, Ақсойыл атанған Бодықбектің өзі екен. Анада Ақнұрды алып кеттерде күйеу жолдас болып келген. Мен оны содан танимын. Қалыңың арасындағы кешпес сүр қарды ат бауырына сыздырып, біздің жолымызды төтелей кесіп келеді екен.

Әкем манағы қалпы: сол жүрісі жүріс, ештеңеге алаңдар, көңіл бөлер түрі жоқ. Мыналардың дабырласып жол тосып келе жатқанын елер емес.

Ақсойыл қатты екпінмен атын шоқырақтатыңқырап келіп әкемнің алдына көлденең тұра қалды.

— О, Әжеке, тоқтаңыз. «Ашу — дүшпан, ақыл — дос» деген бар. Бір ағаттық балалар тарарапынан болса болған да шығар, неге сонша морт сынып кеттің! «Бас жарылса — берік ішінде, қол сынса — жең ішінде» дегенді ұмыттайық, — деп омыраулай сөйлемеді.

— Уай, Ақсойыл, бұл шешендік сынар жер емес. Ар сынар жер. Жаным арымның садағасы деген жер!

— Е, не болты соншама? Бары — әлгі Қекжалдың Ақнұр келін бол көріскені ме? Құлсін дегені болар, — деп күж ете түсті Ақсойыл.

— Масқаралап күлмес болар жақын адам,— деп, әкем де ытырына қалды.

— Оған кектенетін ештеме жоқ. Тастаныз қияс ашуды!

— Сендерше ештеңе болған жоқ шығар. Маған жетті. Ақсойыл да тақымдап қояр емес:

— Эй, қу тұяқ кедей, жілігіне май жүгірейін деген екен.

— Эруақ аттаған оңбайды дегенді ол атаң мен бұл атаңнан естігенің жоқ па еді? Эруақты екі аттама, жур. Қайт былай! Қадірлегенді, касиеттегенді біл. Адекенің құрметті қонағы бол. Әдейі өзі жіберді,— деді, біраз жайды аңғартып.

— Осы сол Адыrbайдың мазағы емес пе! Оны мен білмеймің бе?! Екінші — кедейлігіме жетпе! Малым — арымның садағасы! Адыrbайдың жуындысына оналма! Сенің ар жақ, бер жағың маған белгілі.— Экем қамшысын екі бүктеп, білеп тұрып:— Адыrbайыңа айта бар, құрбысынан озғанмен құдайдан озбайды. Аты үнемі бәйгеден келе бермес. Адамға ғарасат майданынан екі өтпек жоқ. Бір емес, екі емес, қайта-қайта корлайтындай. Есіне Сагымның оқиғасы тұсті ме? Мұның артын да көрерміз,— деп, даусы тунгі ауада жаңғырыға шыққан ол атын тебіне берді.

— Эй, Әжібек, иттің басы сырлы аяқтан шоршып түседі деген фой мынауың. Ендеше, өл де қал. Адыrbай құдаңның сәлемі мынау:— Қайтсың, қайтпаса, ат қүйрығын кестім. Өзіне-өзі өкпелесін. Белдеспесін менімен. Қөресісін көрген, қайталатпасын оны,— деді деп, бар зәрін шашқан улы сөздерін ақтара айтты да, атын бауырлап-бауырлап жіберіп, кейін қарай шаба жөнелді Ақсойыл.

Шипың торы бүлкектеп желіп келеді. Жолдағы ауылдың біріне соқпай, тунімен, келесі күні ұзақ күн журіп, қонаға Сарысудағы Жақсымбеттің аулына жеткенбіз. Бұл екі ортада бір рет ат белін сұтып аз-кем кідіргені

болмаса, жүрістен бір танған әкем жоқ. Анда-санда оқыс тіл қатады, іле қайтадан тынып, жарылатын шикандай екі беті талаурап сымбадай түседі. Әкемнің қазіргі халі мен сағынып барған құдамыздың көрсеткен мынау өрескел мінезі жас жанымды қандауырмен шабақтағандай тым жабырқатып жіберді. Өзім шеше алмайтын сансыз сұрақтар әбден мезі етті. Әсіресе Ақсойылдың: «Ей, ку таяқ кедей, жілігіне май жүгірейін деген екен!»— деп, әкеме тап-тап бергені көз алдымға елестеген сайын жүрекпіп, зығырданым қайнап, катты күйініп кетем. Сонда мынау үскірік аязда аппақ дүние құнғырт тартқандай тұмандана қалады.

«Жілігіне май жүгірейін деген екен!». Доланның Адыrbайдан жасырған бол, жең ұшынан қол жалғасып берген екі-үш байтал, бес-он ұсақ-түйегі ғой. «Әй, кедейлік-ай» деп кіжінемін.

Тұңғыш рет байлық, кедейлік туралы ойға шомдым. «Япыр-ау, олар қалай байыды. Ең болмаса шөп басын сындырып, еңкейіп жерден бұта көтермейді. Сонда да шалқыған байлық, несібе-ырыс солардың босағасынан арқан бойы ұзамайды. Ел басқаратын да, бnlік, төрелік айтатын да солар. Жоғарыдан келетін ұлық, шенді-шекпенділер де соларды табады.

Біз, я мына біз, өңшең кедей соның малын бағып, шөбін инауып, күлін шығарып, сүйн тасушылар қанша еңбек етсек те, ешкіміз егіз тумайды. Егін екsek: шегіртке жеп, ыстық жел соғып, қара күйе басып кетеді.

Мұның себебін тағы таба алмаймын. Әсіресе мені тандандыратыны — байлардың дәулетіпің бір ортаймайтыны.

Япыр-ау, содан ба екен, бай мен кедейліктің қыс пен жаз, абы мен тұщы сияқты өзара біріне-бірі кереғар, екі дүние секілденетіні.

Расында, әкем немесе мына Актан, я мен Долан сияқтылардың осы соракы сойқандарын көріп тұрып, ит қорлығына көне береміз бе?! Олардың майда тіліне сене

қоямыз ба?! Ой, сүркиялых-ай! Эй, пақыр болып жаралған кедейлердің баласы-ай, арқа етің арша, борбай етің борша болып, азулылардың ашса алақанында, жұмса жұдырығында, күлсө езуінде кеткенің-ау деймін қамырып. Эрине, менде ол күндері бұдан басқа ойдың болуы да мүмкін емес еді.

Сол жылы көктем кеш келді. Өлер алдында санаулы өмірін үзақ күзеттірген науқастай, қыс шіркін де созыла-созыла шаруаның көз майын тауысты. Жіңішке баяғыда үзілген, ал жуанның өзі қылдай созылып қалтқұлт ете бастаған. Әсіреле көктемнің жалаңаш теріге қадалған тікендей қара суығы ақпанның ақ көбік шашқан аязынан қатты тиіп барады. Адам арыған, мал — көтерем.

Жомарт табиғат күрт құбыла қалды. Міне, бугін екінші күн онғустік-батыстан соққан ыстық лепке кәрі қыстың қабат-қабат сауыты сөгіле бастады. Сүрі қардың қөбесі көпсіді. Қуні кешеге дейін мұз құрсаған дала ағыл-тегіл, буы бүркүрап лезде бусанып қоя берді.

Қүн де құле шығып, тіршілікке қызықтап күлімдей қарап, алтын алауын, бар жылуы мен жалынын мейірлене төғіп түрді.

Қар күрт еріді. Қос өзен — Қенгір мен Сарысу арнасын асып, Қаражар алқабына көсіле жайылған.

Әкем ауыл адамдарын төңірегіне жинап, дән сеуіп, жер жырту жұмысы жайлы кеңесіп отыр. Біреулер соқаны, біреулер қамыт, мойынтурық, ең арғысы ағаш самиян, шілия дей ме, оны-мұнысын жөндеп, әйтеуір, мына азғана ауылдың сыртындағы тастақ төбенің қүнгей бетінен түспейді. Қап-қара боп ыс басқан қатпар-қатпар қос көрікті әкем өзі тынбай басады да, Ақтан қып-қызыл шоқтың арасынан сом темірді қысқашына

тістетіп алып, тоске жашып, «ы... ы... ы!..» деп, маңда-  
йынан тері бұршақтап ұрып жатады. Мұнысы — бола-  
шақ соқаңың тісі.

Мен болсам ауылдағы он-он бестей ұсақ түяқты бы-  
лай шығарып салып, қыстан қалжырап, сіңірін созып  
шықкан тайынша-тананың батпақтап қалмауын бақы-  
лаймын.

Осыдан бір жыл бұрынғы айтулы дау-дамаймен бір-  
ге Сағым өлімінен кейін жангабыл-сапақ елі бір  
жерге бас қосқан. Өзен өз аңғарына түсіп, су басқан  
табанның көк сағал шөбі қалындал қалған кез. Шал-  
ғын арасынан сынғырлай сырғып, мөлдірей ағып жатыр.

Аулымызда небары жиырмадан астам мініс көлік  
бар. Оларды да кешегі қатал қыстан Қеңгір өзенінің  
қалың талы мен қамысы сақтап қалған-ды. «Орманды  
жер — қорғанды жер» деп халық бекер айтқан ба!

Сол аз жылқы Бестөбе, Бақаншанышқан аталатын  
жон, тепсендे, қалың бетегелі, боз, изенді жазықта  
жатқан.

Астымда Ақтанның торы қасқасы. Ауылдағы малды  
терістікке өрістетіп, енді ғана егін жаққа бұрылғам.  
Аңырып тұрып қалдым. Сойылын көтеріп, қиқулаған  
бес аттылы біздің ауылдың жылқысын қуып барады.

Егіншілер де соқадағы бір-бір шолағын ағыта сап,  
жайдақ мініп, солай ағылды.

Жылқыны қуа жөнелгендер сондарынан шапқан  
ауылдың жайдақ куғыншыларын жан дейтін емес, қас-  
тарынан таяқ сілтем жерден айқайды салып баса-көк-  
теп, ауыл сыртындағы өткелге қиқулап бет алды. Олар  
бесеу, куғыншы — он шакты.

Осы кезде жылқыны төрт кісі қуа жөнелді де, біреуі  
ғана бөлініп, сойылын көлденең ұстай, келсең кел деп,  
куғыншылардың жолын тосып тұрып қалды.

Біздің адамдар таяна бергенде, әлгі ақырып:

— Е, ел сүркүн алған азғындар! Қапта-қапта! — деп,  
аш бөрідей қарсы ұмтылды. Екпінді, семіз атты, ер-тұр-

маны сайлы әккі ұры ә дегеннен бес-алты адамды жайдақ аттарынан ұшырып түсірді. Астындағы атын басқа көзге ұрып жете алмай, зығырданы қайнап қуйіп-пісіп, түйе жүн шекпенішің етегі делеңдеп әкем де келе жатыр. Қөлігі жайдақ, қолындағы тұтамдай ғана ағаш.

— Ә, Әжібек, кездестің бе? Қанымды қарайтып кетіп едің!— деп, күжілдей айқайлаған әлгі ұры қояндай орғыған шабдар атпен ағыза келіп, әкемді маңдайың осында деп салып кетті. Шақ еткен дыбыс шықты. Қозімді жұмып қалып қайта аштым. Әкем әлі ат үстінде. Ал ананың ақ табан сойылы ортасынан омырылып, сынып кетіпти. Шамасы, әкем қолындағы келтегімен қақсан болуы керек. Ортасынан қақ бөлінген сойылдың жартысы қолында шолтандап жүр. Екпінімен ағып өтіп, ат басын жарқ етіп қайта бұрганда таныдым. Белгілі Ақсойыл — Адыrbайдың ұрысы. Дүллейленіп алған.

Шабдар атқа қамшыны үстін-үстін ұрып, әкеме қайта төнді. Қолындағы сойылының қалдығын лактырып тастап, қүйітқан бойы бетпе-бет келіп, әuletті шеңгелімен әкемнің жағасынан ала түсті. Есесін жіберсіп бе, әкем де оны буындыра сыйымдал, екеуі бір денедей тұтасып, тіресе қалды. Аттар да тік жарға кез келгендей кілт тоқтап, қарғыды. Танаулары деддие ентігіп тұр.

— О... а... аһы-һ... қан жауғыр!— деп, даусы барылдай шыққан Ақсойыл атын тебіне берді осы кез. Әкем атынан сырылып бара жатты. Ер-тоқымы жоқ еді. Біздің адамдар жапа-тармағай өкшелете шауып келе жатса да, бірде-біреуі олармен әлі жанаса алған жоқ. «О, атаңа нәлет!..» деген ызбарлы айқайдан басқа әзірге айқас жоқ.

Ақсойыл да қарулы атпалдың бірі екен. Сол беті топ жарып дөнен серкені жеке тақыммен алып шыққан шабандоздардай әкемді жағасынан ұстаған бойы «han!» деп бір лықсытып, биік қасты құранды ердің әлжынына көтеріп, атын текіректеткен қүйі ұзай берді.

Әкем Ақсойылдың жағасынан айрылар емес, сом де-

несін оның ырқына бермей, аттың қеудесін қағып, сол-  
балақтап барады.

Ту сыртымнан Ақтанның айқайлаған даусы жетті  
құлағыма.

— Түс аттан! — Өз атына бір-ақ секіріп мінген Ақ-  
тан торықасқаның бауырын жазды.

Жылқыны құғандар Қенгір өзенінің ну қалыңына  
енін, өткелге жақындаш қалды. Ақсойыл да өзенге таяу.  
Осы кезде бұлдырықтай зырлап келе жатқан шабдар  
ат оқ тигендей үшіп кетті де, әкем мен Ақсойыл жерге  
қатар құлады. Белдесіп, топ алдына сайысқа түскен  
палуандардай емес, бұл екеуі бірін-бірі опат қып, жоқ  
етер жыртқыштықта басқан. Бірақ тең күш бірін-бірі  
бүктең кете алмай, кезек лақтырысып, талқыға түскен  
шикі қайыстай мың бүралады. Шабдар ат жығылған  
орынан атып тұрып, оқыранып, денесі дір-дір етіп,  
алдыңғы бір аяғын көтеріп тұр. Жалғыз қазық үрған  
алдыңғы он аяқ жіліншіктен омырылып кетіпти.

Осы кезде бұлардың қасына Ақтан да жеткен. Эй-  
шайға қарамайтын, тумысынан ожар жаратылған ол  
қолындағы құлаштай тал шоқпарды сілтеп қалды. Әкем-  
мен жағаласып жүрген Ақсойыл тәбесінен жай түскен-  
дей осы соққыдан басы шыр айналып құлап түсті.

— Эй, бекер үрдыш-ау! — деген әкемнің сөзін естіді  
ме, естімеді ме, Ақтан жылқы сонынан шаба жөнелді.

Қарақұстың он жағын ала тиген шоқпар орынан  
қан бүрқ ете қалды. Ұзын, алпамсадай, иықты, кең жа-  
уырынды Ақсойыл қанын ішіне тартып қимылсыз жа-  
тыр. Өрттен қалған бір тұп көдедей шошайған сақалы  
желге желкілдеп, мұрнының астына қарай үдерे өскен  
жұлық мұрты жыбыр-жыбыр етеді.

Аттылы-жаяулы ауыл адамдарының алды-арты жиы-  
лып калған. Жығылғанына бие сауымдай уақыт өткен  
шамада Ақсойыл «үн!» деп, өзінің тірлігінен белгі берді.  
Көпшілік емес пе, мұның мына жатысына біреулер аяу-  
шылықпен, біреулер қаһар тіге қарап қалған.

— Жортуылшының басы жолда қалады деген осы да!— деп, жиналғандар дабыр-дұбыр сөйлеп түр. Экем бәрін үнсіз тыңдал отыр. Бір жапырақ құрым кпізді күйдіріп, Ақсойылдың қара құсына басты.

— Ит қансырамасыныш,— деп қояды салқын ғана.

Күн кешейіп барады. Ақсойыл есін енді-енді жиды. Шарасы үлкен ала көзін кең ашып кірпігін қаққанда, керемет сұстанып кеткендей көрінді маған.

Ол қолға түсіп, аузы құрсауланған қасқырдай тәңірегіне ызалы қарады. Экем бұл қаскөй ұрыға қаһарын төккісі келмейтін сияқты. Адамшылық арын оятқысы келетін сынаі таныта сөйледі.

— Ақсойыл, мен сен сияқты қанымды қарайтып едің деп, кектенбеймін де, мына халінді табаламаймын да. Адамдығынды ардақтап, ал иттіғіңе іспен жауап беруге дайын жан екенімді көрсеткім келеді. Мен сен өңгеріп кете қоятын, Адыrbай болыстың алдына алдырып, пышақ кезейтін бұлақ басында жалғыз қалған жетім тоқты емеспін. Жүр былай, ауылға қарай!— деді қоңыр үймен дауыстамай.

Ақсойыл сыйдал, әкемнен көз алмай көп отырды. Ақыры, орынан тұрып, бір жерім қирап қалмады мен дегендей, бойын жазды. Аяңдал шабдар аттың қасына барды. Кекілін тараң, көзін сүртіп, кеудесін алақанымен қакты.

— Қанатым едің, жануар, мерт болдың!— деді де, басқадай ләм деместен менің артыма мінгесіп ауылға келді.

Экем және ауылдың басқа адамдары түн ортасы ауғанша Ақсойылдан оны-мұны сұрап сөз тартып отырды. Ол да, мейлі, осылар Адыrbайдың сырын біле қойғанда қолдарынан не келеді. Қайта жүректерінің отын баса отырайын, әрі өзіме де сенім артсын деген оймен бар білгенін бүкпей сөйлеген.

— Ой, Әжібек, сен не білесің! Адыrbай сені күдам деп, теңім деп отырған жоқ. О жолы ауылма соқпады,

Сәлем бермеді, қазақ жолдағы бейітке де құран оқушы өді. Қу кедей жетісейін деген екен. Содан соң артынан кісі шаптырып, ашуынан қайтсын дегеніме де көнбеді. Енді тігерге түяқ қалдырмай, тапа-тал түсте шауып әкел деп жұмсаған да сол құдан.

Бұдан кейін жер тістетіп, егінін отап, шаңырағын ортасына түсіремін деп отыр. Болыстың бет алысы—осы!— деген Ақсойыл.

Ауыл адамдарының бірдеңе дегісі келгенін әкем жасқап сөйлестепеді. Өзі де жай бас изеп қана үнсіз қалтан.

Ертеңіне Ақсойылдың көрші үйдің жалғыз атын мініп қашып кеткенін бір-ақ білдік.

— Әй, Ақсойыл-ай, қаныпезер, екі жұзді болмасаң, сен үры да болмас едің ғой,— деп кіжінді күйінген әкем сонда.

Сөйтіп, біздің ауылда жер жыртып жүрген азғана ат пен Ақтанның торы қасқасынан басқа жылқы түғы қалмады. Бәрі осылайша қолды болды.

\* \* \*

Бірер күннен соң әкем мына көктемгі қарбалас ді-қаншылықтың еңбек қамытын ауылдың басқа адамдарының мойнына ілді де, өзі Жақсымбеттікіне кеткен. Онда бір қонып қана сүйт оралды. Жақаңның не айтқанын, өзінің не дегенін ешкімге де жария еткен жоқ. Бар болғаны — бір жері ауырған кісідей қабағын түйеді де жүреді.

Адыrbай біреуден: «Әжібек өзіне-өзі өкпелесін! Қызын бергенде менің сақау інімді сыйлас берген жоқ. Сағымның құнын өтеуге, малының бодауына берген. Қызы жау да алады. Мен жаумын, тұрар жерін айтсын!»— депті.

Бұл хабарды естіген күні әкем дөңбекшіп түнімен үйқы көрмей шықты. Ертеңіне ерте тұра сала:

— Ей, Нұrbай, тұр былай, салсүйектенбей!— деп, мені ақырып оятқаны әлі есімде. Көзі кісі алатын бурадай қанталап кетіпті. Белін мықтап буған, оқыс шешімге келген адамның түрі. Қабагын қарыс жауып алған.

— Бар, өрістегі түйелерді айдалап кел!— деп бүйірдь.

Қоқтемнің жапырақ, шайырына тойынып, боздағы шығып, өркешін қаз түрғызып, тікейте бастаған аулымыздың бес-алты мойнағы қырда жатқан. Түс болмай-ақ айдалап келдім. Өзіміздікі деген жалғыз өркеш бір тұма. Биік, зор денелі нағыз ойсылқараның өзі. Түйенің бір көрікті сұлуы сондай-ақ болар. Әкем оны ұстасып қалды. Қешіне үйдегі азын-аулақ ұсақ түяқтан таңдал етті деген бойдақтың бірін соғып, ауыл адамдарын шақырды. Бір тосын әңгіме айттардағы әдетіне басып, бетінің ұшын жыбырлатып отырып:

— Иә, жамағат, әлсізді әлді басынған, әлсіздер қатты ашынған уақыт келді білем. Дөң аспас, күл сабар атандың қазір. Анадан ұл болып туып, қор боп өтеміз бе!— көпті барлай қарап, қабағын түйген күйі аз кідіріп, басқаның жауабын күтпестен:

— Адыrbай адыраңдалап кетті. Біздің азғана бес-он қыл қүйрыймызыға уысы толмаған ол енді арымызды, адамдығымызды паршалап «тұrap жерін айтсын» деп хабар айттыпты. Бұл біздің одан көрген бірінші қорлық-қындығымыз емес, бірақ...— деп, тағы түнере түсті.

— Айтпайсыз ба, тұrap жерді...

— Айтыңыз!

— Неге тартынасыз!?

— Бір күн туып, бір күн өліппіз бе...

Ақтан босаға жақта отыр. Түйе жұн шекпенді жалаңаш арқасына жамыла салған. Жұн басқан апай төсін айқара ашып тастап, айналасына сұстана қарап, ызалы, ширықсан сыңай танытады.

— Өзекті жанға — бір өлім, жасқаншақтық қорқақ-

тық емес екенін болыс қауымы білсін. Бұға берсең найзасын сұға бергісі келеді, не бар аянатын,— деп, орнынан ырғалып қозғалақтап қойды Ақтан.

— Болыс оңай жау емес. Онымен алыспа, алыссаң аянба. Не жаға жыртылады, не бас кетеді. Ал жағаластың екен, бітім тілеме!— деп, әкем шегелей сөйледі.

— «Албастыны да алысқан алады» демей ме атам қазақ. Зор болса Адыrbай албастыдай-ақ шығар. Ажалдан қашсақ, Корқыттай қобызың өңгерін, ел кезіп кетеңік,— зор даусын соза сейледі тағы Ақтан. Тамақтан соң:

— Мейманасы тасқанның көңілі басылсын, корлықзорлық көрген елдің көзі ашылсын. Әділет үшін алысқан пақырлардың күші тасысын!..— деп бата жасады.

— Амин!

— Иә, құдай!— деген үндер тебірене шықты. Осылай көппен бірге жалбарынған әкемнің де күс-күс кең ала-қаны бетін жапты.

— Иә,— деді, басын көтеріп жан-жағын шолған әкем. Бұған дейін құдайдың бергенін алып келдік, ендігі жерде есені қолмен аламыз. Құшпен аламыз. Ортаға түспей дау болмайды, жағаласпай жау болмайды. Аттан, ағайын аттан!— деп, даусы жарқыншақтанып бұлығын шықты.

«Жаяу құрыққа жабы ұстапас» деп, мен отырмын ішімнен. Сонда да болса әкемнің мына шешімі құлағыма жылы тиді. Оның Жақсымбетпен соңғы жолы кенесіп, ақылдасып шешкен ісінің түйіні осы екенін енді түсіндім. Жаксымбет — әкемнің немере ағасы. Букіл тұқымымыз, тіпті тұтас бір тайпа ел ол кісіні Жақаң дейді, қошаметтеп құрмет тұтады. Ақылына табынады. Оның да өзіндік себебі болса керек.

\* \* \*

Міне, осы бір уақиғадан кейін әкем мен Ақтан кішкене ұста дүкенінен шықпайтын болды. Тақ-тұқ, шақ-

шүк ұрылған балғаның даусы естіледі де жатады. Менің бар жұмысым — қара нарды ашамайлаш мініп, азғана қойды жаю, одан қалса тайынша-танаға көз салу. Әкем қара нардың қолтығын терлетіп күнде сұытады. Тұнeme шөгеретін жерге су сепкізіп тастайды. Жақсы қонданып семірген бір тума атан нар, алты-жеті рет таң асып алғаннан кейін ішін тартып, аяқтары ұзарып, бір түрлі әдеміленіп шыға келді. Әсіреле таңғы салқында ерекше құлпырып, құйрығын шапақташ, қарсы алдынан қараган кісіге құйрықсыз самұрықтай болп көрінетін. Мейіздей болп қатты. Алты айлық жолды алты аттайтындаш аласұрады да түрады. Түйе баласының қуйітіне келгенін кім көрген. Жануар тісін қайрап, көзі қып-қызыл болп, жан-жағына көз салып, телмендең қарайды. Жұнделген терісі май жаққан былғарыдай жып-жылтыр, қап-қара. Осы борбайы иір-иір жануарды әкемнің мұншама шиыршық атқызып, өзімен-өзін алыстырып қойғаны маған жұмбак.

\* \* \*

Нұрбай қарт әңгімені майын тамызып суреттеп, бейнелеп айтатын шешен қарт кой. Менің үйіп тыңдал отырғаным риза болды ма, сәл күлімсіреп былай деді:

— Кедей халық кектенсе, қандай қаһарлымын деген бай-манапты ықтывады екен, жеңеді екен. Сол жылы Жақаң біздің ауылға келіп, жігіттерді көтеріп, Адыrbайдың жылқысын шауып алды. Енді соны тыңда.

— Айтыңыз.

— Алға қарай еміне шүлғып, тізгінді сүзіп, қаракер жорға дөңгеленіп келеді,— деп, әңгімесін желдірте жағастырды ол.— Жер танабын тартып, көз көрім жерді әп-пүш дегенше артта қалдырған аттың мына сылаң жүрісі қандай тез болса, үстіндегі денелі кісінің ойы да сондай жылдам. «Жуас түйе жүндеуге жақсы дей мебұл? Болмаса ат төбеліндей азғана ауылдың бас көте-

рерін шидің ұзынында жұлып, қысқасын өртеп жіберемін дей ме екен! Мынасы — не істесем де менің еркімде, көнсөң көн, көнбесең кел, шамаң болса алыс дегені-ау, ә!» «Әділет аулы тасада, мойын созып көре қояр жерде емес», — деп кім айтып еді осы». Ол өзімен-өзі сөйлесіп келеді.— «Ей, е! Сол рас болды. Қореген кісінің сөзі бір жыл болмай-ақ дәлелденді емес пе?»

Былтыр өзі қатты ауырып, Тіней Оразайдың Ахметінің аулына барып жатқанда естіген-ді. Бұл мұның қауіпті кеселден енді ес жиып, құлантаза жазылуға бет бүрған күндері еді. Ақаң кос атпен шаптырып, сонау Байқоңырдан алдыраң ұзын бойлы, сида, ат жакты, көк көз кісінің аузынан шығып еді бұ сөз. Ие, сол Ақан екеуі қызу сөйлесін кеткен бір шакта, сапырылған сары қымызды сыздықтатып жұтып отырган әлгі кісі:

— Ақа, әділет туралы, бүгінгі заман туралы не айттар едініз?— деп иегін көтеріп, тұнық көк көзін кигіз үйдің есігінен далаға қадап отырып қалған-ды. Сонда Ахмет:

— Ғаділет туралы бір сөзben айта алмаймын. Сонда да біздің сахарарада қазір билік құрып түрған заң бар деу қыын. Міллэт хақы, ынсан, адам ұжданы жайындағы мәселенің һаммасы заң-законмен қорғалу керек-ті, соңай емес пе, Еван Мәселевич? Мен діни адаммын. Сондықтан мына қарапайым халықтың мені «ишан» дейтінің де сіз жақсы білесіз. Адам санасына қатты ықпал етуші күштердің бірі — діни нанымдар екенін де сіз жақсы білесіз. Сол ретте қазақтар үшін ислам дінінің қанышалық қызмет атқаратыны һәм сізге белгілі. Рұсларда христиан діні қандай қызмет етсе, мұнда да солай болуы өзінен-өзі түсінікті. Бұл хақында, өз пікірімше, ислам діні — қазақ міллеті арасында әлі толық тарап болмаған дін дер едім. Сол себебінен болуы ықтимал, бұл діннің өсietіне барлық адам (әрине, өз ұлттым туралы айтамын) мойын сұнбайды. Қазірінше исламның діни уағызын алпыс жастан асқандардың бір фарасы

ғана, демек, карт адамдар ғана қабылдап отыр. Оның басты себебі де белгілі, сіз айтқан ғаділет мәселесіне байланысты болса керек. Заң-законы жоқ қазақ мілләті өз ортасынан шыққан білгісұмың би-қазылар, болыстар және орыс шенеунігі сияқты хакімдердің билігінен де, сол сияқты діннен де ешбір ғаділет тауып отырған жоқ деп үғамын.

— Дұрыс айттыңыз, тамаша айттыңыз, Ақа!— деп, әлгі көк көзді кісі балаша куанып, өз алақанын бір-біріне соғып шарт-шұрт еткізді.

— Рас, сіздің халық әлі дінмен уланып болмаған,— деп, ол тағы ойлы пішінгे көшті.

— Сонда Еван Мәселеевич, әлгі мен айтқан пікірге қосыласыз ба?

— Элбетте,— деп, Иван Васильевич Ақаңың өзі көп айтатын жауабын қайталады.— Иә, әділет аулы әзірше тасада. Дәл осы үйдің төрінен мойын созып көре қоятын жерде емес.

— Сонда қалай болғаны Еван Мәселеевич, ғаділет үшін алысадың да қажеті болмай ма?— деп, Ақаң оған тесіле, торыға қарады.

— Жоқ, Ахмет Оразайұлы, сізге мен орыс үлтynың басынан өткен арпалыс күресі туралы айтқаным бар-ды. Ол күрестің түпкі мақсаты — әділдікке жету. Дәл бүгін сәтті болмаса да, дәл бүгін түпкі мақсатқа жетпесе де, күрес ширыға түсude. Халық көксеген мақсатына сөзсіз жетеді. Өз халқыңызың «Аяз-би» атты ертегісін есіңізге алыңызы. Тыңдаған боларсыз.

— Элбетте, өзім талай қызықтап, балаларыма күні бүгін де айтып беріп отырған хикаям ғой ол.

— Ендеше, Ақа, осы ертегіде қанша мән тұр?

— Иә!..

— Мұндағы мән сол: халықтың еңбек адамынан, езілген таптан шыққан әкім ғана адал, әділ билей алады. Барлық әділдік, адалдық тек еңбекші адамда. Өмірді сүйген мәңгі махаббат та сол еңбек адамынá ғана тән.

Ойлап қарасаңызы: дүниедегі барлық байлықты өн-діруші кім? Дүниедегі тіпті бәрін қойғанда, күні кеше өзіңіз оқыған Бұхарадағы зәулім ғимараттарды, мешіттерді салған кім? Соның бір қышын көтеруге бір байдың, не бір мырзаның, бидің, болыстың, чиновниктің қолы барды ма екен?

— Жоқ! — даусы әнтек көтеріңкі шығып кетті.

Иван Васильевич сөзін одан ары жалғастырды:

— Атаңыз қазақ «малды тапқанға баққыз, отынды шапқанға жаққыз» деп бекер айтпаған. Еңбек адамының өз еңбегінің өніміне қалай болса солай ысырапкорлықпен қарамайтынын халық даналықпен туýіндеғен. Ал еңбек — махабbat көзі ғой. Сондықтан мен, Ақа, еңбекші тапты өмірге құштар деп білемін. Ал халықтың өз еңбегінің қызығына өзі іе, қожа боларлық дәуір таңы, әне, қылаңтылып, рауандап атып келе жатыр!.. — деп, киіз үйдің түрулі есігінен шымқай көк жібектей керілғен аспан күмбезіне қарап отырып қалды.

— Қане, Деев мырза, көзім жетсе рауандаган шаптаңызды мен көрейінші! — деді Ақаң Иван Васильевичке тақала отырып, досының арқасына қолын артып. — Сіз, кейде пелшір дос, адам тәнін ғана емес, бүкіл рухын да емдейтін ғұлама болып та кетесіз-ау өзі, ә? — деп, сол қолымен сақалын тарап, Деев қараған атырапқа бұда үңіле түскен. Олар көп уақыт сол отырыспен үнсіз қалған еді...

Міне, қазір Жақаңың көз алдына елестеген көріністе — осы. Ол мойнын толғай, жан-жағына бойлап карады. Сол жолы Ахмет пен Иван Васильевич үнсіз тілдескен сонау аспан әлемінің бір ауқым жеріне бұда көз тоқтатты. Бірақ олар көрген рауан бұның көзіне шалынбады ма, қатты курсініп, бар даусымен:

— Әділет! Әділет! Қайда сен тіккен Ақбоз үй? Сен тек қиялдағы ғана нәрсемісің? Адам ары талқыға түсken, адам жаны ғарышқа кеткен күн осы емес пе! Қайда сенің газауат майданында төрелік айттар сәтің? Мен кө-

ре аламын ба ол күнді, жоқ па!— деп күнірене үн қосып, сегіз өрме бұзау тіс қамшыны қаракердің сауырына қыс сілтеп өтті...

Жақаң сол жолы біздің ауылға, міне, осылайша кектеніп ширығып келген еді.

— Эжібек, Ақтан! Қаратаяктар! Қайдасындар түгеге!— Күн шығар алдындағы бұл абыз дауыс мына түнерген дүниемен бірге тым үрейлі әрі қаһарлы естілген еді.

Бұл дауыстан біздің ауылдың үлкен-кішісі түгел селт етіп, тысқа жүгіре шықты.

— Құрмалдыққа шалындар мені! Осы күн батып, таң атқанша Адыrbайдың көк ала жылқысын құлынтайын шыңғыртып, Қаражардың мына қалың нұнына қамаңдар! Шығарындар қара бет Адыrbайды Арқаның мына жазығына! Қөрсін халық! Қөрсін мына бетін бұлт басқан күн! Білсін кімнің адад, кімнің арамын тұл дүние! Қөтеріңдер әділет үнін!— Жақсымбет осылай ашына дабыл қақты.

— Дұрыс, Жақа!

— Құп болады.

— Оған да зауал келсін!— таңғы дауыс атырапты селк еткізіп, бар екпінімен Қаражардың биік жар қабағына соғылды. Неше ғасыр үнсіз, меніреу, керең құлақ бейнеде қабағын ашпай, төмен қарап шөгіп жатқан биік жар бір қозғалып кеткендей күрт-күрт етіп, жаңғырыға аһ үрды да, қайта тына қалды.

Жар қабакты сүйе жылжып аққан Сарысу өзенінің бетіне ойнап шыққан шұбар шортан да осы сәт қүйрығымен су бетін сабалап кетті. Қең иірім, көк айданда саба піскендей қатты шыққан тынымсыз шолпыл үдей түсті...

Аспан ала бұлт. Зымырық салқын жел соғып тұр. Терістікте аспан күмбезінің іргесі сөгіліп, қорғасындаі сүр бұлттар будалана көтеріліп келеді.

Адыrbайдың жүген-құрық тимеген бес айғырының

үйірі қамауға түскелі қанша күн! Бірнешеуі қанды бұрау, көктақым болып жігіттердің астында жур.

Ақтан бастаған ауылдың қара табан, шоқпыт көйлек, жыртық шапандары иірілген жылқыны доптай қағыстырып қайырмалауда. Қолдарында құрық. Құрық басында бұғалық.

Ауыл сыртында бірнеше ерттеулі ат қалмақ байлауында. Қазір мұнда сырттан бөгде кісі бар. Жер ошақ басы көк ала түтін. Кимешектерінің құйрығы шұбатылған әйелдер қарбалас кіріп-шығып, бірі от жағып, бірі қазанның қақпағын көтеріп, еттің көбігін алып жатыр.

Үйден көп адамның дабырлаған даусы шығады. Мандайын бір шаршы орамалмен тартып алған Жақаң ақ тұмсық бүркіттей шашқылдан сөйлеп отыр:

— Ара карындас ағайын адал болсаң, айттар дауым жоқ. Әділдік түрған жерде адамдық тұрады. Ал әділдік пен адамдыққа қарсы айттар сөз бар ма? — Ішіне демін молырақ тартып, — Адыrbайдың асқанына қарсымын, шегінен асып-тасқанына қарсымын. Біздің де анамыз үл таптым деп қалжасын жеген. Зор болса Адыrbай — бай, болыс шығар. Атасы Таутаннан бері сасық өңеш, шірінді неме ғой. Мына кедейхана, жоқ-жітіктің қолына түскен азғана дөңгелек түяғына қылы қыныраар деймісіз... — деп бір тоқтады.

Біздің азғана рудың басына тәнген қаралы дауда қоңыраудай сылдырлап, Сағымның құнына жұз қара кескен атақты би Ақтай сондағы қалпы міз бақпай отыр. Пұшпак бөрікті, шоқша қоңыр сақалды, сұлу мұрт, ақ құба өнді ол әлден уақыттағана басын изеп, майда қоңыр үнмен:

— О, Жақа, оның несін айтасың, «Есептескен ел болмайды» деген бар. Адыrbай не қылды? Өзің не істедің! Оның көрпесін ашқалы келгем жоқ. Бүттән бүт, қолдан қол өткен жақын, күдандалы адамдарсындар. Табыс деп келдім. Біріңің бетінді бірің жыртпа. Атам

Қарабаланың аруағын арқаланып келіп отырмын. Қылыш тиген жерден қан шығады. Ойла, түсін! — деді.

— Ия, Ақа, ер бірлігі — ел бірлігі. Оның арғы атасы — ар бірлігі емес пе. Қаратаяқ атанған жоқ-жітік, жаным — арымның садағасы деген кедей елміз. Намысымыз тапталып, қор болған үніміз құлағыңа жетпеді ме? Жылаулы күнімізді көзің көрmedі ме? Біздің момын халықтың басына Адыrbайдың ақ сойылы бір тиген жоқ, сан тиген. Қорлықтың, қияннаттың шегі бар шығар! — деп, қанталаған көзбен ызалана қарады **Жақан Ақтайға**.

— Уай, Жақсымбет, құдай несібесіз жан жаратқан жоқ. Тірі адамның тіршілігі өтеді де. Неменеге күйрей қалдың..

— Қалай күрремеймін! Менің құлағынан тамақ іздел такылдаш жылаған баланың даусы кеткен күнді айтшы, қане? Тыңдаши, сен де осы қазір не естір екенсің. Бірақ жоқ-жітіктің даусын ести қоятын құлақ бар ма сенде?

— Ой, қойшы, сол бір безілдек сөзді... — деп, Ақтай қабағын шытты.

— Ұры — қарының серігі деп еді бұрынғылар, — Жақсымбет екі иығын қозғап, даусын көтерді, — шамасы, Ақтай мырза, осы жолы да онтайыңа ала келген сыңайың бар екен. Бар онда! Қолыңдан екі келсе, бірін аяма! Бар! Адыrbайың ба, басқаң ба, шауып ал, шауып ал! Менің жер қайысқан малым жоқ, әділет іздерген адад жаным бар. Сол жаным аман болса көрермін. Мұнымен бұл өмір өте бермес. Бізге де ессе тиетін күн ұзақ емес шығар! — деп, орнынан ыршып тұрды. Ақтай қолын қатты сермен:

— Ей, Жақсымбет, аш көзінді! Қара жан-жағыңа. Тау күйіп, тас жанған жоқ. Зор болса, Адыrbайдың ақымақтары бір жылғы егінінді жеген шығар. Атасы шөп, қайта ексең, тағы өседі. Сен Адыrbайдың желісін қиған шығарсың, оның да негізі жүн, шуйкелейтін қол

бар. Жаңасын тағы еседі. Сендерге «ырр-ит сок!» дейтін қызыл көзің мен емен.. Елдестірмек елшіден, жаулас-тырмақ жаушыдан. Менің тілейтінім — ағайынның та-тулығы. Қайта айтамын, төрт болыс қарабала, шағыр араңа түсті. Қен! Еріксіз көндірем! Мейлің Адыrbай, мейлің Жақсымбет. Қай ел ымырасын бұзғандарың таяқ астында, тулақ үстінде боласын...— Ызалы Ақтай пұшпақ беркін қолына алып, алақанына соғып-соғып қалды. «Ей, көремісің, сенің қауқарың менің алдында осы бәріктей-ак» дегені сияқты болды — онисы. Үй іші тым-тырыс. Эркім өз ойымен қалған. Біреуге біреу тіл қаттай, қабақ танытып отыр.

...Бұдан бірнеше күн бұрын Ақтай аулына Адыrbайдың шабарманы жеткен. Ол — ә десе, мә деп, мұндайда сақланың тасындағ ағатын Ақсойыл. Басын таңып алған. Түсі солғын, ырабайсыз көз жанары майы таусылған сыйсіма шамдай көмескілене сығыраяды. Ақсойылдың мына сұық жүрісіне іші қылл ете қалған үй иесі ақырын аядал тыска шықты. Адыrbайдың кертайлағы мама ағашқа байланған, белгілі бәйге ат ұшқан құстан басқаны шаңына ілестірмейтін, қос қанат тұлпар атанған жануар ак көбікке малынып, екі бүйірін соғып, демін зорға алып тұр. Ақтай ішін тартты. Кертайлақты анау-мынау жолға мінгізбесе керек еді. Мұнда бір сыр болды ғой.

Ақсойыл Ақтайдың әйелі ұсынған бір сапты аяқ құмызды өндіршегіне сар еткізіп құя салды. Сирек мысық, мұртын тілімен онды-солды жалағанына көзі түсікен әйел шошып кетті: «Опырмай мына иттің пошымы кісі шошырлық екен. Тышқан жұтқан мысықтай қалай-қалай жаланады антұрған» деп таңданды. Төрге барып енді отыра берген Ақтайдың қолына Ақсойыл:

— Мынаны Адекен берін еді!— деп, бір жапырақ қағаз ұсынған. Хатта: «Күрматлу Ақтай қария, ұшбу хат арқылы сіздің ата-бабаңыздың, арғы жағы Сары-Сарғалдақ, бергі жағы Карабала-Шағырдың аруағына

бір құдайдан марқабат тілеймін. Алла тағала олардың топырағын торқа етсін, үрім-бұтағы, зәу-затына бұл дүниенің ракатын берсін. Хат арқылы құдай атымен дос болған құрметті Ақа, сізге айтарым төмендеріші: осы жылдың орта шілдесінде Қызыладыр бойындағы көп бастауларды жайлап жатқан жылқыма жау тиді. Бір тұнде түйеге және атқа мінген мылтықты жау тұтқыыл төбебен түскендей тұн қаранғысын жамылып келіп, жұз елу жылқымды қуып кетті. Ұшбу хатты беруші Ақсойыл сол жаумен ұрыста қатты соққыдан басынан жарагалып, айдан астам уақыт ауыр халде болды. Жау алыстың жауы емес. Дәл үйініздің түбінде отырған Жаңғабыл-Сапақ, соның ішінде Құлажанның Жақсымбеті».

Міне, қазір де көк құрыштай сұсы қайтпайтын сол қайсар Жақсымбет қарсы алдында отыр. Құні кеше құйрық-бауыр жесіп, құда болған досы, атақты іргелі нәсілден шыққан, жеті атасынан бері басынан бақ таймаған Адыrbай болыс та алыстан айбат көрсете елестейді. «Ойпырмай, мен үшін осылардың шакпактың тасындей өзара соқтықпағандары, араларынан ұшқын атып, от шықпағандары жаксы еді-ау, ай, Адыrbай, сен фой, болмаса сирағы көрініп отырған Жақсымбеттің сенде не жұмысы бар. «Ойнақтаған бота от басады» деген осы да». Өз ойы өзінің еңсесін басып, Ақтай төмен қарады. Әлгінде ғана төрт болыс өз елінің қарабура күшін айтқанда, мына тұтанғалы тұрған даудамайды басып, арасын табыстыру оп-оңай сияқты көрінген еді. Енді қайқы ағаштың қай басын басарын білмей отыр. Қозғалып кетсе, ойылып кететін көкше мұздың үстінде тұрғандай демін ауыр алды.

— Ойбай, пәле келді! Аттан, ат-та-та-н! — Даусы дүниені күніренткен біреу далактап шауып келеді. Ауыл адамы, үйде отырғандар далаға дүрліге шықты. Жалаң аяқ, жалаң бас. Жел үстіндеі көйлегін қуыстай керген біреу атын басқа-көзге сабалап келеді. Қарлыққан даусы «ойбай, аттанин!» басқаға келмей, қы-

рылдан тұншыға шығады. Құн жеп, қап-қара ыс басқандай жадау, бойшаң, арық, қара сұр жігіт бетін жуған терді алақаңының қырымен сұртіп, атынан зорға түсті. Екі қоны ойылып, аяғын талтаңдай басады.

Манадан бар зәрін бойына жинап, адам жұтатын айдаңаңдардай болып отырған Ақтай да елеңдей қалды. Жақсымбет жігітке қатты зекін:

— Е, не болды? Әкеңнің ордасы құлады ма? — деп еді.

— И-и-ә, құлады! Құлаганы емес пе? Сол-сол-дат, қара мал-а-й...—деген сөздерді санап-санап қана айтты да, әл-дәрмені таусылғандай сылқ етіп отыра кетті. Эбден қиналған, өн бойын үрей буган жігіттің қалың еріндері діріл қағады. Бүкіл ауыл адамы, бала-шаға лезде опыр-топыр үрейлене қалды. Бөрінің көзі, құлағы жігітте.

— Патша, патша... — деді жігіт сөзін үзіп, — патша, ақ патша жарлық қылыпты, — жігіт демі бітіп, әлі таусылып бара жатқандай арқасын керсегеге сүйей отырды. Осы кезде шыдамы таусылды ма, ауыр денесін ырғай қозғап, салалы шенгелін жігіттің он иығына салып, өзіне қарай жүлқа тартқан Жақаң:

— Ей, бауырым, не дедің? Түсіндірші бізге, айтшы, кайталашы. Не сөз мынауың? — деді. Элі де аптығын баса алмаған жігіт:

«Айттым гой енді, не деймін одан әрі?» — дегендей аң-таң күйде оның бетіне үнсіз қарап қалды.

— Жақа, сәл тыныс берші осыған, — деді Ақтай жігіттің мүшкіл халин байқап. Жігіт біршама уақыттан соң өзіне-өзі келгендей орнынан тұрды. Үрпісіп қалған ауыл адамдарына жалынышты жанарын тастап, сонан кейін Жақаңа:

— Мен жаңылмасам, Жақаң сіз боларсыз? Сізге, осы жақтағы елге хабар бер деп жіберіп еді... — жігіттің көзі боталады. — Патша жарлық беріпті.

— Қандай жарлық?  
— Қазақтан солдат алмаққа.  
— Солдат?  
— Иә, солдат.  
— Қой! Мұның не сүмдық? — Жұрт дүрліге қалды.  
— Дәл солай, солдатқа, қарамалайға алады дейді...  
— Онысы неменесі? — деп, сырттан біреу сөзді бөлді.  
— 19 бен 31 жастың арасы түгел солдатқа алынады дейді, менің бар билетінім, айтарым — осы.

— Ей, сонда оларды қайда апарады?  
— Элгі Рүссия мен Қерман соғысы болып жатыр дей ме, міне, соған алады екен! — деді ентіккен жігіт, солығын енді-енді басып, Манадан үнсіз отырған Ақтай табанынан сыз өткендей тез қозғалақтап:

— Қой, бұл сөздің қисыны жоқ. Ақ патша ағзам «қазақтан рамат, түтін салығын аламын, солдат алмаймын» деп шартқа отырып, оны қағазға да емес, тозбайтын ит терісіне жазып, мөрін басып, ант-үәде берген. Ұлық үәдесі құдай тағаланың әмірімен беріледі, Ендеше, мынауың жай бір баланың аузынан шыққан өсек, алып қашты жел сөз тіфа, тіфа! Естіген құлақта жазық жоқ. Періштенің құлағы керен, — деп, етегін қакқан.

Осы тосын хабардан шошып, сескене қалған Жақсымбет енді есін жиғандай, тебірене сөйлеп кетті:

— Баба тұқымынансыз гой, Ақа. Бірақ мына сөзің онсыз да жарапы жанымды өртеп барады. Патшаңыздың ит терісіне жазған үәде шартында, оған басқан мөрінде не қасиет болушы еді. Жазған терісінің де басқа емес, ит терісі болуы, эрине, «иттей иттікten басқа ештеңе де шықпайтының» мензеп түрған жоқ па! Е, е, енді білдім, ұлық басы — патша, оның ауылдағы иті — Адыrbай болғаны да... — деп даусын көтерді. — Уа, жігітім, танып отырмын сені. Белгілі сорлының бірісін. Жолың болсын! Мен батамды бердім. Қак дабылынды. Сал аттаныңды! — сәл тыныстап, бар даусын көте-

ре. Ақтан, ау, Ақтан!— деп айқай салды. Ауыл сыртында Адыrbайдың жүген-кұрық тимеген сары бауыр атына бұғалық тастанап, қырыйдатып тақымға басып, сүйретіп келе жатқан алып денелі кісі:

— Э... ә-у-у!— деп үн қатты.

— Тез жет бері!

Асығыс жеткен оған Жақсымбет буйыра сөйледі:

— Тұс, мына жігітке бер астындағы атыңды!— деді де, мойның бүрмастан:— Ал, жігітім, шап, шаба бер. Ақ патшаның мына сүмдышын иісі қазақ естісін! Тұяқ жетер жерге хабарла!— деп, төбеге қарай беттеді.

Аттан салған, ойбайлаған, азалы айқай шыңылданап әлі құлактан кетпей тұр. Үрейленген жүрттың дүрлігүі де басылар емес. Мүмкін, соның ызғары ма, олде сүнғыла сөзге түсінгіш адам ба, Ақтай атқосшыларына атын алдырып, тез аттанды. Ақ құба өңі құн жеген матадай оқып, солғынданып, маңдай терісі де қыртыстағана қалыпты. Қөзінің қарасынан ғері аласы үлкейін кіреп, тамырлары қызыл жіптей көрінін, қанталап кеттіпти. Өңіне айбар, аузына ызғар жинаған ол:

— Зұлмат, сүмдыш қой бұл, сүмдыш! Елден береке, сөзден дуа қашқан екен де. Ата-бабаның із-жолы, қадір-каснеті де аяққа басылыпты. Не қалды енді? Біреу-ге біреу тоқтамайтын құн келгенін де көрдік-ау. Біздің де тірі өлік болғанымыз ба? Билемешің— қасқыр болса, карашыға карғыс тиеді деген осы шығар. Сенің сөзің, Жақсымбет мырза, осыған сайды, кімді-кім мұқатады. Қөрермін!— деп, тістеніп жүріп кетті. Кімді жактап, кімге өкпелеп кетті Ақтай, онысын ашып айтқан жок.

Сол құні Жақсымбет тұннің беймезгіл шағына де-йін үйге кірмеді. Бір өзі сенделіп ауыл алдындағы коңыр жонды жағалап ерсілі-қарсылы аяңданап журді де қойды. Ал менің бар үкқаным: «Адыrbайдың алыстан атқан берденкесінің оғы нысанага дөп тимей жер соғып, жауырынына дарымай кетті. Оның танқ етіп күмыға шыққан даусын мына дүрбелен тарсылы тұн-

шықтырып, басқаға естіртпей көміп жіберді. Сол нысанаға дарымаған, жер соғып, шыр етіп ұшқан оғы емес пе, ана аттанып бара жатқан — Ақтай» деп ойладым, сол бір зымырық, сүйк, желді күні.

Ел арасы бөрі тиген қойдай күніреніп кетті. Жамандық жатпайды деген рас екен. Мына сүйк хабар сол күні-ақ бүкіл Сарыарқаны құшағына алды. Ел арасы үзік-үзік шолақ шапқын. Ауыл-ауылдың сырты қазір топ-топ салт аттылар. Ел жастары бір-бір атын тақымында баптап, қатулы қабакпен сонау бір белгісіз түсқа тістене қарайды. Бүгін тағы да Жақаңа шапқын келген:

— Атбасардан жандаралдың өкілі келіпті, ертең түсте Бөрійнакта төрт болыс Карабаланың және Кеңгір болысының аксақалдары мен білікті ұлықтары бас қосады. Оған беделді каријлар мен ру басылары келуге міндettі. Осы хабарды жеткізген шапқын атын борбайлап ілгері шаба жөнелді. Белгілі жау шапты, қысталанғ жүріс.

Ел іші алып қашты күбір-күбір сыйбыс, даңғазаға толды. Қараөткелден қайтқан бір қалаши айтыпты: «Несін айтасың, Қекшетау, Қызылжар жағында пристав, болыс дегендерді қойдай бауыздап, ел жігіттері топ-топ болып тауға, орманға сіқіп кетіп жатыр. Торғайдан да хабар келіпті. Онда Аманкелді деген батыр төңірегіне сарбаз жинап, патшаға қарсы шығылты. Сонау бір тарих көші өткен ескі соқпакқа үцілген халық ойында бүл күнде не барын кім білсін. Әйтеуір, түйе шекпенінің етегі мен елтірі тымақтың құлағы жиналышты...

Алысқа, өзінің кең жазығына, қас қақпай көз тігіп, мылтығының қарауылын сығалаған сыралғы мергендей ойланып қалған Жақаң сол сүрапыл күндердің бірінде бір емес, екі жерге тығыз шапқын жібертті. Бірін — Байқоңырға, екіншісін — Атбасарға. Өзі соғы қүндері түйықтанып, көп сөйлемейтін болып алған. Не болса

да ішінде. Табиғи қоңыр түсі бұрынғыдан гөрі тотықкан ба, қарауытып, жауар бұлттай тұнереді де жүреді. Ауыл адамдарынан онымен бұл күнде арагідік тілдесіп, қысқа-қысқа тұжырымды әмірін естінін әкем мен Ақтан ғана. Олар да мына «июнь» дауылынан кейін бұрынғыдай жайбасар емес, ширап, жараган аттай неғе болса да дайын сыңайда лыпып тұр. **Жүріс-тұрыстары** жинақы, жүздері қатулы, алдағы үлкен арпалысқа шұғыл әзірленіп жатқандай тұр танытады. Тағы сол екеудің бүгін ездері билеп, **Жақаңның** атын ауыстырып ерттеп қойыпты. Ол бұдан екі жыл бұрын **Жақан** қатты ауырып қайтатын жолы, әлгі Ахмет пен Деевке жолығатын сапарда алатын қара көк ақалтеке. Жануар көптен тілі байланып, от жемей құрсақ жарава болған ба, тас төбесіне қос құлағын қадап, айналаға үдіреіле, үркे қарайды. Сыпыра сарнап соққан желге, ұзактағы қыбыр-дыбырдың беріне елеңдеп жер тарпып, ширышық атып тұр. **Жақаң** үстіне кеңірдек барқыт қаптал шапанын киіпті. Белгілі бір сапарға аттанатын пейілі бар. Белін көк жібек белбеумен буып алған. Онысы жуан қарнының үстінде төсіне қарай сырғып босап кетіпті. Үйден қолына тобылғы сапты қамшысын өрімімен қосып, қыса үстап шықты.

— Эжеke, менің атқосшым кім? — деді.  
— Е, он-он бес бол баrasыз да... — дей бергенде:  
— **Жок-а**, Нұrbайды ғана алам. Келе жатқан ұлық деді гой... — деп, атына қарай ойыса берді.

Біз тез аттанып та кеттік. Іш-құста болып тұрған қара көк арғымак ауыздығын қарш-қарш шайнап, артқы екі аяғымен ғана жер басып аспанға атылды да, күлдір-күлдір кісінеп жіберді. Оның басымен алысқан **Жақаң** арғымактың ащы даусына ілесе:

— Ей, жігіттер, ат басына күн туды, ауыздықпен су ішер. Ер басына күн туды, етігімен су кешер. Құдай мандаіыңца бермесе де тандайыңца берді. Адыrbайдың **көк аласынан** адам басына екіден жаратындар. Қапы-

сы мол, қауіпті, зор ысырап майданы — жан шүберек-ке түйілген заман келеді алдында. Аңқаты дұниеге атой салар күн келер. Сақ бол, сақ! — деп, тақымын қақты.

«Берійнақ дегені тақиядай ғана тастақ, қызыл шақат төбе екен. Терістігі мен батысы — баялышы керегедей қоңыр жон да, шығысы мен оңтүстігі — қалың бидайық. Етегінде Сарысу өзені бұрала ағып жатыр. Айнала жағасы жасыл желең жамылған. Сол көгілдір әлем мәл нөпіріне тұна қалған. Эсіресе топ-топ жайылған үйір-үйір жылқы табыны осы өнірдің ажарын ашып, баданадай бол көрінді. Терістік беттен оңтүстікке қарай ойыса, шұбай қөшкен салқар нөпір көш те бай-қалып қалды. Ұбақ-шұбақ үдерे тартқан кеш әуе ай-налып жерге түскендей күннің ыстығына да қарап емес. Қайқая тартып барады. Беті — оңтүстік. Шаң көтеріп, қуғынға түскен мыңғырған мал өрісі да ұбақ-шұбақ. О шетте өзеннің оңтүстік иінінен қырға қарай құрық үстіне құрық салып, шандата күлған көп жыл-қы да мына биіктің үстінен анық көрінеді.

Берійнақ бийгінің иек асты — ұрытамақ қалтарыс екен. Атының тізгінін іркіп, биік басында кідірген Жақаң сонау жазыққа ұзақ қарады. Екі көзі көш пен қуғын көрген малда. Бірақ тіс жарып, тіл қатқан жок. Ат тұяғын тақ-тұқ соққан шақат тастарды дүсірлете, еңіске түсе бере, шағаладай ауыл үстінен бір-ак шықтық. Төбені бауырлай өткен өзеннің жағасы байлаулы ма, әлде шідерлі ме, шылбырына матастырылған ерттеулі аттан көрінбейді. Арқаның мінгіш қыл құйрығы осында тоғысқандай. Көп адам жиылған жер көкбалапан, майшөп өсken қоңыр көрпе, былқылдақ құрғак табан екен. Тегі, жері ылғал сақтағыш, бұқ, шөбі сусоқты бол үйісіп жататын көлтабанға үқсайды. Ат шаптырымы болмаса да, айқай жетер жерді иіле оралған өзенді жиектеп қалың, биік тал-қамыс тебін-депті. Биік қамыстың үпелек басы үрлей соққан желге

бұлғаң-бұлғаң етеді. Ол маған мына жындағылар не айтар екен деп, анталай қоршаған көп қыздың тақиясындағы үкісіндегі бол та кетті. Қімді-кім білген заман ол. Дәу қарын, шой желке жанат ішікті, құндыш берікті, балпаң-балпаң басқан жалпақ сауырлы талай байлар келіпті мұнда. Орталарында басқадан ерекшеленіп сары жез түймелі ықшам киімді бөгде біреуі тағы бар.

Арнайы шақырылған қария, ақсақалдар, ұлық пен ел билеушілер тобы бір тәбе болса, өз тағдыры туралы не айтады деп келген 19 бен 31-дің арасындағы жастар қаншама. Мұрты танауына ентелеій енген, киімі қыр қазағына бөтен, басқаша, сары ала түймелі біреу ортаға шырып, көзіне әйнегін киіл, қолын олай-бұлай сілтеп жұлқына сөйлем түр. Бірақ оның даусы жел жақтағы бізге естілген жоқ. Оның сезін естімегендер орындарынан бой жазып тұра алмай, құйрығымен жылжып, құлақтарын қалқалап:

— Не дейді?

— Бұл кім?— деп, қыбыр-жыбырға ене берген кезде, орта бойлы, иығымен мойны тұтасқан, бұғағы сиырдың желініндей іркілдеген толық кісі ортаға шықты. Оның даусы әлгіндей емес, ашық саңқылдан шықты.

— Да, халайық, мына кісі жандарал күбірнатырдың өкілі. Патша ағзамның жарлығын орындауға келген. Құдай тағаланың, Мұқамбет пайғамбардың атымен ақ патшаның әмірін әкепті. Патшамыз қысылып жатқанда қол астындағы халкы қол қусырып қарап отыра ма? 19 бен 31-дің арасындағы жастарымызды қарамалайға береміз.

— Неге береміз?

— Кімге береміз?

— Патша екі сөйлей ме, уәдесі қайда?

— Уәде, уәде!— мынау қысқа, бірақ катты дауыспен шыққан өктем сөздер әлгі жуан кісінің даусын көміп жіберді де, ол екі қолын алма-кезек көтеріп, су сабалағандай сасқалақтап, шыңғыра:

— Уа, тоқта! Тоғытқан қойдай шуламай. Малы барлар өз орнына адам жалдал жіберсе де ерікті...— дей бергенде:

— Не дейді? Малы жоқтар қайтпек?

— Кедейдің жазығы не?

— Бар ауыртпалық сорлы кедейге түсіпті де, малсыз адамды құрбандаққа шалады екен де!— деген дауыстар шығып қалған еді. Ендігі дабыр-дүбірді елдің илі жаксы, ақсақал, қарасақалының үні жеңіп, әр жерден:

— Тоқтамы не?

— Жандарал не дейді?— деген сабырсыз дауыстар көтерілген. Сөзді манадан ортада обадай боп тұрған семіз қайта жалғап кетті.

— Ендігі сөз сол: жандарал күбірнатырдың әмірі бойынша, төрт болыс Қарабаладан 2500 жігіт, біздің болыстан — 700 жігіт. Мен өз болысым тиесілі 700 жігітті ауыл-ауылға бөлдім.— Ол жан-жағына бүкіл деңесімен бұрыла қарады.— Эрбір ауыл ақсақалы қарамалай жігіттерін екі жұма ішінде біздің ауылға, болыс кеңсесіне толтастыруы керек...

Ол енді көзіне шалына қалған Жақсымбетке тесіле қадалып:

— Жаңғабыл-Сапактың ақсақалы, Құлажан баласы Жақсымбет, аулың қашықта болғандықтан, арнайы саған айтарым: өз тұқымыңан алынатын 150 жігітті үш күн мерзімде болыс кеңсесіне жеткізесің!— деп бүйірды. Жақаң мырс етіп күліп:

— Ақ сөйле, Адыrbайым, аузыңа келгенде сөз деме, ойлап айт, сен де бір қарқындаған ала қарға емессің бе. Сенің ол қарқының кімге керек!— деді де, орнынан шуғыл көтеріліп, етегін қақты. Ұлық аузынан шыққан мына санды көпсініу ме:

— Ойбой, ұлығыңың мынасы сүмдық екен!

— Ей, мынау не оттап отыр?

— Баладан қалған жан не керек?

— Барсын, болыс пен атка мінерлер!— деп, жұрт жамырасып кетті. Тоғыттағы қөп қойдай азан-қазан. Осы кезде таңқ еткен мылтық даусы шықты. Қөшілік селт етіп, қайта сабасына түсті. Манағы сары түймелі тапаншасын тағы бір-екі рет басып-басып жіберді.

— Бұл не? Бунт па?— ол жан-жағына ызғар шаша қарады. Бет сүйегі шошайған, қысқа иекті, сопақ маңдайлы, көк көзді, татар түрпатты, шөлтік кісі қаһарын төгіп тұр.— Мына Адыrbай мырзаның айтқаны — айтқан. Бұл үкімді кім бұзса, сол ең ауыр жаза алады. Ал басқа болыстар, сіздер ше?— Ол жұртты барлай қарады.

— Макұл.

— Айтты ғой, пәтуаны бұзамыз ба...

Құніренген жұрт сол куні үйқтаған жок. Біреу ойға, біреу қырға шауып, жалғыз жанды шүберекке түйіп, пана іздеғен ел. Әр ауылдың сырты тобыр, салт атты. Үре-сүре сөз. Өзара күнкіл. Бәріойнақ тубінде өткен жиналыс аяқталысымен, Адыrbай Жақсымбетті мына ұзактан келген ұлық алдында шақыртып алды. Касында елдің Ақтай бастаған өзіне тілеулемес беделді игі жақсылары. Бәрі сыз қабак, тұнеріп алған. Осы жерде Жақсымбеттің қабырғасын қысып өз дегендеріне көндіріп жібермек. Қабактарын қарс жауып, қалай да мына қақпайға көнбейтін асауды төбеге ұрып, жуасытып жіберуге әбден бенінген. Сөзді Адыrbай бастады:

— Е, һым! Жақсымбет мырза, ақ патшаның жағасына жаудың қолы тиіпті. Алысым емессің — жақынымысың, жасығым емессің — асылымсың!— деп, пайғамбар атын атап, қалың қазақтан солдатқа адам сұрапты. Оны біз бүгін айттық. І-амме мұсылман қауымы макұл деп кетті. Оның ішінде өзің де барсын...—дей бергенде, Жақаң тізесін бүкпей түрегеп түрган бойда:

— Ей, Адыrbай, тоқтат ол былшылыңды. Алыстағы патша түгілі қасымдағы сенен көрген қорлығым да бір

басыма жетеді. Азамат жанын қолыммен окқа байлап бере алмаймын!— деп саңқ етті.

— О, қанжауғыр, қан жаусын саған. Не дейді мына лағынет! Жаңа ғана мұләйім отырған болыс бетіне түгі шығып, орнынан борсаландалап атып тұрды.

— Қан саған жаусын!— Жақаңның даусы қарсы шыкты.

— Патша әмірін орындағайтын сен кім едін?

— Менің кім екенімді сен білесің.

— Өзің айтшы. Сен патшага қарсы адамбысың?— деп екіленген Адыrbай өзіне жәрдем күткендей, он жағындағы сары ала түймелі ұлыққа қарады.

— Иә,— деп, жөнеле берді осы кездे Жақаң.

— Ит жеккен-ге-е...— деген Адыrbайдың барылдаған даусы біздің құлағымызға соңымыздан ілесе жетті.

«Ел арасы сапырылып кеткен. Болыстар тізім жасапты. 19 бен 31 жастың арасы түгел дейді». «Ойбай, несін айтасың. Байлар балаларының орнына адам жалдап жатыр дейді». «Е, е, сонда қарамалайлыққа баратын тек кедей сорлы болды ғой. Лактырған бақан пақыраға тиеді деген осы да». Ел ішіндегі, бүкіл сахараадағы әңгіме — осы. Алып қашты, даңғаза, гу-гу сөз. Азамат ат үстінде.

— Несін айтасың, солдатқа жүретіндер Адыrbай болыстың аулына жиналып жатыр екен!— деген хабар тағы да дүңк ете қалды. Жас азамат аяз қысқандай қалтырауда. Жан тырақ ұшына келгендей. Сенделген аласурыс бүл күндері Арқаның кең жазығы мен белбеленең жайлап алған. Елден ес кетін, етек басқан дәүір келді. Күн артынан күн өтіп жатты. Бір күннен бір күн ауыр, қытымыр, қара түнек бейнеде. Біздің ауылдың үстін қара-құрым адам басқан. Бәрі кілең сен түр, мен айтайын жастар. Басына сол қатерлі күн туған 19 бен 31-дің арасы...

— Міне, азамат деп, адам деп соны айт.

— Ер екен! Ел екен.

— Батыр екен!

— Жанын шүберекке түйіп-ақ шыққан да! — деген көтерме, мактау сол күндері Жақаңның атына көп айттылды. Бұл — Жақсымбеттің Адыrbаймен алыстан келген жандарал күбірнатырдың өкіліне және басқа ел билеп отырған ақ сақал, қара сақалдарға қамшы үйіріп, ат құйрығын біржола кесіп кеткен күні ел аузынан шыққан қошемет сөз. Шер көкірек халық, мына қысылтаян, басына алмағайып ауыр салмақ түсken заманда арыстандай жауына айбат шеккен перзентіне разы ақ пейілін осылай көрсетті. Міне, сол халықтың осынау қының-қыстау шақта, ондап-бестеп қыргидан қашқан торғайдай басына сауға іздеген қорғансыз балаларын Жақаңның төңірегіне жіберсе, оның несі айып. Ауыл үстін басқан топ — сол боздақ жастар. Олардың да айтары, естігені мен білгені, жүргегіне түйгені, жарқ еткен шақлақ отындей сыртқа шығар кегі бар. Эсіреле ыза мен ашуға толы жігіттердің аузындағы әңгіме Адыrbай мен елді апатқа айдаған билер жайында өрбіп жатады. Олардың Жақсымбетке қысас, өштігіне арналады. Болыс пен билердің сонда бірінің аузына бірі түкіргендей Жақаңа қарғыс айтып:

— Қаны қара бұзық адам!

— Ел булдіруші.

— Кісі өлтіруші, қаскөй.

— Күні кеше Адыrbай болыстың жылқысын алған баукеспе үры.

— Не деп кетті өзі? Патшаға қарсымын дейді, ә!? — деп, не айтар екен дегендегі жандарал күбірнатырдың өкіліне жалбарына жарамсақтанғанына дейін тап басып әңгімелейді, Жуан қарын, сасық өңеш билерден бір дәрменсіздікті байқаған ол:

— Немене? Сондай-ақ бұл жуан қазақ Россия императорына Пугачев пен Степан Разиннен күшті бол па? Жаз, бер бәрің сөзінді! — деп бұйырған.

— Ия!

— Е, бәсе!

— Өзіне сол керек! — деп, талай сақал шошаң-шошаң еткен. Талай дәу қарындар, талай шоқтық көтерілген. Тауы үш күннің ішінде Жақсымбет аулына қарулы қырық жігіт аттанып, Адыrbай болыстың бар жылқысын қайтарып, Жақсымбетті қолға түсіріп, байлаап әкелмек. Ол — ел басқарған осы көптің мәслихатындағы пәтуа бойынша, патшаға қарсы адам, ел арасын бұлдіруші деп танылып, ісі тергеуге беріліп, өзі қоса айдалуы керек. Міне, ел ұлығы мен патша әкімінің шешімі. Жүзге жынық кілең дүр жігіттер күні-түні ат үстінде болуының түпкі себебі де осы.

Алғашқы айқас көп кешікпей Каражардың Талмас жақ желкесінде болды. Аспанда ызырық жел айдаған қою қара бұлт. Ақтан бастаған жиырмаға тарта жігіт жылқы күзетіп кеткен. Ауыл сыртында да сақ күзет бар. Іңір, үйқының кезі. Қатты мызып үйқтап кеткен екем. Дүние тасырлап барады. Қою қарандылықты тілген ашы айқай талып естіледі. Қым-қуыт шабыс. Аттың басына ерік берген біз сол тасырды бетке алыш, сарнаған желге қарсы жұлдыздай ағып келеміз. Тағана бере:

— Ұрып таста!

— Қаға соқ!

— Аяма, атаңа нәлдетті! Үйірмелеп қайыра ку!

— Ортаға ал, ортаға!

— Эне біреуді шашып таста! — деп жанықкан дауыстың ортасында тасырлата шапқан оннан астам адам бетле-бет кеп қарсыласа берді. Сарт-сүрт соққан сойылдың дыбысы. Ер-тоқымын бауырна ап, оқырана шыңғырған аттың кісінегені. Бүкіл дала екі ұдай бол қарсыласқан адамға толып кеткен секілді. Бір жағы қаша ұрыс салып, сыйыла жөнелсе; екінші жағы желкелей соғып, қуып барады. Тасырлай шапқан аттылардың дыбысы ұзай берді. Адыrbай, Ақтай аттандырған алғашқы қарулы қырық жігіт осылай жан сауғалап

кеткен еді. Сарысу, Қенгір өзендерін мекендеғен ел оңтүстікке бет қойып көше бастады. Құні кеше осы жерде отырған шағаладай ауыл ертесі жоқ, жып-жылы жұрты ғана қалады. Қарабала-Шағыр, Қозыбай, Шағатай руладының да жігіттері атқа мінген.

— Таяуда Қараөткелден Атбасарлатып ел ішіндегі дүрбеленді басуға мың солдат шығыпты. Бет алысы — Карсақбай, Ұлытау, Жезқазған. Жолдағы елді қырып-жойып, қарсы келгенде атып-шауып келеді... — деген сұық хабар онсыз да есі кеткен, етегін басқан елді ойран асыр етті. Бөріден шошып, бастығырылған қойдай үріккен ел алды-артын жия алмай жосып, жөнкіле көшті. Жақаң аз ауыл жаңғабыл-сапақты үркіте көшіруге лаж таппай, ақыры, кекке кек деп, бір түнде Адыrbайдың жүзге жуық түйесін құдырып алдырған. Енді мына қаһарын төгіп, қан сасытып келе жатқан солдаттан ығыса көшкен елмен бірге өз жұртын да жылжыта бермек. «Көппен көрген ұлы той, ала қайғыдан сакта, құдай!» деген заманда, бала-шаганы бір күн болса да жау көзінен тасалау керек.

Жақаңның төңірегіне қазір үш-төрт жүздей жігіт топтасқан. Осы күш таяу қолтықтас отырған Қарабала, Шағыр, Қозыбай, Шағатай, Шәлтекенің екі мыңнан астам жігітімен тізе қосса, тау өзеніндей жойқын күшке айналғалы түр. Онда сөзсіз апатқа қарсы сел қаптамақ. Туған жердің сай-сала, тау-тасы — бәрі адам, бәрі қуат-күш емес пе. Міне, Жақаңның ойына түйген соңғы кездегі уміт-қайраты — бүл. «Япырмай, Деев пен Эділбектен хабар болмай кеткені несі екен. Заман сырын алыстан болжайтын томағасызы қырандар неғып жауапсыз қалды?» — деп, көп айта беретін болды сол күндері Жақаң. Ол бұрынғыдан көп ысылған. Қебіне дамыл таппай ат үстінде жүргендіктен бе, байырғы киімі де денесіне кеңіп, шұбалан тарта бастағандай. Қөзінің үстінің еті бұрын томпайып тұратын тәрізді еді, қазір азайып, көз аясы кеци түскен. Онысы бет-бейнен-

сіне басқаша бір устем сүс беріп айбаттандырып жі-берген. Қалың қасы көзіне төнен түсіл, қыраулы күздің шыңылтыр салқыныңдай айбатпен өзіне қараганды жасытып тастайды. Оның ойлы кейлінен алыста жатқан құдіретті қүштің асау табы айқын көріне бастаған-дай еді.

Үркे көшкен ел өскен жерін қимай қатты қиналып, күніреніп барады. Атамекенді жырға қосып, азынаған азалы үндер, сыңсы шыққан дауыстар жиі естіледі. Бәрінің де жүзі сынды, өздері жылаулы, көңілдері дауыл үргандай аласапыран...

\* \* \*

— Бергі жағаға төрт-бесеуің, арғы жағаға да соңша, мына қарсы алдыға, сонау бір қалыңға он шақтың тез жетіндер. Тез!— деп бүйірды Жақаң. Қолындағы дүrbісін көзіне қайта көтеріп.— Иә, ағып келеді. Жұлдыздай аққан екеу! Қалай да қолға түсіріндер. Қалай да қолға түсіріндер, қапысыз болындар. Ақтан тездет!— Жақаң биіктен ойға жүгіре түсті. Жұрт аяқ асты әбігерлене қалды. Бірінен-бірі озуға егескен қос шапқын, шұбалған шаңды артына түйдектен тастап келеді. Эне, өзеннің бергі жағасынан төтелей қосылған бес атты. Оған қосыла қарсы алдынан мандай тұсынаң қол созым биік талды далдалап, бұғалық тастайтындей иықтарын оңтайлас көтере ұмтылған Ақтан бастаған сойдауыттай кілең дур тағы шықты. Жок, мына ала құйын, ақ бақай жел табан жүйріктер шаң қантырып кетті. Соңша аттының ешқайсысы да атқан оқтай зу етіп, құйысқаны сартылдал өткен мына жел аяқ жүйріктерге маңайлласа да алмады. Тек он жактағысы жалт қараганда Ақтанның:

— А... а... ей, Ақ... нүр!— деген дыбысы ғана шығып атойлас қала берді.

Беліне қайқы қылыш байлаған Жақаң өз үйінің алдына шығып, солардан көз алмай қарап тұрған. Жұлдыздай ақкан аттыларды бір мезгіл қызықтаса, бір мезгіл беймаза күйде іштей өрекпуде еді. Ауыл маңына тақай бере ат тізгінің тартып, жер сүзген жануарларды шулғытып, ойнақтата секіртіп келе жатқандарға таңырқай қарап қалған-ды. Олар да өзеннің Қаражар жақ бетінен топтана құлаған көп аттыға назарлай қарап, ақ боз үйдің алдында тұрған кісіні бетке алды. Дауыс жетер жер таяна бере қасындағыға өз атының шылбырын лақтырған Ақнұр:

— Көке,— деп, аттан түсे жүгірді. Бір сәтке антарылған Жақаң мына таныс дауысты есіне енді түсірді ме, қалбалақтап оған карсы жүгірді.

— Ақыжан, нұрым, жаным!— деп, кең бауырына тарта құшып, маңдайынан шөп-шөп сүйіп жатыр. Ақнұр болса сынсып, солқ-солқ жылауда. Ауыл адамдары да жинала қалған. Бұл келгендер — Ақнұр мен Салықбай еді. Бірі — Адыrbайдың ағасы Доланың жалғыз баласы. Екіншісі — келіні, Салықбайдың эйелі — мына мениң апам. Мінгендері — қанатты құстай самраған Адыrbайдың Кертайлак, Бозтайлақ атанған ұранға шыққан бәйге аттары. Салықбай Жақаңа екі қолын беріп амандасты да, қиқылдаған әтештің үніндей бір жат дыбыс шығарды. Оң қолын топшысынан қайрып, жалғыз саусағын иығынан асыра көтерді. Тағы сол оң қолын төмен түсіріп, санын сабалады. Алғашқы ымдағаны — сояуы шошайған мылтық екен, соңғысы — қылыш. Бұдан соң сүк саусағын ұртына шығарып борс-борс жел шығарды. Онысы — атады дегені екен. Сөйтті де, өзі келген терістікті нұскап, көзін алаңдатып, соншама көп адам келе жатыр деген үргым туғызды. Енді Ақнұрмен тілдесе келе, осы соңғы бір жеті бойы ол елді қалың жазалаушы отряд басқанын, кінәлы-кінәсyz демей, елді талап, бағзы бір қарсыласқандарды атып жатқаны аныкталды. Болыстың,

жергілікті әкімдерінің сілтеуі бойынша, жазалаушы отряд ушке бөлінген. Бір тобы — Қарсақбай, одан Білеуті, Дүйсенбай өзеніне, бір тобы — Ұлытау, енді қалғаны — осы Қаражарға бет алған. Бұлай қарай келетін солдатты басқаруыш атакты қаныпезер пристав Хамулла екен. Олар жоғарғы ұлықтардың бүйрықтары бойынша, ошаң етіп атқа мінген, ең көбі төрт-бес адам бол топтасқандарды ешбір тергеусіз атуға ерікті. Осы қызын-қыстау заманда Ақнұр мен Салықбайдың жеткізген тың хабары — бұл.

Күндіз-түні жылқы сүтімен суарылып, сұлыға пісіп бапталған қос тұлпарды түнде жасырып мініп қашқан бұлардың мақсаты: не болса да мынау жазалаушы отрядтан бұрын жетіп, хабар беру. Жаңа жол тосып бұларды қолға түсіре алмай, енді іле жеткен жігіттер тағы қоршап алды. Истің мән-жайын түсінген олар:

— Шіркін, Ақнұр-ай! — деді.

— Азamatым-ай, мұндай жанкешті катерлі іске мылқауды қалай көндірді екен, ә? Қыз да болса біре-гей екен-ау! — деп жамырап кеткен көпті:

— Жә, сәл! — деп тыбып тастаған Жақан, сол жerde өз шешімін хабарлады да, таяу елдің бәріне кісі шаптырды.

— Елден жан артық емес, жан — ел садағасы. Жау жағадан алғанда, бұта түбін тасаларым жоқ. Осы түн бар ауыл Жетіконыр құмына, бетке қарай жылжи берсін. Ал маган ерген азamat, еліне ықтын болғысы келген ер жігіт осы Қаражар бауырында қалсын! — деп ағыла сойледі де, бар даусымен:

— Мейлі, Мекалай патшаның өзі келсе де бас имен! Өзекті жанға — бір өлім, жағаласпай берер жаным жоқ! — деп шаңқылдай ұрандады...

Бағанадан бері әнгіменің қиуын келтіріп, арқасы қозып, шабыттана сөйлеп отырған Нұrbай карт осы түсқа келгенде сәл бөгеліп, көзі жасаурай ойланып қалды. Мен де оның әжімді жүзіне аңтарыла қарадым.

— Е-е-е, қарағым-ай, бұл өмірден, әне, сондай ер жүрек аталарың өткен...— деді, сонсон Нұrbай қарт сезін жалғап:

— Ия, мүмкін, біздің осы шат өмірізге бақыт тұғырын орнатқан сол сұрапыл бет қайтпас Жақана, Жақаң сияқты ерлерге біткен ерлік шақпағы шығар. Шыбын жанын мына туған халқының болашағы мен бакытына құрбан еткендер ғой олар!— деп, сақалын тарап қатты құрсініп алды...

— Осы Қаражар басынан соноу... бұлдырап көрінген Шайкөз бйігіне дейінгі екі ара — шеп құрған адамдар. Қарабала-Шағырдың жау тоқсан мыңдан асқан қарулы жігіттері. Бергі жағы — Жақаң бастаған біздің қол. Қенгір өзенінің қамысы мен талын далдалап жаттырмыз.

Бұл екі ортада қанша күн өткені есімде жок. Әйтеп, сарыла күтіп, жау тоқсан жігіттердің аузына «әй, сол солдатының келетіні бекер шығар» деген күнкілдің кіре бастаған күндері еді ол.

Тұн. Аспан түп-тұннық. Біз биік басындамыз. Сарысай бойындағы қыстау тұсынан лап етіп жанған от көрінді. От қанаты бірте-бірте биіктеп, тік жанып, төңіректі қоңыр қошқыл шапаққа бөлеп жіберді.

— Ақтан, Нұrbай, барыңдар тез! Шолып келіндер! Не от?— деп, Жақаң бізге әмір етті.

— Тез, тез!

Әрине, ол кез бұлдырық құстай ағып тұрған шағымыз емес пе! Асығыс шабуылмен Сарысай табанына да жеттік. Тасалай қарап тұрмыз. Қалың жазалаушы отряд, көп мылтық!— Нұrbай қарт нұры азайған көзін кенірек ашып, алыс атырапқа қалды.

\* \* \*

...Серіз қанат ақ үй оқшашау тігілген. Жібек желбау, қан қызыл айшықты өрмек, айшықты ашық өрнекті

басқұр, керегесіне, босағадан төріне жеткенше кілем тұтылған ақ орданың табалдырығына дейін сырмақ, текеметтер төсөлген. Оның үстіне сары ала патсайы көрле, құшақ толтыратын құс жастықтар тасталған. Бұл — Адыrbай болыстың жақындаған иіс-қоңыстан аулаққа келіп қонған беті.

Жаз бойы жан баспаған соны қау шөбі мал аяғымен жапырылмаған. Таяу күндері толассыз төгіндеп еткен нөсер жауынның әсері ме, буыны қатқан шөп те жасаңғырап, көксагалдана қалыпты. Шөп тубі — жібек, көк күлте, көк шашақ. Бұл өзі — жыл аралатып қана күз айында, онда да айлат емес, апталап қана. Әсіресе осындаған бір сыйлы қонақ күтер шактаған үй тігілетін қүйқалы жер. Жұрт бұл жерді «Қеккілем» деп атайды. Піскен шөптің иісі қолқаны атып, танау жыбырлатады.

Үй алдында болыскей ақ самаурыннан будақтап шықкан тұтін баяу шалқып, қалың қауға сіцип, қайта көтеріліп будай бұрқырайды.

Аулақта, әй дейтін жerde төрт-бес қараша үй ұмаржұмар біріне-бірі таяна тігілген. Сол үйлер жанында Ақсойыл бастаған Қекжал ма, бірнеше жігіт қысырдың тайын қарбалас жығып жатыр. Тай шыңғырып жіберді.

Бірақ опай-топай тез қимылдаған жігіттердің бірі қылыштай қайқыған өткір селебемен оның алқымын орып үлгерді. Әлсіз ғана қың еткен жануар бүкіл денесі дір-дір етіп, ендігі сәтте қүйрығы шошаңдал жатты.

— Кеспеге қара жоқ екен.

— Ақтай мырзаның аузы салулы фой.

— Е, аруақты ер емес пе! — деген шолақ көтерме естіледі жігіттер арасынан. Семіз жас жылқы етіне деген құлқын құмарлықпен апай-топай тайдың терісі де туспіл-ак қалды.

Ауыл сыртында, мына шаңқан ақ үйден аулақ кермеге байланған ер тоқымды аттарға қарағанда, бұл ауылдағы қонақтар он-он бес шамасы ғана. Соған қара-

мастан тай еті түгелдей шып-шырғасы шықпастан, он екі қарыс қара қазанның ішіне түсті...

Гүлді бұқар жібергінен қос етектеп тіккізген мол кейілек көркіне көрік косып, болыстың жас тоқалы күміс ожаумен сары қымызды сапырып отыр. Сымдай бұралған ақ саусақ кәрлен кесені көтергенде сынып кетердей майыса түседі. Тұп-тұнық қара көз жалт етсе, жаңар жапқан ұзын кірпіктер бір сырдың бетін қынтағандай ұзарып кететін сияқты. Аққудың бөтегесіндегі ұлбіреген бүйрек беті мына жуандар алдында қысылып, ұялыс таба ма, әнтек қызара қалды.

Сұлу тоқал, мол жасаулы ақ орда, сән-салтанат, байлық-бақыт буына елтіген Адыrbай кеседегі қымызды обыға дем алмастан бір жұтып, манаураған тәқаппар бейнеде көзін шала жұмып, төрдегі Ақтайға қарал сөйлем кетті.

— О, Ақа, «көп қорқытады, терең батырады» депті бұрынғылар. Бұл не сөз? «Мың қойды ай мүйізді серке бастайды» депті. Бұл не сөз?— деп аз кідірді де,— осы өмірімде арынды дарияның, не сарқырай акқан құдай жаратқан өзеннің арнасын бұзғанын көрмеп едім... Сондай-ақ бет алған ағысынан танып, кері аққанын көрдім деген пендені естісем керең болайын!— деп, таусылған адамдай біраз отырды. Кім не айтар екен, менің мына тұспалыма дегендей паң отыр.

Төрдегілер ауыр денелерін зорға ырғай қозғап, бастарын шошаң еткізіп көтерісіп-көтерісіп алды. Бәрі де селт етіп, Адыrbай сөзінің астары мен тігісіне ой көзімен жіті қадалатын сияқты.

Бірақ бәрі де қалың қабактарын үнсіз түйіп, ойланып қалғандай. Адыrbай тағы да іле сөйлей жөнелді.

— «Құл жиылып бас болмайды, құм жиылып тас болмайды» деген немене екен? «Қаулы жерде өрт көп, даулы елде дерт көп» деген немене екен?— деп мақалдаған ол, тағы да үй ішін бір шолып өтті.

Манадан дөңгелек жүзі бір-екі рет жыбыр етіп, езуі-

не күлкі оралғандай болып қозғалақтаған Ақтай асықпай басын көтеріп:

— Ия, Адыrbай мырза, сауалдарың өте орынды. Эрі ойланарлық сауал. Көп коркытады, әрине, себебі ол — көп, мыңға қарсы шыққан жалғыздың қолынан не келеді? Қөпке топырақ шашқан кімді көрдің, о заман да, бұ заман? Айта алмайсың, әрине. Эр нәрсе өз дәуірінде. Халықтың «көпті жамандаған — көмусіз қалады» деген даналығы тағы бар. Осы өзіміз мекендеген жердегі биiktің бірін копарып көрейікші. Сол биігің де кіл бітеу тастан жаралған емес.

Ал әлгі бір «қауалы жерде өрт көп, даулы елде дерт көп» деген тұспалың да осы бүгінгі күнің болып журмесін. Қазіргі алдың қалың дүrbелең — қау емей немене! Ал ол тұтанып жанып алса, сөнбейтін дау емей немене! Сондықтан ерте ойлан, ойлан да, даумын деме, ал дау болсан, дерттен саумын деме! Дау да кесел... — деп ұзак сәйлеп кетті.

Басқа жан тіс жарған жок. Бәрі тек бастарын изеп отыр. Келіскеңі болар. «Көк кілем» бастаудағы қос жидеге қона қалған бір топ қарғағана әлгі пікірді құптағандай бірінен соң бірі кезек қарқылдал, ауыл үстін даңғаза етіп жіберді.

Тағы да мына сойылып жатқан тайдың жылы-жұмсақ қызылынан дәметкен ала қанат сауысқан да ши басына қонып алыш, толассыз шықылдайды.

Осы бір тақыс сақтық пен аш көз сұғанактық, екіншісі — айласыз, құр айқаймен өңзөлік бейнесі болып, Ақтай мен Адыrbайдың көз алдарынан кетпей қойды. Қара қарға болса, тобын жазбаған күйі дүrkірей ұшып манағайып болған, ал сауысқан ауыл үстін торып әлі жүр. Ақтай да, Адыrbай да қабактарын шытына қалды.

Таразы басына қараған ак қаптал, әkkі саудагердей кірпіктерін жиі қағады. Демдерін ішіне алыш, жанын шүберекке түйіп, айдаһар алдын тосқан мергендей күй кешүде, бірін-бірі анди бағып қалған.

Дәл қазір сегіз қанат үйде ошаң етер тірі жан иесі жоқ сияқты. Бәрі тас мұсін бейнеге көшіп, мелшиіп қатып қалған.

Мына қалпында олар өз ойларын айтып, орындауға әмір ете ме, жоқ болмаса, онсыз да уысынан шығып бара жатқан дүниені тәрік ете ме, түсініп болар емес. Отқа түсіп өртепетін, не суға түсіп тұншыратын сынайда ұстараның жүзіндегі толқып түр. Эсіреле Ақтай ақ тастан құйылған сұпьыдай қимылсыз қалыпты.

— Адыrbай мырза!..— Ақтай өзіне Адыrbайды жалт қаратса да, ештеңе айтпады. Басқалар да, Адыrbай да дауыстаған Ақтайға телміріп қарап қалған.

Дәл қазір сонау қараша үйлерге кіріп-шыққан адамдар мен байлаудағы аттар болмаса, бұл ауылдағы тіршілік мәңгі үйқтап кеткендей. Адыrbай мен Ақтай бастаған мына отырғандардан селт еткен әлі біреуі жоқ, селт етер де емес. Бәрі де алақанына алмас не сынап ұстагандай қыл үстінде отыр. Өзімен-өзі айтысқан жандар. Сол қыл, әне-міне, үзіледі, сынyp тозып шашылады, алмас қүрені қып түседі деген зіл салмақ еңсені езгелі қашан.

— Адыrbай!— Ақтай қайта лап етіп, аялы көзіне отжиып алды да:— Наушабайда ошарылған, күні ертең зеңбіректің оғына туралатып боздақтардан...— тілі күрмеліп, мойын тамыры білеуленіп, өні өзгерген ол тағы үнсіз қалды. Айттар сөзі өзіне де, өзгеге де ауыр тиеді деп ойлай ма, әлде ел билеген мына жуан қарын жүлделес, үзенғілес дос, тілеулестерінің көзіл шырқын бұзып алам ба деп қорқа ма кім білсін, тағы да іштей тынып қалды.

Төрде отырғандардың бірлі-жарымы ғана көктемнің алғашқы ыстығынан бойына қуат жинап, енді ғана тірілген жыландай қозғалысқа ене бастады. Бірақ, неге екенін кім білген, Ақтай мен Адыrbайдан басқаның тілі байланған. «Шағатын жыланның бәрі де улы...» деп түйді ойын Ақтай. «Ал у — жандыға ажал әкеледі. Ен-

деше, Сарыарқаның бойын өрлеп келе жатқан пристав Хамулла да улы жылан!».

Мына ойы өзін шабатын қылыштай көрініп кеткен Ақтай селк етіп, шытына қалды да:

— Жоқ! Қазір... Шабарман! Шабарман!— деп қатты айқайлап жіберді.

«Маған да сол керек, сал бексе семізім! Ер болсан тап бас!»— Ақтайдың не ойлағанын дәл басып, үстіне тусін отыр. «Маған жайы мәлім. Карабала-Шағырдың кіл боздағын Хамулланың оғына тоса алмайсың. Енде-ше, сенің солқылдақтығың менің жауымды жермен-жек-сен етеді!»— Қас қаққанша Адыrbайдың өзінше іштей корытқан байламы — бұл.

Қара қазанда бүрк-бүрк қайнап, түбі қоңырысып күйе бастаған бекпендей өзін-өзі жеп, шыж-быжы шығып отырған Ақтайды қайтпас шешімге келтіруді көздеген Адыrbай оқты көзімен тік қадап.

— О, Ақа, шабарман іздел келіп пе ең мұнда? Нау-шабайға төте жол — Қенгірдің басы деп отырсың ба?— деп шарта жүгініп алды да.— Құні кеше жағана қолын, кеңірдегіце пышағын жұмсаған рақымсыз нөлір бүгін бауырымдап қойнын ашады деп пе ең! Бердім саған, бауырың елжіреген екен! Тфа, тфа, пәлекет, бар, бар!— деп, етегін қағып қисая кетті де, сөлден соң қайта тіктелді:

— Бірақ, Ақа, қолқаңа пышақ тиіп, қансыраған шағында көмек сұрама! Елмін де, жаумын да демеймін!

Ел билеген жуан қарын би-болыстар осылайша әр-қайсысы өз таралғысына салмағын салып, шіренісі қалды. Қімді-кімнің ат үстінен аударып кетері әзірге беймәлім.

— Мен ақ патшаның әміріне қарсы келе алмаймын!— деді Ақтай, өзінің түпкі ойын жасыра.

— Сонда қарсы келетінің мен бе?— деп қияс тартты Адыrbай.

— Ендеше, доғар, өзімшіл бас сауғанды!

— Мен бе, бас сауғалаған?

— Эрине!

— Жоқ, Ақа, құдай бар, пайғамбар мен патша әмірін бұзушы емеспін. Ол қасында, он тізенде отыр!— деп екіленді тағы Адыrbай Ақтайдың жанына тиіп.

Ақтай бар денесімен қозғалып, он жағына қарады. Адыrbайдың кімді мензеп, кім туралы айтқанын төз туsінген ол:

— Эркім өз қызығын көрер!— деп, сызданып отырып қалды.

— «Не ексең — соны орасың»,— деген бар.

— Мейлі!— Ақтайдың даусы қатқыл шықты,—өз еккенін орса орсын... ол он жамбасына қисайды.

Адыrbай мен Ақтай осылай келісті.

Сол күні намаздігер кезінде ауыл сыртында екі кісі сөйлесіп тұрды. Бірі — Адыrbай, екіншісі — Ақсойыл.

— Ендігі жұмыс сенде. Қарабала-Шағырдың мыңнан артық жігіті Хамулланың жолына қақпан болып құрылғанын білесін. Мақсат — сол топты осы түннің ішінде тарату. Ол үшін қазір қасыңа екі адам ал да, тез аттан!

«Патша жарлығынан қайты. Солдатқа қазактан адам алмайтын болды»,— деп, сол көпті сендіресің.

— Құп!— Ақсойыл әдетінше мысық мұртын тіліне орап, жалап-жалап алды. Қашан айтактайды деп иесіне қараған аңсыраған тазыдай кипаңдаған ол жіті басын атына беттеді. Ақсойыл — Адыrbайдың әмірін екі етпеді. Сол туні Наушабайдың алқымында Хамулланы тосқан қауымды сүттей ірітіп, таратып жіберді.

«Ал Жақсымбет мандайың мықты болса — шыда менің тоқпағыма» деп Адыrbай қалды.

...Жарақты қалың солдат биіктен кең айдынының тоспасызы жалпақ жазырына төгіле жөнелген селдей сол күні сүйт жүріспен Қаражарға таяп келіп ат басын ірікті. Бұл қансыратар арам ойын жасырмай, бар айбын, қайратын паш еткен, «келсөң кел — кел» деп, сыбанған құбыжық ерлік еді. «Кане, тіктесер, белдесер қуат, орақтай оратын қылыш, көзге көрінбес оққа төтеп берер ер болсан, шық былай атойлап!» деген тәжіке өктемдік еді ол.

Жау саны жағынан көп болмаса да, қару-жарагы, винтовка, пулемет, қылыш, қол бомба және ықшам тез қимылға төселген машығымен-ақ шұбалған шекпен киғен қыр қазағынан әлдеқайда басыммын деп түр.

— Уа, жігіттер, өзекті жаңа — бір өлім! — деп, Жақсымбет топ алдына шықты. Түсі сүйк. Астындағы қара көк арғымақ артқы екі аяғымен тік тұрып аспанға атылып, бой бермей тұр. Мына келген — сені қыратын, тірі қалғанынды құл, қатынынды күң ететін қас жауың. Қек желкене қылыш безеп, көрініп келген әзірейіл — бұл. Айтқаныма көнсен де көнесің, көнбесен де көнесің деп келе жатыр. Жерінді өртеп, күйедей жалаң, «астыңғы ерні жер тіреп, үстінгі ерні көк тіреп» жалмауыздын деп келеді. Жалмауыздың да жаны бар. Солдатқа барсаң да өлдің! Ал бірақ туған жерде өлу — бір басқа. Ол — кіндік қаның тамған ана бесігің. Ата-бабаларыңың жастық шағы өткен, өздеріңнің қаз басқан мекенің.

— Мұнда жауыңмен шайқасып өлу де мәртебе, даңқ! — деді ол қолын сілтеп.

Әне, будак-будак тұтін шыққанын көріп тұрсындар. Түскі ас қамына енген шағы болар жаудың. Ақтан, Нұрбай! — деді, енді біз тұрған жаққа шұғыл бұрылышп, — өз жүздіктерінді алып, өзеннің осы тұсынан өтіп, қалыңға еніндер! Біз, — деді, тары оң жағында тұрған топты шолып, — Қаражар биігінен көрініс беріп, жау

назарын өзімізге аударамыз. Олар Каражардың ықылым заманнан бері жел қауып, аяз қарып, жауын шайған қабағын оқтың астына алар. Эрине, ол оқ мына биіктегі бізге жете бермейді. Ал жолдарың болсын!— деп, өзі Каражардың құн бетіне қарай жорта жөнелді.

Аспан күмбезі әлем-тапырық. Дауыл. Аспандағы дауыл. Адам айтып болмас зор екпінмен жағага соққан мұхит толқыны бүгін көк білігіне көшкен сияқты, аласапыран. О шеті мен бұ шетіне көз жетіп, ауқым-аймағын байқата бермейтін ақ сенгір, көгілжім, орқы-шорқы таулар. Бірінің үстіне бірі өрмелеп, күрс-күрс соқтығып, бірін-бірі паршалап жатыр.

Аспан әлемінен ұлыған қасқырдың, не қасқырдан қорынып тайынша-танасын ортага алып өкіре жөңкілген көп сиырдың үні естілетіндей. Ия, кейде бірін-бірі талаған тау күтір-күтір күйреп, қатты салмақпен соғылышқан жартастар ыспалап, жарқ еткізіл шақпақ шағып, мына қара көлеңке жазираада не болып жатыр дегендей сығырая қарайтын сияқты.

Кейде гүлдеген өкпек түтеп-түтеп екпіндең соғады.

Міне, сол сәтте жер бетіндегі тіршілік тұншығып, шыңырауға батып бара жатқандай даңғаза үн естіледі.

Аздаған қамысы болмаса, тал, жіде өсе қоймайтын көсөнің иегіндегі Сарысуға сырты тұкті жұлдыз құрттай ирелендеп, қалың тал мен қамыс жамылған Қенгір жылжып ағып, Каражар биігінің түбінен келіп құйып жатыр.

Екі өзеннің құшағы айқасқан қолтық-жайылма, су қантап, бидайық ескен жазық жер. Мұнда Шәлтеке Аманбай батырдың қыстауы бар.

Міне, осы қыстауды көк ала тұтінге көміп жатқан қалың солдат биік басына шыққан сарбаздарды көре сала, ордалы оқ жыландаі бастарын қайқайтып, соғыс жағдайына көшті. Екі жерден құрылған пулемет, жұздеген винтовка бір мезгілде «сөйлеп» кетті.

Фасырлар бойы тұкті қабағын ойлана түйген Карап-

жар биігі мандайын оққа тестірді, беті шешек жегендей лезде шүрк-шүрк болды.

Алыстан талып жеткен оқ биік басынан төбе көрсеткен Жақаң тобына дарымай, жар қабақты қауып жатыр. Есі-дерті сонау Қаражар үстіндегі топта болған солдаттар желкелеп согар қатер барын ойламаған.

— Қапта!

— Ұмтыл!

— О, а!

— Қаптағай! Қаптағай! — деп ұрандаған қарағай наизалы, айбалталы сарбаздар қалың тал мен қамыс, көк жиденің ішінен өре ұмтылып лап койды. Қас-қағым арасында қолма-қол ұрыс өріс алды. Жаудың сол қана-тын маған қалдырып, сарбаздардың негізгі күшін жаудың үйліккан орта шеніне төге ұмтылған Ақтан даусы кундей күркіреп, қайың сойылды екі жағына алмас қылыштай кезек сілтеп барады. Лап қойған тұтасқан қол шу дегенде көк майсаны жапырып өткен қалың іздей бір сәтке жаудың үшіріп, бұқтырып-ақ тастады.

Осы қарбаласты пайдаланған Жақаң тобы да биік басынан төмен құйыла қаптап берді.

— Қаптағай! Қаптағай! Қаптағай! — деген айбарлы үн кең даланы дүр сілкіндірін, жаудың жаңын бір қауызға тыққандай болды. Мына екі жүздік сойыл, айбала, наиза жұмсал, алапат қарқынмен солдаттарды ат бауырына алып, ілгері озып, енді қайыра ұмтылғанда, бір кабырғасы құлаған қора түбіне пулеметін сүйрей жөнелген Хамулла пристав оған тіл бітіріп те үлгерді

Өз адамымен миласып, араласып кеткен сарбаздарға оқ жұмсай алмаған ол, биік басынан түйдектеле ойға төгіле құлап, ұрысқа араласуға таяп қалған Жакандарға оқты қардай боратты. Алдыңғы қатардағы бірнешеуі ат-матымен омақаса құлады. Сонда да алғашқы бетінен қайтпаған топ қүйіндай дөңгеленіп таяй берді. Әне, тағы да бірнеше адам оққа үшті. Иесіз қалған аттар оқырана кісінеп, дүрмекпен ілгері шауып келеді.

Ал жау болса, мына аласапыранда машыкты әскер екенін танытып, тез-ақ атқа қонып үлгерген.

Енді алмас қылыш жарқ-жарқ ауаны тілгілеп, қым-қиғаш ұрыс қыза түсті. Таңқ етіп атылған винтовка, на-ған даусы жиі-жиі шыға бастады. Сарбаздар шебі сөгі-лін, қасқырдан үріккен койдай өзенге қарай қайта сер-піле лап қойды.

— Қайтпа, қайтпа! Қаптай шап! — деп, қоңыр даусы құмыға шыққан Жақаң мен Ақтай жігіттерді аруақтан-дырып, жауға өршелене ұмтылуда. Қолында қарағай наиза. Әне, өзіне қарсы ұмтылған шикіл сарының сер-меген қылышын денесіне дарытпай, наизасын қайта сіл-тегенше болған жоқ, қара көк арғымақ шыңғырып ас-панға секірген бойда мұрттай ұшты.

Бұл тұста жау шебі де кейінде, жиі атылған оқ астында қалған сарбаздар тобы сиреп, көпшілігі өзенге, қалыңға еніп те кеткен. Енді байқады, төңірегінде он-он бес шамасы ғана адамы қалыпты. Олардың да осы кас пен көз арасында бірнешеуі оққа ұшты. Өзі жаяу, ал жау болса атқа қамшы басып андағайладап таяп қалды. Осындай жаннан үміт үзген ауыр шақта:— Аға, кел! — деген дауысқа жалт қарады Жақаң. Ақтан екен. Торы қасқа атты көлденең тосып, өзі кейін жылжып, ерін босата берді.

— Тарта, бер! Тарт! Жанынды сакта! — деді Жақаң, алпамсадай екі адамды бір аттың күтқара алмайтының әп-сэтте болжап.

— Мін, бауырым, кел! Сізді тастан кете алмай-мын! — Ақтан ағасына әрі әмір етсе, әрі жалына қарады. Шан-шүң айқай, тарс-тұрс атылған мылтық дау-сынан үрке шыршық атқан торы қасқаның үзеңгісінے еріксіз аяқ салған Жақаң ер үстіне отырып, енді мой-нын бұрғанда, арқасынан қапсыра құшақтаған Ақтаның «аһ» деген үнін естіді...

Ізырық қара сұық әлі тоқтаған жоқ. Жер де, көк те, бүкіл дүние, кең сахараның бұтасы ғана емес, бір

уыс топырағына дейін азалы күй, зарлы мұң шегіп жүр...

\* \* \*

— Бұл күні Қаражардың батыс жонында бірнеше сұпы, үйме топырак пайда болды. Бәрі де бір күнде, бір мезгілде жерленді. Қілең 19 бен 31-дің арасындағы қыршын жас боздақтар. Он екіде бір гүлі ашылмаған қырдың желкілдей, дүр етіп бір мезгілде өскен жауқазын жастары. Аптап ыстық үргандай бір сэтте курап сола қалды. Мана мен басына барып мінажат еткен бірыңғай малта таспен өрілген сұпыда Ақтан, оған жетегабыл жатқан мениң әкем Әжібек. Ал кейінгілері көп боздақтар...— деді Нұрбай.

Мен үрыс болған кең даланы, жаңа ғана бнігіне шыққан Қаражарды көз алдыма елестетіп келемін. Арманда кеткен, мына советтік заманның ең болмаса алтын шапағын көре алмаған қыршындарға жүрегім езіле түседі. Көз алдымда жеміс беретін жас шыбықты рахымсыз біреу қаршылдатып балталап шауып, қып жатқандай.

Маған естірте күрсінген Нұрбай қарт:

— Ия, шырағым, Қаражар түбінде бір топ адамның сүйегін қалдырған Хамулла жауыз сол күні Сарысу өзенін жоғары өрлей, Қарабала-Шағыр ауылдарына қарай жол тартты,— деді толғанып.— Ел күніреніп кетті. Халық денесіне түскен мына жара ауыр да, ашы да еді.

Жақаң болса бұл күндері қап-қара болып түтігіп, қанын ішіне тартып, ғасыр жүгін көтерген құлпы тастай қатып қалған.

Тек кана шейіттерді жерлеп, бері шыққан соң атына қонған сарбаздарды қанталаған көзімен бір шолып, жарықшақтанған даусын соза, найзасын серт үстап:

— Ей, бақиға кеткен бауырлар, қош болындар! Армандағы деме, алысып кеттіңдер! Алыстамын демең,

дер, туған жеріңің қойына жеттіңдер. Мына тәнімнің жалғыз жапырағы қалғанша, сенің намысың мен арың болар жоқтарым! Мына қарағай наизамен түн тұндігін тұрткілеп, еңку-еңку жер шалып, жарық таңға жетпей тынбан! О, әділет күні қайдасың!— деп, шығысты бетке алып шаба жөнелген.

Қалың нөпір бол өре шапқан сарбаздар биік басына, осы Қаражар басына шықкан. Бәрі де сыз қабак, үнсіз. Манадан аспанның бір ауқым жерінен көзін алмаған Жақсымбет талақтай қарайған бетін көлкө бұрып:

— Ей, жігіттер!

— «Қабырғасын қаусатып,

Бір-біріндең сөксе де,

Қабағын шытпас ер керек,

Біздің бүйткен бұл іске»,— дейді ардагер, арыстан жүректі батыр, ақын Махамбет Өтемісұлы. Қане, қабырғасын қаусатса да қайтпайтын, маған ерем дегендерің оң жағыма шық, ал...— деп, ойын толық сарқпай қолын созды.

Осы сәт үш жұзге жуық сарбаз бір мезгілде атына қамшы ұрып, Жақаңның оң қолының астына топтасқан еді...

\* \* \*

— Ол өзі дүрбелені көп қиын заман еді ғой,— деп, Нұрбай маған барлай қарады.— Күн күйіп тұрган. Аспанда оймақтай да тесік жоқ. Қара құрым бұлт. Шатыршұтыр ойнаған наизағай калың жабағы бұлтты осқылап, көз ілеспес жылдамдықпен от арқандай ирелендеп қалады. Жел де ексімденіп, үдере соғып өтеді.

Ат құйрығын шарт түйген әр түрлі киімді сарбаздар толарсақтан саз кешіп, сылп-сылп желіп келеді. Бәрі де сумектеп суға малышынған, жүздері суық, қабактары қатқан.

Кең даланың да әрі кетіл, бұта біткен жапырағынан ажырап сояуланып қалған. Бұрынғыдай жағалай отырған ел, жайылған мал жоқ. Дала төрі жудеу, жабырқау.

Ел де, мал да — бәрі жұтты болып жоғалған. Сарысу бойы елсіз. Қаңырап бос жатыр. Қалың бидайғы теңіздей толқып, мыңғырған малға сыймайтын Бөрійнақ алқабы — мына жатқан, тым-тырыс құлаққа үрган танадай...

Жақаңның астындағы ат ана жолы Ақнұр мен Салықбай мініп келетін Адыrbайдың белгілі бәйге аты — Кертайлак.

Беталысымыз айтпаса да белгілі — Сымтас. Онда Карабала-Шағыр руладының бірнеше ауылдары бар. Кешегі Каражар бауырында қан төккен қалың жазалаушы отряд солай кеткен. Жақаңның да аңдығаны сол — қан құйлы пристав Хамулланың ізіне жарық алып түсіп келеді.

Казір Хамулла — мандайы тасқа тиген бекіре балық болса, Жақаң — оны тұмсыққа соқкан алып биік жартас. Әзірше жау мұрның ғана қанатып, аз шығынмен кетіп барады.

— Нұрбай, бері кел!

Мен қасына шауып келгенде, Жақаң:

— Эне бір шөгіп жатқан түйені көрдің бе? Өзінің үстіндегі жүк пе, әлде қоршаша ма? Әйтеір, жай емес. Мына елсізде неғып жатқан түйе соны біл! — деп бұйырды.

Оның әмірін қолма-қол орындау үшін әлгі қараға құстай ұшып жеттім. Айтқаныңдай түйе. Үстіндегісі әдемілеп түр салып айшықтаған бесік екен. Текеметпен мұқияттай қоршаңты. Жайбарақат күйсеп жатқан түйе мені көре сала орынан атып тұрды да, аузынан жынын бүркіп, бақырып желе жөнелді.

Мен таянсам болды, түйе жынын құса, сиғектеп, құйрығын қайқаң-қайқаң еткізіп, тайрандай жөнеледі. Бетімен жүрген не қылған жануар деп, төңірегіме жал-

так-жалтақ қараймын. Ешкім көрінбейді. Сейткенше, құлағыма жылаган баланың даусы шалынғандай болды. Атымның басын тартып, тың тындап тұра қалдым. Қателесеппін. Ақиқат баланың даусы. Арт жағымнан әлгі түйенің шөгіп жатқан жерінен аулағырақ тобылғы, ерек жусан, боз бидайық өскен қалыңың даусынан шыққандай.

Кейін қарай бұрылып, бас киімінді қолыма алып, дыбыс шыққан жаққа қарай желе жортып келемін.

О, тоба! Бала, кәдімгі кішкентай сәби...— деп, Нұрбай қарт қөзін жұмып, басын шайқады.— Сасқаным соңша, не істерімді білмей аңтарылып қалдым. Шалқасынан түсіп, омырауы ашық қалған әйелдің кеудесінде жатыр. Не істейін, ұзап кеткен сарбаздарға атой салдым.

Әрі бет алып бара жатса да, мені қөзінен таса қылмаған олар әні-міне дегенше шапқылап келіп те қалды.

— Не?— деп айқайлайды, Кертайлақтың басымен алысқан Жақаң.

— Бала!..

— Не қылған бала?

— Бала, кәдімгі сәби, адам баласы... Басқа түсінік беруге дәрменім біткен сиякты.

Аузы бұлк-бұлк етіп, ашылған омыраудан шыққан емшекті сорып жатыр. Сүт шықпай ма, әлде жағы тала ма, тез-тез сорып ерні бұлкілдеген бала шар етіп жылап, емшекті аузынан шығарып жібереді. Қайта сорады. Бозтандақ тартқан емшектің ұшы жылағанда баланың аузынан қайта шығып кетеді. Аймалап қайта табады.

Баланың қол-аяғы көкпенбек, үстінде ит көйлегі ғана бар. Шамасы, төрт-бес айлық. Шешесі шалқасынан жатыр. Сол жақ құлақтың сыртын ала, көк желкесіне оқтийлті.

Аттан қарғып түсken Жақсымбет баланы көтеріп алды. Тұнеріп, күйедей қарайып:

— О, сорлы қазақ, осы ғой күнің, мына жетім сәбидей ғой халің,— деп біраз тұрды да,— жігіттер, мына

өліп жатқан Сәтемірдің келіні ғой. Танисыңдар ма, енді болмаса мына бала да өлер еді...— деп, сәбиді қойнына тығып күйзеліп көп тұрды. Не істерін білмей шиыршық атқан жігіттерге:

— Ал не тұрыс бар? Мына әйелдің жүзін жасырындар,— деді.

Кенет төбеден шатыр-шұтыр жай атылғанда, аттар дір-дір етіп, кісінеп-кісінеп кетті. Шелектеп құйған нөсер қайта төгіп кетті.

Ен даланың төсін ат тұяғы дүбірлетті. Жер жібу. Аспан тұнере түсті.

Ат қарқынын Сымтас биігіне жетіп, Сарысу өзенін ете басқан бұл топтан қараң ете қалған жалғыз атты қалың қамысты тасалай қашты. Атын басқа-көзге сабалап барады. Соңынан тұра қуған мына топтан құтылмасын білді ме, әлде жаңдалбаса ма, аттан түсіп, жаяу қашты да, айдын суға киімімен сұңғіп жоқ болды.

Бауырынан жараган жіңішке торы тізгініне оралып ентігін баса алмай, бүйірін соғып тұр. Әлгінің қас пен көздің арасында ғайып болғанына таңданған жігіттер:

— Ей, біз елміз, шық бері!

— Тіл бер!

— Сорлы тұншығып өлерсің...

— Қарамалайға барып сен не ондырасың, турің мынау — тал түсте суға сұңғіген!— деп, әзіл-шыны аралас айқайлап жатыр.

Сөйткенше, Жақаң да келіп жетті.

— Эй, жігіттер, бейшараны бекер кудындар ғой. Щәйт болған, су жүрек бол қорлық көрген қазақ аз ба! Жүрек шайлы бейбақтың бірі де ол...— деді Жақаң даусын көтере сәйлеп.

Осы кезде Жақаңның мына сөзін естіді ме, өзеннің жарқабағына өскен қалың қамыс сыйбыр ете қалды да, үсті-басы малмандай су бала жігіт шыға берді.

— Ас-са-салаумағалөйком, Ж-жа-қа!— деп, сәлем берді ол кекештене.

— О-о әліксалам, Әлжікпісің, ей!— деп, Жақаң жылы үн қатты.

Салқын күнде суға түскен, күні бойғы жанбыр сүйегіне дейін өткен және әбден қорыққан бала жігіт қалш-қалш етеді. Бет-аузы су тиген көндей көгілдір тартып қаязып кетіпті. Tisi-tisiңе тимей дір-дір етеді. Іннен шыққан қосаяқ секілді, аксиған күрек тісін көрсетіп, қалтырап, құлғен болып тұр.

Осы сәт Жақаңның қойнынан баланың даусын естіген ол, еніреп жылап жіберді...

\* \* \*

...Аяғын қақпан қиған ызалы көкжалдай ытырына лекіген жазалаушы отрядтың басшысы Хамулла сол күні Берійнақтың биігіне шығып, дүрбі салып тұрды.

Қомды түйені жетелеп, өзендей жағалаған салт атты қылт етіп, олардың көзіне шалынған.

Биік басында тұрып, дүрбі салған Хамулла қоршаулы қомдағы балалы әйелді де, түйе жетелеген салт атты жігітті де жанында тұрғандай анық көріп, ұзақ қарады. Оның көзіне бұлардан басқа тірі жан шалынбады. Ол ашуланып, сыздынып, тісін шақыр-шұқыр қайрап: «Даланың тағылары, сендерге рақым жоқ», — деді даусын шығарып. Бұлардың бір жактан келе жатқан, не бара жатқан жолаушы екені сырт көзге айтпаса да белгілі еді. Асынган мылтық, сүйреткен сойыл жоқ, бейбіт, әрі түйеге бесік артқан жолаушының жаугершілікпен тілті де байланысы жоқтығы өз-өзінен айқын еді.

Бірақ жыртқыш жанда рақым, жана шырышылық болған ба? Талай қияннатты басынан кешірген, адам қанын судай төккен, бұл далада өзі би, өзі қожа Хамулла шо-лақ қара винтовканың шүріппесін қайырып, түйелі жолаушыны қарауылға ала берді.

Бұлкілдей желген түйе үстіндегі әйелдің ағарған

жаулығы иненің жасуындай қарауыл сыйығына іліге бергенде, мылтық даусы да таңқ ете қалды. Көк түтін бүрк еткенде, түйе үстіндегі әйел де шалқалаң, жайыла құлап бара жатты.

Әлгінде ғана емшек ізден жылаған баласын бесіктен шешіп, ыстық бауырына алып емізіп келе жатқан ана қас қағым сәтте төңкеріліп кетті. Сонда да оң қолымен баланы құшақтай құлады.

Хамулла шегір көзі ұшқын ата аса бір мақтанишиен айқай салды:

— Эппе! Қарақұстың аузын жұлып, көк жескені қынп кетті. Ақиқат! Барып көріндер! — деді өзіне бағыныштыларға.

Расында, Хамулла ұшып бара жатқан құстың топшысын қынп ататын сыралғы мерген еді. Міне, сол машиғын тата-тал түсте балалы әйелді атып тағы да көрсетті.

Мылтық даусынан соң сатырлап тұра шапқан аттылардың дүрсілін естіген, өзіне қарай қаптал келе жатқан көк мылтық асынған көп солдатты көрген жігіт жөпелдемеде ие істерін білмей аңтарылып қалған.

Бұл өзіне-өзі келгенше әулекіленген көк мылтық, көп қылысты қарулы топ та келіп жетті...

Атқан азын арам өлтіріп алам ба деп, бауыздауға асығып, тұра шауып ентігіп жеткен аңшыдай аласүрған мынау қатығез топтың түсі жан шошырлық болатын.

Олар келе сала ай-шайға қарамай, баласын қолтығына қыса шалқалай құлаған жансыз әйелдің желкес жағын, қара құсын, одан атқылап шыққан қанды көріп, мәз-мейрам болды.

— Міне, мерген!

— Сонша жерден қалай дөп тигізді еken!

— Бәсе, қаршыға көз дейтіні осы ғой генералдың бұл кісіні.

— Пәлі, айтудай-ақ бар еken! — деп, бастықтарын жамырай мақтады.

Тап осы сэтте олар неше күн сандалып, өзегі талып келіп, енді ғана тұмсығын ыстық қанға көміп, тірі етті үңғи жөнелген жыртқыштай еді.

Міне, жирен қасқа арғымақты секіртіп қопақтай шауып, Хамулла да келіп жетті. Ол өзінің мергендігіне дәсердей болып, тасыған сүттей көбіктене қалған. Ірімтік беті піскен өкпедей қабындаپ, қызара қалған. Танауы желпендей құлғен ол:

— Қане, көрдіңдер ме? — деді, өзінің қиядағыны қынп түсетін ажал қылышы екенін багыныштыларына ұқтырып.

Содан соң:

— Жауына ажал болсаң, өзіңе бақыт табасың. Өзіңе келетін бақыт басқаға бақытсыздық әкеледі, — деп, қанын ішіне тартып, қабағын түйе қалды.

Ол енді байқады, сәби бала анасының төсіне жабысып, мынау дабыр-дұбыр бейхабар күйде еріндері бүлкілден кана жатыр.

Баланың қол-аяғы балғадай, өзі де аппак, арыстай екен. Үлбіреген жұқа жібекке орап тастаған, көздері жұмұлы. Етженді саусақтарын ербендетіп од қолымен анасының ашылған омырауын аймалап жатыр.

Хамулланың шегір көзі бала тәніне қандауырдай қадала қалды. Ол әлденеше құбылып қолын біресе қылыштың, біресе наган қынабына жүгіртті.

Арбағаның жұтып өлетін жыландаі зәрін бойына жиған. Бірақ оның осы жат қымылын берінің күшігіндей шу ете қалған солдаттардың үні бөліп кетті.

Ол жалт қарағанда, жүзге жуық жылқыны тықсыра қуған бірнеше адам қатты екпінмен Сымтас биігінің бергі алдындағы белегірге шоқталып шыға берген еді.

Арғы қабағы жарлауыттанып жанат ішіктің жағасындаі шалқынып жатқан Сарысу өзенінің інініне еніп, тасаланып бара жатыр. Сәл кешіксе, қыр асып көзден таса болады.

Жаныға дауыстай құрық үстіне құрық салып жыл-

қыны қуып бара жатқандарды Хамулла тегін топ емес-  
ау деп жорамалдады.

— Алға! — деп әмір етті де, ойланбастан өзі де шаба  
жөнелді.

Калың солдат қонақтаған жерінен дүр етіп, қанатта-  
рын сабалай қарқылдаш ұшқан қарғадай жылқыға қа-  
рай барын салып еліре ұмтылысты.

Осы әулекі топтың артында қамшы үстіне қамшы  
жеген торы дөнен төрт аяғы төрт жаққа кетіп, танауы  
пыр-пыр етіп шауып келеді. Оның үстіндегі Әлжіктे ес  
қалған жоқ. Сарт-сұрт етіп атының сауырына тиген  
қамшы дыбысын ғана естиді. Анасы бір, мынасы бір  
ұрып етіп кетіп барады. Мына түрған сол — Әлжік.

Хамулланың ажал шашқан алақанынан қалай тірі  
қалғанына әлі сенбей тұр...

Төпелеп, ат басын ірікпей барын сала ұмтылған жа-  
залаушы отряд дөңгеленген құйындай ағып, Сымтас  
бінінің ұшар басына шыға берген жылқыны қуып жет-  
ті! Бірақ алдына шығып қайтаруға ұлгермен олар бір-  
неше дүркін оқ шығарды.

Бұрын мұндай жат дыбысты естімеген жылқы үйірі  
шошына үркіп, оқырана кісінеп, құйрықтарын шаншып,  
ұмар-жұмар болып обыға жөнелді.

Мылтық даусын естіп, өздеріне төнген қатерді анық  
сезген жылқышылар енді барын салды. Шоқтай топта-  
лып, сендей соғылысқан көп жылқының ішіне сіңіп, ат-  
тарының жалын құшып бара жатты. Бұл кезде жылқы  
Сымтасты бауырлай өзенінің батыс жак қабағын ала  
үркіп, енді аз уақытта тас төбешікті айналып асып  
кетуге таяп та қалған. Қатты үріккен жылқы түғынан  
будақ-будақ көтерілген шаң Хамулла тобын көміп, көз  
бермеді. Әлі де оқтын-оқтын мылтық атылуда. Өрттей  
өрекліген жылқы құтырына үркіп барады. Алғашқыда  
түйдегімен жеткен жазалаушылардың қарқыны қайтып,  
қатары іріп, бірте-бірте шұбалып ұздік-создық қала  
бастады.

Өздерінің мына халіне ыза болды ма, бірнеше мылтық бір дауыспен гұрс етіп, бір-ақ атылған. Оқыс шыққан дыбыстар шошып бүрынғыдан да бетер ышқына жүйткіген жылқы Мұрынтақ тас төбені айнала берді. Ұзап бара жатыр. Осы кез төбенің басына жириң қасқаны ойнақтата шыққан Хамулла атын қаңтара салып, секіріп түсті де, жүрелеп отыра берген бойда мылтық атты. Шоғырланған жылқының ең алдында мойны озып бара жатқан ақ боз бие уш рет домалап кетті. Оған қақтығын сүрінген тағы бір-екі жылқы ұмар-жұмар құлап түсті де, іле қайта тұрып шаба жөнелісті. Тағы бірнеше рет ең алдынғы жылқыны атып құлатып, жылқы бетін кейін бүрмақ ойын іске асыра алмаған Хамулла тұтігіп кетті. Жылқы болса қара үзіп барады. Бұл түрімен жеткізер емес. Іза буған Хамулла тісін шақыр-шүкір қайрап орнынан тұра берді. Енді оның қанды көзіне жылқы сонында аты шабандап қалып бара жатқан адам шалынды. Хамулла ойланып жатпады. Кезінен от үшқындал мылтығын кезене берді. Бірер секундта қана-ты қылған құстай болып, жылқы қуған адам атынан аударылып құлап түскен еді. Хамулла мылтығын қайта оқтап орнынан тұрганша, жылқы үйірі де көзден ғайып болған. Құн кешкіріп кетті.

Жау атылған адамды ортаға алған. Ұзын бойлы, сүйекті, мандайы кере қарыс, қалың қас-қабакты, ат жақты, орак тұмсық келісті жітіт қырындай құлапты. Оқ кеудеге тисе керек. Оның арка тұсынан жылжып аққан қан көрінді...

Бұл оққа үшқан осы елдің белгілі билерінің бірі — Сүтемгеннің Еділбайы болатын. Осы оқиға да айнақатесіз Әлжіктің көз алдында болды.

\* \* \*

— Сен Хамулладан қашан босандың? — деген сұрауға Әлжік:

— Бүгін үшінші күн,— деп жауап берді.

Жақаң түнере түсті. Бар айтқаны: «Қасқыр бөлтірігін қанмен ауыздандырады».

Күн ызғырық. Аспан бүлтсыз ашық болса да, дененің темірдей қарып, сұық жел соғып тұр. Жақсымбет оқ бойы алдымызда келеді. Ол байырғы әдетінше, кеудесін шалқақ үстап, ат үстінде нығызы отыр. Оның қазіргі ойы бізге белгісіз. Мақсаты не, ендігі бет алысы қайсы? Өзі шешіліп айтпаса, оған сөз салатын ешкім жок. Бізге белгілі жайт — жазалаушы отрядтың бұл күндері бізден әлдеқайда үзап кеткендігі ғана.

\* \* \*

...Сарбаздар Шайкөз биғінің басында тұр. Бәрінің көзі — Бестөбе, Бақаншанышқан жақта. Деевтен хабар келгелі де бірнеше күн өтті. Үәделі күн де — осы күн. «Жігіттерді ыдыратпай Амангелдіге қосылыңыз. Оның адамдары да сізге тез жетеді. Ел жігіттерінің басын мол жия берініз. Бұл жақта бүкіл ел көтерілуде. Сол-қылдақтыққа жол берменіз!» депті Деев хатында. Жақаң осы сөзді ойна қайта бір жүгіртіп, дүrbісін көзіне апара берді. Алыстан бұлдырап көрінген биік төбенің басына бес-алты атты шауып шыға келді. Қозғе де айқын көрініп тұр. Алдыңғысының қолында ұзын сырғықтың басына байлаған бірдене алыстан карауытып көрінеді. Мінген аттары да шиыршық атып, ойқастап басымен алысып, аспанға секіреді.

— Жігіттер, атқа қоныңдар! Эне, Деевтің, Аманкелдінің адамдары! — деп даусы саңқылдан кетті. Жақаңың. Үнінде бұған дейін естілмеген ерекше шаттық,

жүзінде қуаныш бар. Бұл — соңғы бірнеше күн бойғы Хамулланы қып жете алмай қалғаннан бергі Жақсымбеттің көтерінкі шыққан ақ жарқын даусы.

— Ал жолдарың болсын! — деп, атына қамшы басып шаба жөнелді. Жақанның сондағы бейнесі әлі көз алдында. Елтірі тымағының құлағы елбендең, он қолын жоғары көтере, үстіндегі түйе жүн шекпені Кертайлақтың сауырын жаба шұбатылып, биік жарқабақтан орғып, секіре жөнелген тау текедей алдымызда орагыта, зулап бара жатты...

\* \* \*

Нұрбай қарт үнсіз қалды. Жүйткіген волга Жезқазған қаласына таяп келеді. Биік түрбалардан будактаған көк түтін тарқатылған бұрымдай шұбалады аспанда. Аспан тұп-тұнық ашық. Күн нұры төгіліп, толқып тұр. «Әрине, бұл — бүгінгі заманымыз, біздің күніміз рой. Нұрекендер көрген күн...» деген ішкі ойымды аяқтатпай:

— Ия, мен сонда тұңғыш рет бостандық пен бақыттың қызыл туын көрдім. Сол күні езілгендердің көсемі Лениннің атын естіп білдім. Жақан да қайта түлеп шыға келді. «Ей, жігіттер! Күнің туды, есеп қайтады. Кешегі бір топ бауырлар бекер өлмелті. Кедейдің жоғын жоқтап, мұнын мұндайтын, езілген халықтың қорғаны, басшысы бар екен. Сүйіншінді дайындаі бер. Ол — Ленин. Оның туын көтерген халқымыздың батыр перзенті Амангелдіге тарттық!» — деп айқай салды. Сар желіспен кен жазықты дүсірлете жөнелген топтың дүбірі күні бүгінде құлағымда... — деп аяқтады сөзін Нұрбай қарт.

Мен Нұрбай қарияның ойлы жүзінен қараңғы халық көгінде Жақсымбет сияқты зерделі адамдар жарқ еткізіп жаққан шақпақ сәулесін көргендей болдым.

## АҒАЙЫМНЫҢ КӨЗІ

— Мен барған Сочи курорты көк желекке оранған қала екен. Қалаға енген бетте ғажайып орманға тап болғандай айналама сұқтана қарап, қызығумен болдым. Жапырағы жайқалған жасыл емен, зәулім қарағай, тал-теректер жұмсақ желпінген майда самалмен ырғалып, бір түрлі ғажайып сырға бөктіргендей. Аулақтан баяу қалықтай сызыла жеткен беймәлім әннің әсем сазын естігендей елтіп қалыппын. Қошесайын құллыштаған гул.

Курортқа орналасып, мекен-жайыммен таныстым. Әдеттегі жайма-шуақ күндердің бірі еді. Қөгілдір аспан көкшіл теңізбен астасып, бүкіл атырап көгілжім бояуға малынып тұнып тұр.

Теңіз жағасында қыдырып келемін. Төбемде мәңгі қардан сәлде оранған Қавказдың құзар шыңдары бірі-не-бірі жалғаса шұбатылып, тым алысқа созылып кетіп жатыр. Шырқау биікке көзге күмістей шағылысатын аппақ бұлт қонақтап, шөгіп қалған дерсін. «Кавказская ривьера» санаторийі әккүдың ұясындай дөңгеленіп оң жақ бүйірден көрінді. Қара теңіздің толқындары қарқ-қарқ күлетін оқыс мінезді адамдай болып елестеп те кетті маған. Оның ақ көбін атқан айбарлы

айдынына қараған сайын жүрегім өрекпіп, табиғатымда жоқ бір турлі жеңілtek сезім лезде мендеп алды. Асыр салып ойнағым келеді. Тіпті жата қалып қуанған балаша домалағым да бар. Осындай сезім әлдиімен әбден серуендер болып, өз бөлмеме келіп отырғаным сол-ақ еді, кезекші сестра кіріп, емдеуші дәрігердің мені қабылдауға шақырғанын хабарлады.

Бөлмеге кірдім... Кірдім де қалт тоқтадым. Қарсы алдында ақ халат киген, бота көзі жаутандаған, ақ мандағы жарқыраған қыз көзіме оттай басылды. Алғаш өзіме-өзі сенбей, көзімді ашып-жұмып біраз кібертіктең қалдым. Содан тұла бойым бір ысып, бір суынды. Мына қыздың қасы-көзі, ауыз бітімі менің Ұлы Отан соғысында үлкен бір партизан отрядын басқарып жүріп, қайтыс болған туған ағайым Хасаннан аумайды екен. Дегенмен алғашқы абыржуымды басып, оған тағы бір рет тесіле, тексереп қарадым. Байқаймын: таза қазақ емес сияқты. Шашы сары, мұрын бітімі тікшілдеу. Мына бейтаныс қызға қарап, бағыда қайтыс болған ағайымды еске алғаныма бір түрлі ыңғайсызданып қалдым. Қыз да экесіндей адамның өзіне сұқтана қарағаннан үялса керек, қызырып кетті.

— Отрыңыз... — деді орындықты нұскап. Ұялған тек түрмайдының кебі рой:

— Танысып қоялық! — деппін қолымды ұсынып.

— Фаина... — деп, ол қолын сүлесоқ қана ұсынды да, ары қарай курортта қалай демалу, қалай емделу жағын қазбалап кетті.

Дәрігерден шығып келе жатып мен тағы да түсі таныс бір адамға кез болдым. Ұзын бойлы, ашық көк көзді, дөңес мұрын, биік қабак, бурыл шашты орыс жігіті де: «осы мен сені қайдан көрдім...» дегендей маған тесіле қарады. Екеуміз амандастық.

— Андрей... — деді ол, қолын ұсынып.

— Асан...

Андрей көгілдір көзі күлімдеп, ойланып тұр. Элде-

нелерді еске түсіріп әлек. Мен де осынау әрі жұз таныс, әрі бейтаныс адамға таңырқай қарап, қаттым да қалдым. «Алыш-ау, бұл кім?!»

— Хасанның бауыры емессіз бе? — деді ол бір кездे.

— Дәл өзі! — дедім, оның қолын алып.

Сол-ақ екен бәрі де ап-айқын болып есіме түсті. Екеуміз көптен бері аңсап көріскен туыстардай құшақтаса кеттік.

Ау, мынау Андрей, менің Хасан ағаммен партизан отрядында бірге соғысқан жігіт қой. Соғыстан соң көп жылдар өткеннен соң менің адресімді тауып, ағайымның оқ тескен партбилетін жіберген. Ол билет қазір Мыс қаласындағы «Данқ» музейінде сактаулы. Содан бері Андрей екеуміз ылғи да хат алысып тұратынбыз. Бір-бірімізге талай рет өзіміздің, үй іштеріміздің суреттерін жолдағамыз, бүгін, міне, ойда жоқта курортта кездесіп тұрмыз.

Екеуміз сол күндері Сочиды көп араладық, көп қыдырдық. Сондағы басты әңгімеліміз — тек қана партизан отрядының қимылы және менің ағайым Хасан туралы болды.

\* \* \*

— Біз сенің ағаң Хасанды — Харитон деп атайдынбыз, — деді Андрей сөзін жалғап. — Үрпақ пен үрпактың жалғасы ешқашан да үзілмейді. Өткен күннің елесі ел есінде қалады, жұрт жадында сақталады. Кешегі соғысты-ақ алайық. Сол күндердің қаһарлы суреттері өшүі мүмкін бе? Жоқ! Барлық үрпақ аңызғын айттып өтпек. Өйткені халық өз өмірімен болашақ үшін жасаған ерлігін қашан да қастер тутады. Ерлік атаулының бәрі халық рухынан туады. Ерлік — ел, азамат ары, намысы, ашу-ызысы деп түсіну керек. Мұның бәрін өз көзімен көріп, басынан кешкендер айтқанда ғана оқиға тіріліп кететін тәрізді...

1941 жылдың күзі, майдан шебі әлдеқайда ұзап, біз үріс даласының сыртында қалғанбыз. Жан-жағымыз аңталаған жау. Біздің қорғанымыз — қалың орман. Қундіз орманды паналяп, түн қарандылығында жорық-қа аттанамыз. Тамақ жоқ. Бірақ оған мойын жүрген біз емес. Орманда аштан өле қою мүмкін бе? Тамақтан өткеннің бәрін қаужалап күнелтудеміз. Біз үшеу едік. Мен, Александр Новиков және Насреддин Юлдашов дейтін өзбек жігіті. Насреддин — қапсағай денелі, бүкіл бет-жүзін, алқымына дейін қою қара сақал басып кеткен еңгезердегі адам. Мәлдір қара көзін кірпігі жауып, кісіге сүзіле қарайды. Бір күні сол: «Әттең, армансыз айқасып барып, жастығымызды ала майданда да өлмейдік-ау!»— деді, тісін шықырлатада қайрап. Қүрек тісімен астыңғы ернін қыршып алса керек, екі езуінен қанды көбік бұркырады.

— Өлу қыын емес, жауынды өлтіруді айт. Босқа күйінбе,— деймін, оны сабырға шақырып.

— Менің тіпті де өлгім келмейді!— деп, Новиков шырт еткізіп түкіріп таstadtы.— Немістер менен қорықсын. Кек алмай кебің кимеймін.

Новиковтың тұсі сұп-сұр. Жеңімнен тартып, бетіме бетін тақал әкелді.

— Жолдас командир, жоспарыңыз қандай? Айтсаңызың күпті қыла бермей. Қашанғы қараетесіз жүре береміз? Менің әскери атағым — кіші сержант.

— Отыр!— дедім. Даусым қатты шықса керек. Новиков ақырын қарап тұрды да, ол сылқ етіп отыра кетті. Жүзі ак сұр тартып, өні қуарып, еріндегі діріл қағып, танауы кусырылып барады. Қозі қып-қызыл. Кірпігін жиі қаға береді.

— Күн батуға жақын. Осы маңда елді мекен болуы керек. Соған жетіп алайық,— дедім.

Достарым үнсіз құптады. Ағаш тасасынан сығалап жатырмыз. Қүннің қигаш сәулесі көзге ұрады.

Біз отырған тұстың оңтүстік жағымен тас жол өтеді

екен. Бір кез сол жақтан дарылдаған дауыс естілді. Артынша-ақ, көзіне қоңыр көзілдірік киген неміс офицері үш донғалақты мотоциклмен тұсымыздан зулап өте берді. Сөйткенше болмай тас жолмен жүзге жуық адамды ондаған солдат айдал шыға келді. Біз демімізді ішімізге тартып тынып жатырмыз. Тұтқындар қасымыздан әй дейтін жерден өтіп бара жатыр. Көпшілігі жаралы, басын таңған. Кейбірі ақсақ. Әсіресе ең артта екі жолдасының иығына асылған толық жігіттің халытым аянышты-ақ. Қалың шашы үйпаланып көзіне туспіті, жалғыз аяқтап секіргенде желл-желл етеді. Алдыңғыларға ілесе алмаған бүл үшеуін немістер автоматтың дүмімен желкелеп қояды. Сол кездерде тайыншадай овчаркалар жібін үзердей әлгілерге тап-тап береді:

— Командир! — деді Насреддин сыйырлай үн қатып. — Негіп отырмыз? Мына айдалып бара жатқандар біздің адамдар. Қарап отырып, өлімге жібергеніміз бе. Бір амалын табалық...

— Бар! Құтқар! Жаңы ашығышын! — деп, Новиков қалш-қалш етті. Мен жауап қатпастан орманың ішіне аяңдап жүре бердім. Элгі айдалғандардың соңынан бой көрсетпей, баспалап еріп келеміз. Біздің орман дегеніміз де баланың төбесіне қойған айдарындаи мардымсыз бірдене болды.

— Сереймей отырындар дегенімді білемін. Басқа дәрмен жоқ. Элгі тұтқын байғұстарды қаз-катарап сапка тізіп қойыпты. Арттарында ұзыннан-ұзақ жал болып қара жердің жас топырағы үйіліп жатыр. Аяғын алшандаш басып, қолын онды-солды сермеген көзілдірікті неміс офицері ортага шықты. Сол-ақ екен айдалғандарды жедел сапқа тұрғызыды. Жау солдаттары автоматтарын кезеніп алған. Осы тұста құлағыма жер-дүние күніреніп кетті. «Интернационал» шарықтай көтөріліп аспанға самғай жөнелді. Бұрын-соңды дәл мұндай әсерленіп көрмеген шығармын. Қекейіме бір түйнек

көнеліп қалған. Не әрі, не бері кетпейді. Қенет әлгінің оң қолы шошаң еткенде, тыр-тырлап автомат «сәйлеп» кетті. Тұрғандардың қатары сирел, ән әуені де әлсірей берді. Сол кезде ең шетте тұрған манағы жалғыз аяқтал sekіretін толық сары дауыстап даланы жаңғырықтырды:

— Неміс фашистеріне өлім келсін! Жасасын Советтік Отан! — деп айқайлады да, қеудесін қолымен басып, тенселе етпеттей құлады.

— Немістерге өлім! — деп айқайлай берген Новиковтың аузын алақаңыммен жаба қойдым. Жылжып кеттік.

Батқан құнмен қарауытқан орман ішінде үн-түнсіз жүріп келеміз. Бет-бағдарымыз белгісіз. Айнала көзге түртсе көрінбес тас қараңы. Тық еткен дауысқа елең ете қаламыз. Ештеме жоқ. Әбден қалжырадық. Бір қазан шұңқыраға жеттік те, бірімізге-біріміз жабысып үйса қалдық. Қатты үйқтаап кетіппіз.

Содан сәске түстің шамасында бірақ ояндық. Ауа маужырап тামылжып тұр. Соғыс басталғалы естілмейтін құстар шырылы құйқылжып құлағымызға келеді. Әй дейтін жерде көкпенбек қоға мен қамыс бойлап өскен көгалды алаң бар екен. Аштық жайланаңдық болса керек, таңдайым кеуіп, тілім аузыма сыймай барады. Ентелей басып солай жүрдім. Үйқылы көзін уқалап, Новиков та соңымнан ерді. Бір кез ол мені үстай алды. Екеуміз қалт тоқтадық. Сұлудың көзіндегі мөлдіреп, қалың шабындық пен майда балапан құрак ортасында өскен жуан емен түбінде төрт адам жатыр. Үсті-бастары дал-дүл. Бірінің гимнастёркасының жағасында ромбы көрінеді, кіші лейтенант. Баскалары — қатардағы жауынгерлер. Кіші лейтенанттың басы танулы. Шамасы, женіл жақақат алған. Тұндегі өзіміз сияқты үйысып, бірін-бірі жастанып жатыр. Баспалап жақындан келіп, офицерді ақырын түрттім. Атып тұрған ол бірден пистолетіне жармасып, кейін шегіне

берді. Басқалары да тез-тез тұрып, үрпе-түрпе күйде бажырайып бізге қарап қалыпты.

Екі жақ бір сәтте бір-бірімізді бастан-аяқ шолып шықтық. Жүдеу арып-шаршаған ажар, ит талағандай алым-жұлым киім, қауқып өсken сақал, шаш. Біr мезгілде кіші лейтенанттың пистолеті қолынан сусып түсіп кетті. Еңкейген жоқ. Құшағын жая маған қарсы ұмтылды. Төске төс тиіп, құшакқа-құшак айқасты. Мен Харитон досымды солай кездестірдім.

1941 жылдың август айында Батыс Украина жерінде атылмай қалған патрон тәрізді, жеті совет жауынгері осылай табысқан едік. Олар: кіші лейтенант Әткір қара көзді, жаллақ жауырынды, орта бойлы қазақ жігіті Харитон; толық шомбал, палуан тұлғалы украин жігіті — Василий Самойленко; қырғыз жігіті — Сыдық Омарбеков; тәртпақ аласа, ақ кірпік орыс жігіті — Петр Иванов және біз үшеуміз.

Асан, сол күні сенің ағайын Харитонмен осылайша кездестім. Ол ақ жарқын, көңілді, сергек ер жігіт еді. Мұнауды білмейтін қайсар, тез шешімнің адамы болатын.

Күз күшіне мінді. Бізде азық-тұлік, киім-кешек жоқ. Ызгар соккан орманда мұнды шуыл бар. Жалғыз аяқ жолмен келе жатырмыз. Алдымызда — Харитон. Күн үясына еңкейіп қалған. Орманнан аса сығалаған күн үкінің көзіндегі ғана болып сыйраіып көрінеді. Ұнжырғасы түсіп, ілбі басқан бүл топтан сыйыр да шыкпайды. Біr кезде Харитон бүк түсіп отыра кетті де, қолын төмен сермел, бәрімізге «отырыңыздар» деген ишарат білдіреді. Жалма-жан жата-жата қалдық. Ол естілер-естілмес үнмен мені қасына шақырып алды.

— Көремісің? — Мойнымды создым.

Устінде арт бойынан алакандай жыртығы айқын көрінген қара тоны бар, биік бойы еңкіш тартқан, ақ бурыл сақалды қарт кісі көзіме шалынды. Екі мүйізі шаңырақтай, желіні жер сызған қара ала сиырды же-

телең, бізден бес-он қадамдай қыстау беттеп келеді. Қарттың бет-бейнесі қалың сақалынан көрінбейді. Аңда-санда арт жағына абайлап, қарап қойып, қалың ағашқа бойлап ене берді. Ұзанқырап, ағаш арасынан үй орнындаш шөбі мол жерге сиырдың екі аяғын тұсады. Соңан соң жан-жағына көз тастап қойып, жайбаракат, бейбіт түрде ақырын басып кейін оралды.

— Ал, Андрей, шапшаң басып мына жуан ағаштың тасасымен қарттың өтетін жолын ора. Тез жет. Қасыңа жақын келмей орнынан қозғалушы болма. Бекер үркітіп алма. Бізге өте қажет адам болуы мүмкін,— деді Харитон бұйырып.

Атылатын барыстай қартқа қарап жолын тосып жа-тырмын. Ол да ешқайда мойын бүрмәған күйі бейжай басып таянып қалды. Ештеңені байқайтын емес. «Ялырай, мына шалдың екі көзі соқыр болмаса игі еді» деген күдік оралды маған. Өйткені енді болмаса ол алдында арыстай болып жатқан мені басып кетердей еді. Қенет электр тогы сокқандай қалт тұра қалды. Менің бас-аяғымды тез шолып өтті де, дәретке отыратын адамша еңкейіп, тонын желбекейлене бажайлап төңірекке біраз көз тастады. Соңсоң қарлыққан даусын әрең қоңырлатты.

— Көрдім, балам. Енді менің бағытымды белгілеп ал, әбден қараңғы түскен соң кел. Сақ бол,— деді де, корбандал орнынан тұрып жүріп кетті.

Орманшының ағаштан қып салған үйіне жалғыз келдім. Терезелері қараңғыланған. Мені үй сыртында шалдың өзі тосып алды.

— Келді ме?— деген кемпіріне қолын сермеп, дыбыс шығарма дегендей белгі берді. Түпкі бөлменің есігін нығырлай басып қойды да, менімен өзі қатар отырып, кемпіріне:

— Әкел!— деді. Алюмин тарелкеге құйылған, сутке бөктірілген тары көжени алдымға қойды. Кемпірдің қолы дір-дір етеді.

Расымды айтсам, мен сол көжені қалай ішкенімді осы күнге дейін білмеймін.

— Жөн-жобаң соғыстан тыс жерде, бұта тасасында жүргеніңді байқатады,— деп, карт өте сұсты қараспен тұла бойымды тінтіп өтті.— Кімсің? Сөйле!— деп, бетіме қарай отырып, зілді тіл қатты. Қарттың айбары мені тығырыққа тыққандай әсер етті. Имене, жасқана отырып, соғыстың алғашқы күндеріндегі сұрапыл арпалысты, азғана топтың қазіргі тағдырын баяндадым.

— Қаншасындар?

— Жетеуміз.

— Басқаларың қайда? Енді не істемексіндер?

— Жол тауып қаруланып, өз шебімізге өтеміз-дағы...

Қарт қатты жеткірініп даусын көтере сөйледі:

— Жоқ, өте алмайсындар! Егер адап совет азаматы болсаңдар — бір ғана жол қалды. Жаудың тірсегін қиу керек. Қасқырдың да тірсегін қисаң жүгіре алмайды. Тірсегі қылған қасқырдан қауіп жоқ. Соны сеземісің өзің? Сондықтан жаудың тірсегін қиу керек!— деп, күрк-күрк жөтеліп, орамалын алып аузын сұртті.

— Орманның бір шыбығы орынсыз қылса, бір тал сақалым жұлынғандай көруші едім. Ал немістер ағаш емес, адамды, бала-шаганы қырып-жойып жатыр. Қөріп отырып қалай шыдарсын! Міне, тістей-тістей бармағымды мыжғылап біттім. Мен жетпіс жастамын. Жау үйімді кунде тінеді. Барлық астықты немістер тартып алды. Талғажау боларлық нәрседен манағы сиыр ғана немістердің көзіне түскен жоқ. Жә... Мұңымды шакпаймын... Қегімді қайтар деймін!— Шал күрсініп тоқтады.

— Бұғін жолдастарыңа бар. Ана сиырды сауып көрек етіңдер,— шал үкім ете сөйледі.— Мені Гордей ата деп атайды. Қейінгі хабарды өзімнен күтіңдер. Жетеу де болсаңдар — аз емессіндер. Орманға бәкселе-рінді тығып алып жата берсендер, әрине, жетеуіңнен жеті шілік артық. Э, э, бұртима! Шал адам қайрағыш!

Қажырыңды жанысан, намысыңды тұтатарсың. Сөйт, балам! Ертең өзім соғам сендерге.

Айтқанында, Гордей атай ертеңінде өзі ізден келді. Сөзін қысқа түйді. Жағалай отырған бізді қалың қасты шүнірек қоңыр көзімен бір шолып, қарлықкан үнмен:

— Дайынбысындар? — деді.

— Дайынбыз! — дестік біз...

Қарт кетерінде Харитонды бізден оңашалап ұзак сойлескен. Қейін білдік-ау, ол да осал қария емес екеи...

Өз басынан екі бірдей соғыс тауқыметін өткізген, еменнің іір бұтағында қарттың не айтқанын кім білсін, әйтеуір, Харитонның көніл күйі қөтеріліп сала берді. Бұған дейін жауатын бұлттай тұнжырап, бүйігін жүретін жігіт көріне көзге жайнап шыға келді. Әлі күнге бәрі көз алдыма.

— Eh! — деп, шалқасынан аспанға қарап жатқан ол орнынан атып тұрып, дөңгелене билей жөнелді. Сырттан қараған көзге айтулы бір тамашада билеп жүргендей әсер, жеке-дара қымыл байқалады.

Әлден соң қатты курсінген Харитон:

— Қазіргідей-ау бәрі. Өзіміздің әскери гарнizonның клубы. Кіл уыз жастар. Сахараның жазығында жайқа-лып өскен гүл тәрізді. Бірінен-бірі асып киінуге, мәдениетті көрінуге тырысқан сол құрбыларымның ішінде шоктығы қандай биік еді? Әне, маржандай тізілген тісін көрсете күліп, аққудың көгілдіріндегі бол майысып келеді. Әне, әне! — деді де, тұнжырай түсі қашып отырып қалды. Мен Харитон осы кезде есінен жаңылып отырған жоқ па деп таңырқай қарадым. Қара көздері от шашып, екі бетіне қан ойнап, қыздың ерніндегі жұқа еріндері дірілдеп отыр. Мұндайда істік мұрнын анда-санда бір тартып, жымың-жымың етіп, сөз сабактауға шебер Петр жайбақат қарап отыра ала ма:

— Сізден басқаның Наташасы сонда жапалақ болып кеткен бе, жолдас командир? — деп әзілдегені.

— Тек олай дегенім жоқ. Сол бірегей дос, құрбыларымның ішінде өзімнің сүйіктімді оқшау, ерекше жан еді деп қана айттым. Онда да, әрине, менің көзіммен қарағанда. Шіркін, өмір, Наташаны неге тенесем екен. Оның жүріс-тұрысы, мінезі, бәрінен де күлкісі не тұрады. Ол — өмір! — деп дауыстады, құшағын кең жағып.— Жүргім толы ләззат еді: махаббаттым қайда ғайып болдын? Ех, лағынет, фашистер, саспаңдар, әлі-ак әділет алдында отырарсындар! Ұлы Отаның қасиетті топырағына тиген табаның от басады, сүйегің — күл, күнің — түн болады! — демін ентіге алды ол,— махаббат отқа жанбайды. Туган елім. Отаным, Наташам, сендер үшін жан пида-а-а!..

— Сол күні Харитон шешіліп ұзақ сейледі. Даусы құлағымда, әр сөзі жадымда...

Бұл — іштей ширыққан жанның тіл ұшына оралған қорытынды сөзі, әрі серті де болып шықты. Қазір ойлап отырсам, сол қатерлі шакта шыбын жанды шүберекке түйіп, рақымсыз жауға жолбарыстай атылған екенбіз.

...Уздік-создық қыбырлап келеміз. Құн желкем. Кеш мана түскен. Қазір ымырт жабылып, қараңғылық қоюлана бастады. Дененің ашық жеріне жел ызғары түрлідей қадалады. Аяқ тықырын шығармауға тырысып, барынша сақ басамыз. Гордей атайға бұл жердің әр бұтасы таныс. Табанымызды катқаққа тигізбей өзі билетін бағытпен бастап келеді.

Түннің бірсызыра уақыты өтті. Түнерген қаранғылық. Шалдың белгісімен біз енді шұбыра енбектеп келеміз. Алда — Гордей атай мен Харитон.

— Тезірек! Болындар! — деп, Харитон артына бұрылып, сыйырлап қояды.

Бір кез алдымыздан қарайған әлденелер көрінді.

— Станция! — деді Гордей атай.

Қара таспадай созылған темір жол үлкен станцияны екіге бөліп тастапты. Әр жерден жылтырап қадама шам көрінеді. Қөшөлдердің басым көпшілігі қаранғы.

Вокзал үйінің алды-артына абажур кигізілген бір-екі ғана электр шамы сәуле беріп тұр. Оның өзі қолтықта тұтатқан сіріңкенің шырпысындай жан-жағына шашырамай тығыла жанатын сиякты. Вокзалға қарсы көшеннің бас жағында көлденең ақ үй оқшау тұр. Үй маңайы күңгірт, алагеуім. Үйдің ол шеті мен бұшетіне ерсілі-қарсылы тынымсыз жүрген күзет байқалады. Одан әрі тізілген аласа үйлер қатары түн қараңғылығына ұласып ұзап жоғалады.

— Эне, ақ үй! — деді Гордей қарт қолымен нұсқап. — Сонда неміс штабы орналасқан. Мен білсем, онда бір полк шамасындай әскер бар. Полиция да жетерлік. Ал анау, — деп ол тағы арт жағымызға бұрылып, алыстан жылтыраған отты көрсетті. — «Революция» селосы. Кеше оған мешкей Сидорюк староста болып тағайындалды. Мен білсем, штаб бастығы сонда қонақта.

— Қонақта дейсіз бе? — деп сұрады Харитон жұлып алғандай.

— Иә, өйткені мана кешкүрим мен үйдің шатырында отырғанымда, бірнеше мотоцикл қоршаумен женел машина солай кеткен. Бұлардың әдеті емес пе, ондай сәтті ішіп-жемей тегін жібере ме!

— Онда, ата, біз уақыт өткізбейік, — деді Харитон.

— Не істемексің?

— Олар той өткізіп жатқан жоқ па?

— Әрине.

— Сол тойды бірге тойлаймыз, — деп, Харитон күліп қойды.

— Қалай?

— Қедімгідей. «Көз қорқак, қол батыр» дейді халық мақалы.

«Япыр-ау, түгел қаруланбаған, құр қол шағын топлен не істемек ә? Арандал қалмасақ иғі еді». Ойым шым-шытырық. Хуторға да ендік. Шағын-шағын үйлер. Бес-алты көше. Орта тұста шатырлы, сырты шарбак-талған үй маңайында жарқыраған жалғыз шам жанып

түр. Жанында жесіл машина, үш-төрт мотоцикл көрінеді. Сол маңнан еміс-еміс баян даусы құлаққа шалынды. Хутор казір үйкіда жатқан жалғыз көзді дәу тәрізденіп қарауытып көрінеді. Таң таяу.

— Василий, Насриддин, Петр—оң қанатқа! Андрей, Сыдық, Новиков — сол қанатқа шығындар! Қазір Сидорюктің үйін қоршаймыз. Сақ болындар! Құзетте екінші адам. Оларды дыбыссыз жою керек. Мылтық даусы шықпасын! — деп Харитон қысқа-қысқа бүйрық берді.

— Мен ше, командир жолдас? — Гордей атаның даусы — бұл.

— Сіз осы жерде жолымыздың сәтті болғанын тілеп тұрасыз.

Үйді қоршауға алғып келеміз. Телеграф бағана拉丁字母转写ラテン字轉寫ында сұылдаған желдің ықсырығы естіледі. Бұл — таң самалы. «Ендеше, тездету керек». Әркімнің-ақ ойы — сол.

Біз үйдің сол жағынан салынған сарайға келіп, арқамызды сүйеп, бұрыштан енді сығалап қарай бергеніміз сол еді, тайыншадай овчарка арс етіп, сым бойын куалап тұра жүгірді. Ұмтыла берді де, өз мойнындағы шынжыр шалқасынан түсірген ит қылғынып, қайта атып тұрып жүгірін аласұрды да қалды.

— Қап, сезіп қалды-ау! — деді Новиков сыйырлап. Құзетшілер автоматтан қора бұрышына қарай бір рет оқ боратып өтті. Осы кезде үйден тәлтіректей басып екінші адам сыртқа шыға берді. Бірі — төртбақ, иығында мајор белгісі бар темір крест таққан неміс, екіншісі — жалаң бас, қасқа, қарны кебежедей, аласа бойлы адам.

— Малодос Сидор! Хороша старост! — деген неміс жуанды күшактай берді де: — О-о-о! — деп, өзіне қарай арсылдан ұмтылған итті пистолетпен атып салды. Ит қынсылады, көкке қарап тұмсығын көтере ұлып, бүкте-тиле құлады. Денесі дір-дір етіп барып сұлқ қана қалды.

— Мынасы дұрыс болды-ау, — деді Сыдық.

Сейткенше болмай үйден жалт-жұлт етіп, етегі жерге сүйретілген жібек көйлекке оранған әйел шықты. Ол майорды үйге ертіп әкетті. Алдында жеп жатқан тамағынан айрылған төбет иттей өңкійп, жер тірене зорға тұрған мешкей Сидорюқ те олардың соңынан ілесе жоқ болды.

Үйдің оң бұрышынан шарбақ сырт ете тұсті. Құзетшінің бірі солай бір қарады да, босағадағы орындыққа келіп отырды. Ал екіншісі машина жаққа кетіп... қайтып оралмады. Біз ит жататын үйшікті бетке алып жылжып келеміз.

— Құзетші орнына тұрды. Ол машинаға кеткен сөрігін іздегендегі мойнын созып сол маңға тесіле қарады. Сейтті де қолын бұлғап, бізді шақырды. «Бұ несі? Сезін қалып, бізді алдап тұр ма? — деп ойлаймын. Жоқ...»

Үйге кіріп-кіріп келдік.

— Колдарынды көтеріндер! — деген Василийдің даусы гүр етті. Майор пистолетіне қолын соза берді. Өзі қалш-қалш етеді.

— Көтер қолынды! — Қезі шарасынан шыққан майор қолын жоғары көтерді. Қең бөлмені орталап қойылған столды айнала қамаған 13—14 адам құлап келе жатқан үй төбесін тіреп қалмақ болғандай, колдарын қайқита көтеріп, қимылсыз қалды. Манағы жібекке малынған көрікті әйел шыңғырып шалқасынан тұсті.

— Тінтіндер! — деген Харитонның бүйрықты үні естілді.

Сол күні алғаш рет жеңіс дәмін таттық...

Жұдырықтай түйілген топтың өмірі қыл үстінде еді. Бұл — жау жүрек жігіттердің өмір мен өлімнің актық айқасына кірер сәті. Мұны жетеуміз де іштей түсініл тұрмыз. Алғашқы сын сағаттар бізге көп нәрсе үрретті. Ептілік, тапқырлық, батылдық — ұрыстың ұлken қаруы екенін түсіндік. Шындалап кірісіп, сақ та батыл болсақ, қаһарлансақ көп іс тындыратынымызды білдік. Оқыс шешімнен туған бұл қауіпті де қаһарлы қимыл

біздің рухымызды көтеріп жіберді. Бойымызға ғаламат күш бергендей болды.

Енді біздің тобымызға қосылатындар да, бізге көмекке келер күш те көбейе берді. Ол елдікті, ерлікті қастер тұтқан, туған жерін жат жүрттың, жаудың қанды жорығынан қорғауды адамдық, азаматтық борышы санайтын ерлер еді. Мақсат — айқын. Ол жаудан кек алу, мерт болғандар үшін өлмей беріспеу. Ал тірі қалғандарымыз — күні ертец Отан алдында есеп беретінімізді сезінуші едік. Білгір, зергер ұста ғана болаттың суын табады демекші, біздің командиріміз де тобымызды тәрбиелеуде сондай алғырылығымен көрінетін.

«Революция» селосының тұрғындары сол күні әдеттегіден ерте ояңды. Полиция мен гестапо қоршап алған. Қамшымен, мылтықтың дүмімен тұрғындарды аяғынан тік тұрғызып, мешкей Сидорюктің үйінің алдына жинады. Қөпшілігі — қарттар мен балалар.

Қөптің көзі Сидорюктің мойнына тағылған тақтаға жазылған жалғыз сөзде. «Қаршыға» деген жалғыз сөз ерін-еріннің ұшымен топты аралап кетті.

Суыт келген машинадан түскен неміс полковнигі есікті жұлқи тартып ашқанда, денесі жансыз Сидорюк сереіе құлап, оның жолын бөгеді. Оған жиіркене караған полковник жансыз денені аяғының ұшымен бір төуіп, ішке енді де, тез сыртқа атылып шықты. Шоктай нірліген үрейлі топқа:

— Түгел атыласындар! Гарнizon бастығы Пауль мырзаны өлтірген кім? — деп бар даусымен айқайлады.

Топта үн жоқ, тілсіз, құлақсыз қалғандай. Жауап ала алмағанына ызаланған неміс полковнигі мына тұрған көпшілікке желкеден дүре соғуды бұйырды. Тура 35 адам тұрмеге қамалды. Дәл сол жерде өзіне үмттылған полициейді итеріп жібергені үшін Павел деген жігітті немістер көп алдында атып таstadtы...

Ең маңыздысы — халық жүргегінде «Қаршыға» деген сөз кетті. Бірақ «Қаршыға» кім? Қайда? Шешілме-

ген жұмбақ болып қала берді. Немістер басына таяқ тиген жыландағы жиырылып, сақтана қалды. Күдікті адамдарды топ-тобымен түрмеге айдады. Жанталасқан гестапо мен полиция шабуылға шықты.

Біз де куресті одан сайын өршіттік.

Бірде кезекті барлаудан Петр екеуміз мерзімді уақытта орала алмай қалдық. Біз баратын шағын хотор тас жолдың арғы бетінде болатын. Ал тас жолмен үзілмей ағылған неміс әскерлері орман шетіне шыға берген бізді қыбыр еткізбей қойды. Сәл қозғалсаң-ақ көзге түсесің. Күн кешкіріп барады. Дағдарып жатырмыз. Құлағы елең еткен Петр:

— Андрей, әне, екі баланы қара! — деді. Оның қол сілтеген жағына қарасам, арқаларында женіл жол қапшықтары бар, жерге анда-санда еңкейіп бірдене теріп жүрген екі бала орманға кіріп, бізге қарай беттеп келеді екен. Мен жайлап ысқырдым. Балалар ештеңе сезбегендей, тұқ естімегендей селсоқ жан-жағына қарап ілгері аяңдап барады. Тағы ысқырдым. Олар енді аз кідіріп, өзара бірдене сөйлескендей болды да, отыра-отыра кетті. Біз еңбектеп жакындаі тустық.

— Қайдан жүрсіндер?

— Селодан,— дейді, үрей үялаған көздері жыптықтаған балалар.

— Қайда барасындар?

— Жабайы жаңғақ теріп жүрміз.

— Қай селодан боласындар?

— «Октябрь».

— Немістер жаман ба? — дедім, әдейі қытықтары на тиіл.

— Барып көрініз,— деді олар тайсалмастан.

— Нени көрем?

— Немістерді.

— Иә, олар адам емес пе?

— Петя түр! Түр, айда кеттік. Гордей атам тез кел деген,— деді. Бүйрекім булк ете тусты. Енді олардың

тегін балалар емес екеніне жүрегім анық сенгендей болды. Мен де іле жауап алғандай:

— Э, кім дедің? Гордей ата деймісің, орманшы ма? — дедім.

— Иә, сол кісі.

— Шақпағың бар ма? — дедім темекі тартатын кісіше, қалтама қолымды салып.

— Бар! — Көзі жайнаған түскен бала ышқырынан макта, үш қырлы темір мен тас сынырын шығарып, қолыма устата берді.

— Түсінікті, темекі тартады екенсіндер ғой, — дедім, әлі де білмегімді анықтау үшін.

— Жоқ.

— Ендеше, шақпақ сендерге не үшін керек?

— От жағу үшін...

— Өзім күткен «от жағу үшін» деген жалғыз сөзді естіп, әкем тірілгендей қуандым. «О-о! Жақсы балалар екенсіндер! Иә, сонда да осы сендер кімсіндер?» — деймін, көнілімді демеген мен. Олар бұл сұрақтың негізіне жақсы түсінетін болса керек. Бөгелмestен:

— Біз пионерміз, — деді.

— Оны немен дәлелдейсіндер?

— Оны ма, оны іспен және, — екеуі де көйлектерінің етектерін көтеріп, ішкі омырауын ашып:

— Қараңыз, — деді.

Менің көзіме бір жапырақ қана көйлек ішіне тігілғен үш бұрыш қызыл шүберек шалынды. Өзімді-өзім үстай алмай қуанғаным соңшалық, екі баланы кезек құшып, сүйе беріппін.

Расын айтайын, сол балалар әлі көз алдыннан кетпейді. Қандай ер жүрек десендерші! Олар қазір қандай жігіт болды екен деп ойлаймын бұл күндерде.

Иә, сонымен, «7», «12» деген цифrlар жұқа қағазға жазылып, шақпаққа тұтатылған макта арасына мұқият оралыпты. Бөгде кісі түсінерлік сөз жоқ. Эйтеуір, оның «Шақпақ от жағу үшін керек» деген сөзі құпия мағына

беретініне көзіміз жетеді. Қейін білсек, бұл цифрлар уақыт межесі екен.

...Аспанды қара бұлт басып, жаңбыр төгіп тұр. Устібасымыз малмандай су. Українаның қара топырақты даласы езіліп кетті. Су киім, аяққа жабысқан батпақ денемізді зілдей басып келеді. Алда — Харитон, оған таяу — Самойленко, соңында — мен.

Сағат 12 шамасында орманнан шығуға таяндық. «Сақ болындар! Осы жерде күтіндер мені. Қауіпті жағдайда ықсырамын», — деп, Харитон бізді қалдырып, өзі адымдай басып ілгері қарай жүріп кетті. Вася екеуміз қыбырсыз жатырмыз. Тырс еткен дыбыс жоқ. Бар тіршілік сонау көкте жылжыран бұлттағана. Тұншыға дем аламыз. Уақыт баяу жылжиды. Бір кезде орманшының үйінен екі адам шықты. Ақырын басып бізге қарай беттеп келеді. Біреуі тамағын болмашығана кеп, болымсыз қарқынмен естілер-естілместей белгі берді. Біз оның Харитон екенін танып орнымыздан көтерілдік.

Үйде үш адам отыр. Бірі — ак бурыл басты, бетінде шешек дағы бар, қоңыр көзді адам. Қиімі жұпыны, сөзі салмақты, даусы ашық.

— Гриша ағай, — деп таныстырды бізben оны Гордей қарт. Қарттың өзінен көп кіші адамды «ағай» деп таныстыруы әлгінің осал азamat еместігін аңғартқандай. Біз оның әр сөзіне зейін қоя, қимылына дейін бағып отырмыз.

— Сіздердің «Революция» селосындағы қимылдарыңыз ерлік-ак. Енді бұдан былай бізben бірігіп қимылдайсыңдар. Бар мәселе Совет Армиясының кіші лейтенанты Харитон жолдаспен келісілді, — деп, Гриша ағай әңгімесін келте қайырып, орнынан ширақ көтерілді.

— Ал жолдарың болсын, келіскең уақытта дайын болындар! — деп, салалы саусағын ұсынды.

\* \* \*

Жапалақтап жауған қар түтілген мактадай қалықтай ұшып, жайлап қана үлпілдеп төгіліп жатыр. Орман әп-сэтте ақ үртек мамыққа орана қалды. Сарнаған жел де бүгін тына қалған. Табиғаттың дәл қазіргі көрінісі ете іждағатты, ойлы адамның толымды да кесек тұлғасын елестеткендегі еді. Ал сонау көкжиек сөтіней сөгіліп, аспанның аясы кеңіп, әр тұстан бір көрінген сирек жұлдыздар тым биқтен сығалайды. Соған қарағанда, қардың арты үскірік аязға ұласатыны аян. Қенет қарсы алдымыздан тұн құшағында кемерленген үздік-создық шоғырдың сүлдері шалынды.

Соған қарал діттеген жерімізге дәл жеткенімізді білдік. Бұл қарауытқан — станция болатын. Станцияның арғы жақ қапталынан жылт еткен от көрінді де, лезде жоқ болды. Ол — бізге берген белгі. Енді сақтықты тіпті қүшеттіп, бой жазып жүрмей еңбектеп жылжып келеміз. Станцияның шетіне ілігіп, бой көтере бергенімізде «ей!» деген дауыс құлағыма оқыс шалынды. Жалт қарасам, неміс майоры төніп тұр. Жүрегім тас төбеме шығып, тұла бойым қалышылдан кетті.

— Бері жүр! — Әлгім немісше киінген Вася екен. Үйдің бұрышынан баспалай қарал, — Вася үшеуміз қазір ана күзетті жоямыз деп қойды.

Мысықша басып келеміз. Екі қабатты үй. Күзетші сақ, ширақ қозгалады. Дерек бойынша мұнда екі жүзге жуық неміс солдаты мен офицері бар.

Үйдің біз жақ бұрышын айнала берген күзетшіге Вася батыл басып қарсы жүрді. Омырауында темір крест, иығында оқалы пагон таққан майорды көргенде, күзеттегі солдат оқтау жүтқандай қимылсыз қақия қалды. Васяның соңынан бой тасалап келе жатқан Харитон әлгі солдаттың кеңірдегін тегеурінді шенгеліне толтырып бір-ақ сыйты. Қас қағымда неміс солдаты кескен теректей сұлап түсті.

Харитон есікке енді жете бергенде, екінші күзетші

айналмадан шыға келгені. Әлгі солдат аяқ астынан партизанға кез болам деп ойламаса керек. Қалышылдаң кетті. Осы сәт үнсіздікті пайдаланған Харитон пистолетін кезеп, оған үн шығарма деп белгі берді. Қас қағымда есі шығып кеткен неміс солдаты да қолын көтеріп, бірден берілді. Іле-шала аспанға атылған көк ракета жерге шашырай төгілді. Сол-ақ екен терезелерден лақтырылған қол граната мен өрт тұтататын шөлмек, автоматтан төгілген оқ жау солдаты орналасқан казарманы астан-кестен етті. Үйқыдағы қаперсіз жау оқ пен оттың астында қалып, не істерін білмей азан-казан болды.

Жаңағана тұн тыныштығына мұлгіп тұрган станция ортасындағы казарма от құшағына оранды. Үйдің төбесі шытырлап жаңып, опырыла құлады. Екілене үйтқыған өрттің қара тұтіні станцияны түмшалап бүркеп алды. Жанталаса терезеден секірген көйлекшөң солдаттар ыстық қазанинан жарылып ұшқан жүгерідей ағараңдап көрінді.

Командирдің қадау-қадау бүйрығы естілді.

— Қоймаға!

— Тұрмеге!

— Біздің үлесімізге тұрме тиғен еді. Ұрыста — қарал тұрыс бар ма, екілене лап қойдық. Тұрме аласағана жатаған келген жер үй екен. Бұрынғы овош қоймасы. Жан-жағын арандап қоршалған тікен сым. Мұнара алдында кішкене үйшік қарайады. Тақалып қалдық. Қенет пулеметтің аптыға шақылдаپ, зіркілдеген үні естілді. Етпептеп жата-жата кеттік. Тақ-тұқ ойнаған пулеметтің даусы құлак тұндырады. Оқ бүршак толассыз төпел тұр. Осы кезде қатарынан екі рет жарылған қол гранатаның үні жетті. Артынша дабылды «Ура!» деген дауыс та шықты. Бұл жеңістің туын төбемізге желбірете көтерген құдіретті ерен үн еді.

Сөйтіп, қаңтардың қақаған үскірік тұнінің бірінде болған тосян шабуыл біздің пайдамызға шешілді. Бұл

жолы біз олжалы оралдық. Он пулемет, 100 автомат, жұздеген винтовка, әлденеше жәшік патрон, миномет, көптеген киім-кешек, 20—30 ат қолға түссе, жетпістен астам адам біздің қатарымызға қосылды.

Сол күні таң қылаң бере орман қойнына қайта оралған біздер ерекше көңілді едік.

Ортаға шыққан Гриша ағай алғағебен таң шапағына шомылған топты бір барлап алыш:

— Кымбатты отандастар! Жаңа ғана жаудың темір шеңгелінен босағандар! Сөзімді сіздерге арнаймын!— деп бастады ол. Біздер туған Отанымыздың бір бөлшегі — Украина жерін басып алған рақымсыз жаудың ту сыртында тұрмыз. Жан-жағымыз аш қасқыраша анталаған жау. Біздің бауырластарымызды, қарусызың кәрі ата мен ананы, есін білмейтін баланы неміс қан ішерлері күн сайын өмірімізді аяусыз ойрандауда. Сондыктан біздің алдымызда тек бір ғана жол бар. Ол — күрес жолы. Басқа жол жоқ. Ал, кімде-кім туған селосына қайтып барғысы келсе де, күрестің басқа жолын таңдалап аламын десе де еркі өзінде.

Сол-ақ екен топ ду-ду сөйлеп кетті.

— Басқа жол жоқ!  
— Тек күрес! Ешқайда бармаймыз!  
— Үйымдастың күрес керек. Бастай беріңіз!  
— Партизан боламыз! — деген дауыстар бір адамың аузынан шыққандай.

Сөзін қайта жалғаған Гриша:

— Үйымдастың күрес қатал тәртіпті, бір ауыздылықты, бір адамның басшылығын талап етеді. Мен аудандық астырын партия комитетінің үйғаруы бойынша, партизан тобына командир етіп партия мүшесі Харитон жолдасты ұсынамын,— деді.

— Құп болады!  
— Дұрыс!  
— Райком ұсынысы — ұсыныс! — деп, қоштаған дауыстар толастар емес.

Гриша ағай тыныштыққа шақырып, қолын көтерді.  
Шу тыйылды.

— Сіздердің аттарыныздан астыртын аудандық партия комитеті атынан бүгінгі операцияны шағын топтың күшімен ойдағыдай жүзеге асырғаны үшін Харитон жолдасқа алғыс айтамын. Баршаңыза рақмет!— деп, сөзін аяқтаған Гриша ағай ымдал, Харитонды қасына шақырды.

Харитон ортаға шықты. Оның ақ құба жүзі алаулап, танадай мөлдір қара көзі от шашып түр еді. Досым үшін мені сол сәтте өзгеше бір куаныш толқыны биледі. Харитон сапта түрган сарбаздарды мейірімді қараспен шолып етті:

— Жолдастар, біз қазірден бастап әскери саптағы солдат сарбаздарымыз. Ұлы Отан үшін соққан жүрек ешқандай үрей мен қорқыныш, торғы мен тарығудан, налудан ада болуға тиіс. Өйткені біз еліміздің ары мен бостандыры үшін қан кешіп жүрміз. Демек Әділет біздің жағымызда!— деп, тамағын қырнап жөткірінді. Даусында ерекше тебіреністен туған толқын бар. Бүгінгі айқаста ерлікпен каза тапқан совет армиясының қатардағы жауынгері Петр Ивановтың рухына бас иіп, осы топ бір дүркін оқ атуын бұйырамын.

Сарт-сұрт ойнаған затвор, гұрс етіп атылған мылтық даусы естілді. Күмістей ақ қырау басқан қалың орман оқыс сілкініп қалды. Жау оғынан каза тапқан ұлының өліміне бір сәт аһ үрган айнала, іле тынды.

Аспанда жүқалаң ғана ақ шарбы бұлт бар. Ақ үлпек бұлттың ар жағынан толысқан айдың бозғылт сәулесі төгіліп, орман атырабын алажеуім нұрға малып түр. Үлкен алаңқайда түрган партизандар Харитонның сөзіне қайта үйідық.

— Жолдастар! Біз бақытымызды, жерімізді қорғау үшін күреске аттанғандармыз. Бұл — қын жол. Бірақ келешек біздікі. Қыннышылыққа төтеп берсек, жеңіс туы төбемізде желбірейді. Мен сендердің алдарында актық

демім таусылғанша. Отанымның бостандығы үшін күресте берік болуға аnt етемін! Неміс басқыншыларына өлім келсін!

\* \* \*

«Октябрь», «Революция» хуторлары мен «Н» қаласына немістер тағы еселеген күш төкті. Ашылмаған есік, тулақтай копарылмаған еден қалмады. Жазалаушы отряд біздің топтың сонынан тұсті. Ал біз орманға тереңдеп сіце бердік, сіце бердік.

1943 жыл да жетті. Талай сұрапыл шайқасты бастаң өткіздік.

Жау тылында партизандық күресті нәтижелі басқарғаны үшін Харитон жауынгерлік Қызыл Ту орденімен наградталды. Үлкен жерден келген қуанышты хабарды Гриша ағай отряд алдында оқып берген. Бәріміз де қатты қуандық. Ал Харитон үnsіз ғана басын изеп, өзіне тән жұмсақ жымиомен ризалық танытып еді. Сол күні мен оның алғаш рет өлең айтқанын естідім. Қазактың құлаққа жағымды әсерлі әнін баяу ырғақпен қоңырлата салып еді. Сондағы нұр шашқан қара көздердің өткір уыты әлі күнге жадымда.

— Андрей,— деп мені өзіне қаратты ол,— көзіме туған жерім елестеп кетті. Сағыныппын.— Сәл күрсініп, демін ішіне тартты.— Ұшы-қыры көрінбейтін мұхиттай далада туған айды көрдің бе, әрине, көрген жоксың. Біздің елде ай аспан көгінде ақ күмбездей жарқырап турады. Қол созым-ау! Қол созым! Элде менің бала сезімім бе екен сол кездегі, жок, расы солай... Сонда оның сәулесі әлемге шағылып, бүкіл кең дала боз кейлек кигендей боп көрінеді. Алыстағы тұнгі өрістегі жылқының пысқырып, кісінегені, көл бақаның күрілі, шілденің сыйбызы әні, өгіз шағаланың даусы сәби шағым өткен Мыс қаласындағы кішкене электр станция-

сынан шығатын гудок үніне ұласып естіліп, бірі — дала, бірі — қала келбетін еске салады. Қөшे бойын желліген анамның алақанындай жұп-жұмсақ майда желге, шіркін, бір кеудемді тосар ма едім! О, дариға, Мыс қаласы, эттең, алыстасың!— деп, сәл үнсіз отырды да,— менің туған жерімді, Мыс тауларын көрсөн таңданбасқа шараң да қалмас еді. Қөшпелі халықпаз фой біз. Бәлкім, ата-бабаларымыз болар, біздің жыл санауымыздан мындаған жылдар бұрын сол таудан кен қазып, мыс қорытыпты. Құні бүтінгө дейін сақталған алғашқы дәуір кеншілерінің өшпес тарихи ізінің өзі не тұрады. Әлденеше ғасыр бұрын жасампаз еңбектің балғасын соққан халыққа қалай ғана мақтанбассың!— деп, Харитон кекірегін қарс айыра дем алды.

Екеуміз мақпал түнде орман арасында серуендең жүрміз, отряд тыныстап үйқыға кеткелі қашан! Ептең үйқы айналдыrsa да, Харитонның әңгімесін қимай келемін. Айсыз түн. Аспандағы жүлдyz да бүгін тым жиі көрінеді. Анда-санда жарқ-жүрқ етіп, біресе ана тұстан, біресе мына тұстан үзілген жүлдзыздар моншақтай ағып түсіп жатыр. Харитон әңгімесін одан ары жалғастырды.— Мыс қаласы! Мыс таулардың арасына салынған ел мекені де сырт көзге алтын астау сияқты. Оны қоршаған тақиядай-тақиядай төбелер біріне-бірі жалғасып кең жазыққа қарай созылып кетіп жатады. Ол — бауырына қазына басқан мыс шоқылар. Сарыарқаның алтын алқасы. Егер сол шағын жұмысшы поселкесін түнде араласаң ше? Мыс таудың не екенін сонда көрсің. Эне, қарашы, аспанда миллион-миллион жүлдyz жарқырап тұрган жоқ па? Мыс таудың эр тасы айлы түнде саған осылай тіл қатады. Аяғының астында шашылып жатқан, тасқа басылған мыс шытыраны көрсөң-ау, шіркін! Төбенде айы мен жүлдзыздары сәуле шашқан, мол қазынаның үстінде тұргандай сезінесің сонда өзінді.

Қайран туған жер-ай! Тасыңа дейін сағындым-ау...—

Харитон биік ақ қайыңға арқасын сүйеді.— Эке-шешем ертерек өлді. Сонымнан ерген жалғыз інім екеуміз балалар үйінде тәрбиеленіп, тірі қалдық. Оқыдық, білім алдық. Адам болдық. Әттең, осы соғыс болмағанда...

\* \* \*

— Эне, Андрей қара! Қара! Құйрықты жүлдyz. Эй, өзі көкте бір жола ілініп қалғанға үқсайды, ә?— деп, Харитон иығымнан тартты. Элгі соргалған жүлдyz бізден әй дейтін жерге, орманның ішіне келіп құлағандай болды.

— Осы жүлдyzдар акласа екен,— деді біраздан кейін тіл қатқан Харитон сәл мұдайып.

1941 жылдың 22 іюні күні батыс шекарада әскери қызмет атқарып жүріп, сүйген қызы Наталья екеуміз түні бойы қыдырып, казармада қайтып келе жатқамыз. Кенет Наталья:

— Харитон, эне, екеуміздің жүлдyzымыз...— дей бергенде қарауым мүн екен, дүние астан-кестен болды да кетті. Төпеген бомба!.. Құшағымдағы Натальяның қайда кеткенін білмей қалдым. О, тағдыр! Мұндай да болады екен-ау!— Оның азалы даусы бойымды шымырлатып жіберді. Харитонның қолтығынан қаттырақ қыстым. Жертөлеге келдік. Қөзінде жарқ-жүрк от ұшқындаған ол ыңылдал, көкірек жарды бір әнді баяулата салды...

\* \* \*

Бір күні пистолетімді тазалап онаша отыр едім. Ка-сыма Харитон келді.

— Андрей, Самойленконы щақырып келші!— дегені. Васяны ертіп келдім.

— Вася, тез жинал. Андрей үшеуміз Гордей атаға барып қайтамыз!— деді Харитон.

Ымырт мана жабылған. Жұлдыздар самсап түр. Орманшының үйіне бірден кіре алмай, сырттан барлап торып жатырмыз. Қыбыр еткен жан дыбысы естілмейді. Эдег бойынша, бұл мезгілде сыртқа бір шығып, белгі беретін атай жер жұтқандай жым-жылас. Ел үйқтаған шақ. Күте-күте жалықты ма, бір кезде Харитон:

— Мен үйге кіремін. Екеуің екі босағаға таянып дайын тұрындар. Қатерлі жағдай болса пистолеттен оқ шығарамын,— деді. Элі тосудамыз. Элден уақыттан кейін үйдің есігі ашылып, жарқ еткен шырпының сәулесі ала-құла көрінді де, тез сөнді.

— Кіріндер,— таныс дауыс. Бірақ денені қарыған аяздай тым ызғарлы естілді. Ентелеп үйге кіріп келсек, орманшының ауызғы бөлмесі асты-устіне шығып жатыр. Анадай жерде кемпірі мен Гордей атандың жансыз денелері серейеді. Сирының емшегін кесіп, ауыздарына тығып кетіпті.

Харитон ерні кемсендеп дірілдей сөйледі.

— Қайран Гордей ата! Сенен де айрылып қалдық-ау!.. Қегінді алмай қоймаспыз. Бакұл бол, ата!— деп, оның мандаіына ернін тигізді. Қірпігінің үшынан сіркі-реген ыстық жас сұық мандаіға сырғанады.

Осы кезде:

— Бұл кім? Кім болсаң да бері кел!— деген жіңішке дауыс естілді. Біз автоматымызға жармасып, бір-бірімізге жалт-жалт қарастық. Элгі дауыс қайта шықты.

— Бері келіндер! Дауыстың қай жерден естілгенін білмей дағдарып қалдық. Үйдің ішінде көзден таса жер жоқ.

Төрге көнелеу үлкен кілем тұтылған екен. Соны ашып барып, құпия құсты көрдік. Қабырға қос қабатталып ағаштан өріліп, арасы ұрага айналдырылған. Сырттай қараған бөгде көз еш нәрсе анғараплықтай емес.

— Вася, сен сыртты бақыла, біз Андрей екеуміз,— дей берген Харитонның сөзін бөлген әлгі дыбыс қайта естілді.

— Харитон, сен, сенбі...ісің? Бұл ме...ен ғой,— деп, үзіліп кетті...

Біз сол түні ойламаған жерде мына Наталья Ивановны Гордей атанаң үйінен, үйінен емес-ау, үйдің бітеу қабырғасынан тапқан едік. Бірнеше айлар ауыр жарақаттанған Натальяны Гордей ата көп уақыт бағып, емде, енді қатарға қосар шағында өзі жау қолынан каза тапты,— деді Андрей тісін қайрап, қеудесін қолымен сипалап қынжылып отырып қалды. Әңгімеге Наталья араласты.

— Асан, мен соғыстың алғашқы күндерінде жаралып қалып, ес жиған соң, орманға қаштым. Міне, сол тунде әбден жүгіре-жүгіре қалжырап, өкпем өшіп далада талып жатқан жерімнен мені сол Гордей ата тауып алып, «Находка» деп атап кеткен еді,— деп туғанніңде.

Андрей сөзін қайта жалғастырды:

— Мен есім шығып кеткендей Харитон мен Натальяға қарап қалыппын. Екеуі де біріне-бірі шұрқырай үмтыйлды.

— Ха-ри-тон!— дейді қыз даусы.

— На-та!— дейді, үміт пен күдікке толы жігіт үні. Бірі — көктен, бірі — жерден шыққандай құшактасып қалған. Мен оларды ажыратпаймын да, сөз де қатпаймын. Есінен адасқан адамдай әрі қызығып, әрі мәнгіріп қарай берем. Көз алдындағы екеу, шынымен, кездескендеріне әлі де сенбейтіндей үн-түнсіз жабысып, енді құшактарын жазса, мына көрініс көздерінен ғайып болатындај ажырасар емес. Натальяның бүкіл тұла бойы қалш-қалиш дірілдеп, жұмылған көзінен күмістей мөлдір жас тамшылары ытқып шығыпты. Харитон қызының көз жасын, алақанымен сипалап, тіл қатпастан құшына қыса түседі.

«Расында, осы менің өңім бе?» деп те ойлаймын. Қандай кездесу еді десенші! Өрт пен оттың арасында тағдырың кейде сондай да бір аяулы шақ сыйлайтын кезі болады екен...

Бір кез тамағымды қырнадым.

— Харитон! — деймін, үнім шықпайтын сияқты. Тамағым құрғап калыпты.

Натальямен біз осылай ойда жоқта табыстық. Бірін-бірі жоғалтқан, бірі-бірін сүйген екі жас осылайша ойда жоқта кездесті...

Сол күні Гордей атадан біржолата айрылсақ, Наталья — Находканы қайта таптық.

Арада тура он ай өтті.

Партизан десе немістердің тәбе шашы тік тұратын кез — бұл. Ойламаған жерден тұтқылдан тап басып, диверсиялық әрекеттерді барынша мол жасауға әбден машықтанып алғанбыз. Ақыры, немістер де шыдамады білем. Астыртын хабар бойынша бір полкті партизандарға қарсы шығармақшы болғанын естіп қалдық. Бірақ ол операция қашан, қай жерден басталатыны белгісіз еді. Отряд енді дайындықты күшейтіп, алдағы айқаста женіске жету үшін құрделі жоспар жасап жаткан. Бір күні отряд кезекшісі Насреддин Юлдашев келіп, мені отряд командиріне шакырып әкетті. Келсем, Омарбеков, Новиков, Самойленколар Харитонның алдында тұр. Астыртын аудандық партия комитетінің бірінші секретары Гриша ағай да осында екен. Бұрынғыдан шашы да едәуір ағарып, сақал-мұрт қойған ба, тұрі сұстанып көрінді. Мен өкшемді өкшеме тигізіп, қолымды шекеме қойып, тік тартылып сәлем бердім.

— Ал, Харитон, жігіттерің түгел жиналса, тапсырманды айтып, тезірек аттандыр,— деді Гриша ағай.

Харитон әрқайсымызға ойлы қара көзін кезек-кезек төңкеріп, біраз отырып қалды. Әлденеге қатты қобалжығанын сезіп тұрмын. Аздан соң ол орнынын тұрып, гимнастеркасын жөндеп, портупейін иығына қарай

түзел, жертөлөні адымдай басып олай бір, бұлай бір кесіп өтті де, бізге қарсы келіп, бетпе-бет тоқтады. Баяу күрсініп қойды.

— Жігіттер, сөзді көп созуға уақыт тар. «Н» қаласындағы гарнizonнан тіл әкелу аса қажет. Бар үміт — сол тілде. Сол үмітті төртеуіңе, сендерге артамын,— деді.

— Құп болады! — дедік біз бір ауыздан. Харитон үн-түнсіз құшағын аша берді. Кезек-кезек бетімізден сүйіп: «Жолдарың болсын» деп, қолын ұсынды. Сондағы оның көзінен бізге төгілген мейірім шапағаты әлі де маған үшқындалп тұрған сияқты.

«Н» қаласы алдымызда аяқтағы астай көрініп жатыр. Орталық көшеде қадау-қадау шам жылтырайды. Гарнizon үйі алдында қарбалас, кіріп-шығып жатқан адамдар. Бір жақтан женіл машина келіп тоқтады.

Біз арамызда он бес-жырыма метрдей қашықтық сақтап жеке-жеке қалаға кіріп келеміз. Ені тар көшемен гарнizon үйіне сұрынып, таянып қалдық. Құзетшінің көзі көретіндегі жерде төртеуміз бір бұрышқа ніріліп тоқтадык.

— Ал, не істейміз енді?

— Не істейтініміз беймәлім.

Уақыт зымырап өтіп барады. Таң атпай «тілді» алып орманға еиіп бой жасырмасақ, онда жағдай киын болады. Ал әзір «тіл» көрінер емес. Осы дағдарыста тұрған бізге қарай бір мотоцикл ағызып келе берді. Үстінде алламсадай неміс офицері бар. Жол біз тасалап тұрған үйді іргелеп, оралып өтетін.

— Осыны аламын кеңірдектен,— деді Вაся.

Жауап қатуға да үлгермей қалдым. Қасымыздан өте берген мотоциклге қарай Вася барытай атылды. Эни ұмар-жұмар астына ала құлады. Мотоцикл дарылдаپ жатыр. Моторын тез сөндірген Сыдық мотоциклді қара көлеңкеге қарай сүйретіп әкетті. Вася, Новиков үшкеуміз жалма-жан офицердің қаруын алып, аузын

тығында, қолын артына байлап таstadtық. Лейтенант шеніндегі соқталдай неме екен. Енді жүруге келгенде, үйелеген сиырдай аяғын баспай жатып алды. Көзі алақтап шығып барады. Қозгалар емес.

Осы қысылтаянда Вася жол тапты. Әрқайсысы бір-бір пүттай онын қарулы қолы желкесіне тигенде, тәубесіне тез келген офицер тақырда желген тайлақтай бұлкектей жөнелді. Сыдық кендір арқанды мойның салып, немісті түйеше бүйдалап алыпты.

... Орман іші өз үйіндегі ғой, шіркін, ондайда. Жанжабымызға қарай-қарай енді қатерлі ауданнан шықтық-ау деп, жуан ақ қайыңың түбіне отыра кеткенбіз. Вася әлгі немісті тулақша алып ұрып жатқызып қойған. Таң сарғайып, елец-алаң бола бастаған шақ. Кенет.

— Т-с-с! — деп Сыдық бұға қалды. Біз де еңкейдік. Еш нәрсе естілмейді. Құлағымыз елеңдеп тың тыңдан жатырмыз. Сыдық болса алға қарай еңбектеп кеткен. Қөп ұзаған жок барған жерінен қайта оралды. Қолында әлі сөніп болмаған темекі тұқылы.

— Менің құлағым алдамаса, осы жақын жерде аяқтықыры естіледі. Міне, жаңа тартқан темекі тұқылы, әлі оты да сөніп болған жоқ. Меніңше, сол иттер ғой қазір папирос тартатын. Енді олардың көзіне түспеу үшін сәл қыстау жүргеніміз дұрыс болар! — деді. Ал біздің қолға түсірген итіміздің екі көзі темекі тұқылында. Бірдене сезетіндей тесіле қарайды. Үрғалып орынан түргысы келеді. Вася алара қарап еді, қайтадан жым болды.

Еңбектеп солға қарай ойыса жылжып келеміз. Екінші шақырымдай ұзадық. Енді осында жер жүрсек, қауінті маңай артта қалады. Ал одан әрі немістер желкелесең де орманға кірмейді.

Қауіпті шектен де өттік. «Тілді» алдымызға салып, барынша қатты жүріп келеміз. Орман іші қазір құлақ-қа ұрған танадай, тырс еткен дыбыс жоқ. Вася ыныл-

дап, кейде естірте : «Шел в борьбе воевой восемьнадцатый год», — деп әндептіл келеді. Әркім өз ойымен әуре. Лагерь көп болса екі-уш шақырым жер. Қөңіл сергек. Әсіресе олжалы қайтқан шақта партизан өмірі мейрамғой. Дүшпаныңа қандауыр қадап, алысқаныңды алып үрудан басқа соғыстың заны болмайды.

Кенет тәбемізден дарылдап төмен үшқан самолет көрінді. Қас қағымда бүкіл орман, лагерь тұрган аудан қап-қара түтінге көмілді де кетті. Аспанға жалын атып лапылдаған өрт пен жемтік көрген құзындаш шүйілп төнген қара кресті самолет дүниені бір уыс қылып жіберді.

Бар күшімізді бойымызға жинап асығыс жүріп келеміз. Орман арасының қау шебі де тізе қағып аяққа желімдей жабысады. Екі көзіміз алда. Тезірек лагерьге жету. Аспан әлемі қорда жауғандай қарауып көзді байлап барады. Манағы-манағы ма, атыс күшіне түсті. Сарнап соққан жел мен атылған мылтықтың даусы, тускен бомбаның сұылы бәрі-бәрі азынай жамырап орман іші құніреніп кетті. Не болса да партизандар орналасқан лагерь маңында болып жатыр. Тарап қалдық. Немістердің де барпылдаған даусы шығады.

Біздің адамдардың қарсы шабуылға шықкан үні естіледі. Тәбемізден оралып өткен жау самолеті үсті-үстіне десант тастап жатыр. Айнала тегіс атыс, қопарылыс... Біз де ұрыс шебіне келіп жеттік-ау. Борашан октан бас көтере алмай еңбектеп келеміз. Бір кез Василий басын көтере беріп:

— Андрей, алдымызда немістер! — дегені.

Қарсы тегеуінге шыдамай қорғаныска көшкен не-містердің желке тұсынан келіппіз. Жиырма-отыз адам шеп құрып, оқты төгіп алға жылжып барады. Арамыз тым жақын. Арғы беттен атылған оқ та сондай толассыз. Соны көрдік те жаудың желке тұсынан біз де оқты төгіп бердік. Ойламаған жерден қос қыспаққа тап болған жау тобының астан-кестені шықты. Желкеден

соғылған оқ қылышына төтеп бере алмаған жау табанда жер құшты. Бірақ атыс тоқталар емес. Лагерьдің терістік шығысындағы айқас бүрінғыдан да үдей түсті. Миномет оғы ыскырып, лагерьдің үстінен үрғылап жатыр. Бірі бізге жақын түсіп, Вася мен Сыдықты ауыр жарапалап кетті. Самойленконың аунап түскенін көзім шалып қалып еді. Сейтсем, есіл ер, батыр жүректі абзал дос өмірден біржола көз жұмған екен. Тілге де келмеді. Осы ауыр сын сағатта қанды көйлек достарымнан қапыда ажыраған мен алпамсадай болып, көзі жаутаңдай қасымда жатқан немістің офицерін атып таstadtым. Сыдықты көтеріп алып, Новиковтың қорғауымен ілгері жылжып келемін. Траншея қол созым жерде. Бірақ оқ — нөсер. Неше жылғы жан баспаған қау шөпті шалғыдай қырқып, ағаш діңіне кірш-кірш қадалды. Осы сәтте өмір маған қып-қызыл қан ішіндегідей көрінін кетті. Шөлдеп өліп барамын. Жантайып жатып, жол құтыдан су жұта бергенімде, қолымдағы құты біреу қағып жібергендей үшып түсті. Қарасам буйірін оқ тесіп өтіпти.

Қырылдаған дауыска жалт қарасам, кеудесін алақанымен басқан Новиков шалқалап құлап барады екен. Оқ бораны басылар емес. Траншеяға жаралы Сыдықты жатқыза салып, алға жүгірдім.

— Атысты тоқтатындар! — деген Харитонның даусы жетті. Жау таянсын! Қарасам Харитон пулемет тұтқасына жабысып қалыпты. Топырақ пен шаң аралас қара қошқыл беті айбақ-сайбақ. Басын таңып алған. Жарақаттанған сияқты. Оның қасында пулемет дискасын дайындал Наталья отыр. Басым күшпен немістер тағы да шабуылға шығып ентелей өрекпіп келеді. Тоқтар емес, кідірер де емес. Бір кез дүркірей үмтүліп лап қойды.

— Атындар! — Харитонның даусы саңқ етті. Оқ нөсері немістерді баудай турады. Дауылдан жапырылған шалғындаі сүр киімді тобыр кері серпілді. Бірақ әлі де

Фрекпуін тоқтатар түрі жоқ. Жайраған өліктерін тасалап, алға қарай қайта жылжиды.

— Эр оқты унемдецдер. Мүмкіндігінше гранатаны пайдаланыңдар. Граната жұмсауға таянсын! — деп, Харитон пулеметін кәрі еменнің түбіне қарай сүйрей жөнелді. Элгі тұстың алды биік, арты еніс. Құн көзі қызырып, орман ішін қызыл жалқын басты. Аспаннан қан тәгіліп түргандай. Лагерь орны түтінде жанып, қызыл ала көйлек кигендей әлі де лапылдан жатыр.

— Дайындал! — деді, көзінен от шашқан Харитон, — Наташа, пулеметтен жаудың сыртын ала оқ жаудыр!

Өзі жүгіріп траншеяға келді. Жау тіпті жақын таяп қалған. Құлаш жетер жер.

Осы кезде пулемет сақылдан ойнап кетті. Ойламаған жерде ту сырттан үрган пулемет оғына тап болған дұшпан етпеттеп жата-жата қалысты. Жаудың баар жері де жоқ еді. Соны сезген Харитон траншеядан атып шығып, уралап автоматтан ең соңғы оқты төгіп, селдіреп қалған жауынгерлерді бастап алға ұмтылды. Енді ұрыс қолма-қол шайқасқа көшті. Кейін жәнкіле қашқан солдаттарын қайта көтерген қос кресті неміс офицері осы кезде пистолетін Харитонға қарай көздей берді... Андрей сәлғана тыныс алды. Төбе шашымда дейін шымырлап, Андрейден көзімді алмай отырмын. Ол сезін қайта жалғады. — Харитонды атып қалды. Жау тағы атты! — деді Андрей алабұртып. — Бірақ оны Харитон көрді ме, көрмеді ме, оның оғы даңыды ма, дарымады ма білмеймін. Автоматтан оқты боратып, ілгері басып бара жатқан Харитон жығылған жоқ. Оның соңынан іле жүгіріп келе жатқан мен автоматымды неміс офицеріне қарай бұрып жібердім. Ол пистолетін көтерген бойы тенсесліп барып шалқасынан түсті...

Жау шегінді. Бірақ зенбіректен бораған бомба бас көтертер емес. Жердің кыртысын копарған бомба мыңың жарықшақ атып, кара жер боздап кетті. Ішегін тартып ысқырып келіп гұрс етіп, лап ете түседі. Соңғы

бомба Харитон, Наталья — үшеуміз жатқан траншеяға жақын ұлкен еменге түсіп, оның тамырын сөгіп, дінің быт-шыт етіп ырситип кетті.

Құлағыма шар еткен сәби даусы естілді де, енді Натальяға бұрыла бергенімде, түсі онып, айбарлы манда-йында қан жосып, қеудесін көтере бере құлап баражатқан Харитонға көзім түсті. Өз тәніпен енді ғана бөлінген сәбіне де қарай алмай Наталья жанталаса оған ұмтылған.

— Харитон, Харитон! Жаңым,— деп, оны құшақтай берді. Мен де жан дәрмен асығыс қимылдаپ, басын сүйеп, бинтпен байлай бастадым. Аяғымыздың астында жаңа туған сәби інгәлап жатыр. Ол аспанын өрт, топырағын оқ жайлайған орманға өзінің тұңғыш інгәсін, ең алғашқы даусын естірте жылады. Күн тасаға түсіп, орман іші қара көлеңкелене бастаған. Нәрестенің алғашқы даусы қоңыр кешке ұласып, қарғыс атқан соғысқа лағынет айтып жатты сонда.

— Басымды көтерші,— деді, бір есін жиған шағында Харитон. Жаңа туған сәбидің кіндігін кесіп, гимнастеркама орай салып, мен де оның қасына келдім. Иығыма сүйеніп, аялы қара көзін төңкеріп, жан-жағына толғана қарап:

— Андрей, Наташа! Балам сендерге аманат! Менің туған еліме сәлем айтындар. Туған ел үшін қанды көз жаумен айқаста...— ол сөзін аяқтай алмай, талып кетті. Қабағынан жіпсір тер білінді. Аз-кем уақыттан кейін көзін қайта ашып, тың тыңдағандай жатты да:

— Нәресте даусы ма? Ұл болса — Жеңіс, қыз болса — Фа...и...— Бұдан кейін ол тілге келе алмады,— деп, Андрей сөзін аяқтады.

\* \* \*

Журегім дүрс-дүрс соғып аузыма тығылды.

— Фа...и...— деп, үзіліп кетті дейсің бе!— деп, мен

Андрейдің қолынан ұстай алдым.— Женгемнің болғанын хаттарында жазрансың. Бірақ артында бала қалды деп жазбап едің ғой. Жасырғаның ба?

— Жоқ, жасырғаным емес,— деп күлді Андрей.— Ол бала бар ма, жоқ па соған көзім жетпеді. Сонсоң сені әуреге салмайын деп...

— Ал қазір ше? Бар ма, жоқ па, білесің бе?— деп өрекпідім мен.

— Білемін, бар.

Мен шыдай алғамын жоқ, атылып барып Андрейдің мойнына асылып, бетінен сүйдім.

— Қайда ол? Қайда қазір?!

— Шешесі Москвада тұрады. Өзі осында дәрігер көрінеді.

— Сәбидің атын Фания қойып па едіңдер.

— Иә...

— Мен ес-түстен айрыла жаздап, өзімді емдең жүрген дәрігеріме қарай жүгірдім.

Иә, ағайымның өзі де, көзі де тірі екен...

## МАЗМУНЫ

ШАҚПАК . . . . . 3  
АФАЙЫМНЫҢ КӨЗІ . . . . . 73

Апбаз Каражигитов

КРИСТАЛЛ

*Повести*

(На казахском языке)

Редакторы Т. Алишибаев

Суретшісі К. Бекжанов

Көркемдеуші редакторы А. Тіленшинев

Техникалық редакторы Г. Ақынова

Корректоры Н. Исадекова

ИБ № 2373

Теруге 21.07.83. жіберілді. Басуға 16.11.83. қол қойылды. УГ 19187. Форматы 70×108<sup>1/32</sup>. Қағазы № 2. Қаріп түрі «әдеби». Шығындық басылыш. Баспа табагы 3,38. Шартты басна табагы 4,73. Есептік басылұт табагы 4,84. Тиражы 10 000 дана. Заказ № 2731. Баспасы 30 т.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің «Жадын» баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай проспекті, 143-үй.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетіне қарасты «Кітап» полиграфиялық көсіпорындары өндірістік бірлестігінің Полиграфия комбинаты, 480002, Алматы қаласы, Пастер көшесі, 41-үй.